

# БҮЛІК ҚАРАҢҒЫЛЫҒЫНДА АДАСЫП ЖҮРГЕНДЕРГЕ ЖОЛДАУ

БІРІНШІ БӨЛІМ



Ринат Абу Мухаммад

toislam.ws сайты: 1439 / 2017



**К ИСЛАМУ**  
ЗНАНИЯ ПРЕЖДЕ СЛОВ И ДЕЛ

КҮМӨН-ШҮБАЛАРҒА БЕРІЛГЕН  
ЖАУАПТАРДЫҢ, НАСИХАТТАРДЫҢ ЖӘНЕ  
ПАЙДАЛЫ СІЛТЕМЕЛЕРДІҢ ЖИНАҒЫ

## АЛҒЫСӨЗ

---

Әлемдердің Раббысы Аллаһқа мадақ! Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасына, сахабаларына әрі Қиямет күніне дейін олардың жолынан қатаң ұстанып, соларға таза жүректерімен ілескендерге Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын! Біз Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне куәлік етеміз әрі Мухаммад – Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік береміз.

Аллаһтың мейірімен «К Исламу» жобасы 18 жылдан астам уақыт бойы жұмыс істеуде, әрі осы уақыт ішінде оның мұрағатында наным-сенім (ақида), әдіснама (манхаж), фикх және бүкіл болмыстың Жаратушысы түсірген ең соңғы дін - асыл дініміз Исламның адамгершілік құндылықтарына қатысты мәселелері түсіндірілген едәуір үлкен көлемдегі материалдар жиналып үлгерді.

Жобаның мұрасындағы кітаптарды, мақалаларды және аудиолекцияларды оқып тыңдап шығу үшін жай ұзақ уақыт қана емес, бәлкім аса үлкен ынта-ыждағат пен сабырлық қажет болады. Бұл ғажап емес, өйткені сайттың материалдарында қамтылған нәрсе – бұл негізі Құран мен сахих Сүннет, сондай-ақ басы сахабалардың, ал соңы қазіргі заманның танымал ғалымдарынан шыққан атақты имамдардың сөздері болған БІЛІМГЕ қатысты ғой.

Міне, дәл осы, яғни өз ой-тұжырымынан сөйлемей, тек Ислам діні туралы білімнің негізгі сенімді дереккөздерін араб тілінен орыс тіліне аудару (мейлі олар Құран тәпсірлерінен кітіптар, немесе хадис жинақтары, немесе ғалымдардың әлдебір мәселелер бойынша еңбектері мен пәтуалары болсын), – «К Исламу» жобасының бастауында тұрған және кейіннен оларға қосылған адамдардың түбегейлі ұстанымы болып табылады.

Бәлкім, сондықтан болар, ал бұл туралы білім тек бүкіл нәрсені Білуші Жаратушыға тән, жобаның материалдары тек орыс тілді мұсылмандардың арасында ғана емес, өзге тілдерде де кең таралып, мұсылмандарға көп пайдасын тигізуде.

Аллаһ Тағаладан осы материалдарды пайдаланатындардың және оларды мұсылмандардың арасында тарататындардың барлығына пайдалы етуін сұраймыз!

Өкінішке орай, «К Исламу» жобасының бүкіл іс-әрекет жүргізуінің барысында оның айналасында түрлі сыбыс сөздер, күмәндар мен сақтандырулар жүрді, және олар әлі де жүруде. Олардың негізгі мақсаты – орыс және өзге тілді мұсылмандар арасында материалдардың өздерін де, оларды шығаруға және таратуға еңбек қосқан тұлғаларды да қаралап, беделін түсіру.

Осы «теріске шығарулар» мен «сақтандырып ескертулердің» кейбір талпыныстары жымия күлуден басқа ешнәрсе туғызбайды, өйткені білімгерлер мен ғалымдардың арасында аттары да, заттары да белгісіз әлдебіреулерден шығуда. Әрі тіпті олардың аттары мен куниялары белгілі болса да, шариғи білімдері, егер ол оларда болса әрине, ешкімге белгісіз.

Жобаның және оның қатысушыларының беделін түсіру және оларды қаралаудың басқа талпыныстары адасқан секталар мен ағымдардан келіп шығады, бірақ олардың мәлімдемелерін Құран мен Сүннеттегі негіздерге, әрі оларды түсіндіріп беретін атақты ғалымдарға оралу арқылы оп-оңай-ақ теріске шығаруға болады.

Үшіншілері, әрі бұл ең ауыр тиетіні, - бұл өздерін мұсылмандардың алғашқы салиқалы ұрпақтарының жолы болып табылатын дұрыс манхажға телитін, ислам жоғары орындарын бітірген жас білімгерлер және олардың соқыр ілесушілері. Қарапайым адамдарға Біркұдайшылық, Сүннет және рухани-адамгершілік тұрғыдан өсіп-

даму туралы білімдерді жеткізудің орнына, олар дінге шақыруға әйтеуір қатысы барлардың арасында «қателіктер» ақтарумен, сенімсіз сыбыс әнгімелерді жинап таратумен, ап-ашық жала жабумен және алауыздық тудырып таратумен айналысуда. Оларды не басқаратынын және жүректерінде не барын тек Аллаһ Тағала ғана шынайы түрде біледі, бірақ олардың іс-әрекеттерінің нәтижелері мен салдарынан бұл топтың негізгі мақсаты – пайғамбарлық дағуатты қирату және қарапайым адамдарды білімнен алыстату екені көрінуде. Олардың жасап жатқандарының әсері Исламды ішінен бұзуға талпынып жатқан екіжүзділер мен кәпірлердің амалдарымен салыстыруға келеді. Әрі бізге бұның кесірінен тек Аллаһтан пана тілеу ғана қалып тұр!

Бұл еңбекте интернет жүйесінде таралған жалпы «К Исламу» жобасына да, онда жұмыс істейтін адамдарға да қатысты шұба-күмәндардың дерлік барлығына жауаптар бар. Мұнда сондай-ақ көлемі бойынша шағын, бірақ өте маңызды, әрі олар арқылы Аллаһ Тағала ақиқатты ізденушілерге солардың себебімен тыныштық әрі ақылдың парасаттылығын сыйлауы мүмкін болған насихаттар да жинақталған.

Аллаһ Тағаладан барлығымызға ақиқатты ақиқат етіп, ал өтірікті өтірік етіп көрсетуін, әрі бізді тура жолмен жүргізіп, табандарымызды Оның дінінде мығым етуін, және Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетінде бірқұдайшыл болып өлуімізді нәсіп етуін, сондай-ақ бізді Өзінің Жәннат бақтарына кіргізуін сұраймыз! Әмин!

Осы жолдауды оқитындар үшін шынайы ықыласты дұға-тілектермен  
Аллаһтың рахымына мұқтаж «К Исламу» жобасы редакциясының  
қызметкерлері.

1439 /2017 ж.

# Кіріспе

---

Бүліктер мен келіспеушіліктер кезінде көпшілік адамдар әлдебір жағдайларда не істеуін, не ойлауын, кімді тыңдауын білмей жатады. Бұл қорқыныштар мен күмән-шүбалар ең бірінші кезекте білімнің және дұрыс түсініктің жоқтығынан пайда болады.

Аллаһ Тағала Өзінің соңғы Кітабы – Құранда не істеу керек екеніне былай деп нұсқайды: **«Егер білмесеңдер, ескерту иелерінен (яғни ғалымдардан) сұраңдар»** («ән-Нәхл» сүресі, 43 аят).

Ғалымдар Исламда өте маңызды және ұлы орынға ие, өйткені олар - Аллаһ Тағала солар арқылы осы дінді сақтап қорғайтын адамдар. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дейтін: *«Бұл білімді әр ұрпақтан әділеттілер алып жүреді, олар оны асыра сілтеушілердің бұрмалауларынан, адасқандардың қоспаларынан және надандардың тәпсірлерінен сейілтіп-қорады»*. Әл-Байхақи 10/209, әл-Хатыб 1/29. Бұл хадис бірін бірі күшейтетін көптеген жолдармен жеткізіледі. Оның сахихтығын Ахмад, әл-Ләләкаи, хафиз Ибн 'Абдул-Барр, әл-'Уқайли, имам Ибн әл-Уазир, әл-Қасталәни, әл-Әлбани және 'Абдул-Қадир әл-Арнаут растаған.

Бұл арнада атақты ғалымдардың, Аллаһтың қалауымен, шынайы ықыласпен толғанатындардың жүректерін тыныштандыратын және ақыл-саналары таза және ақиқатты іздейтіндерге ой шолуға азық беретін жауаптары жинақталған! [t.me/otveti\\_uchenih](https://t.me/otveti_uchenih);  
[https://t.me/galymdardyn\\_zhauaptary](https://t.me/galymdardyn_zhauaptary)

Бұл жинақтың бетін ашқан әрбір кісіден төменде айтылатын сөздерді оқудан бұрын жоғарыда аталған арнада жарияланған барлық таспаларды көріп, тыңдап шығуын сұранамын. Бұл осы еңбекте келтірілген насихаттар мен теріске шығаруларды әділдікпен қабылдауға көмектеседі... *Бауырларыңыз Ринат Абу Мухаммад.*

# Өзіңнің қолыңнан келмесе, басқаға кедергі жасама

---

Бір араб ақыны мына жақсы сөздерді айтқан екен:

من اللوم أو سدوا المكان الذي سدوا      أقلوا عليهم لا أبأ لأبيكم

«Оларды сөгуді доғарыңдар, әкелеріңнен айырылғырлар,

Немесе (олардың орнына) олар істегенді істеңдер!»

Біз осы сөздерді өзінің игілігімен немесе жақсы істерімен белгісіз болған, әрі біраз жылдардан бері білім талап етіп, оны орыс тілді мұсылмандар арасында таратып жүрген, өздерінің еңбектерімен және аудармаларымен танылған бауырлардан адамдарды сақтандырып жүргендердің әрбіріне жолдағымыз келеді. Оларды тыныш қойыңдар, немесе олардың істегендерінен бір нәрсе болса да істеңдерші.

Әрі Зәм-зәмға дәрет сындыру арқылы атақты болуға ұмтылмаңдар.

## «Кімді тыңдау, кімді тыңдамау керек?»

---

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның Раббысы былай дегенін жеткізді: **«Әй Менің құлдарым, МЕН ТУРА ЖОЛҒА САЛҒАНДАРДАН бөлек, сендердің барлығың АДАСҚАН (едіңдер). Ендеше, Менен өздеріңді ТУРА ЖОЛҒА САЛУЫМДЫ сұраңдар, әрі МЕН СЕНДЕРДІ (соған) САЛАМЫН!»** Муслим 2577.

Бұл хадисте біздің кезімізде:

- «кімді тыңдап, кімді тыңдамау керек?»,
- «кімге сеніп, кімге сенбеу керек?»,

— «қай сайтқа кіріп, қай сайтқа кірмеу керек?»,

деген сұрақтармен мазаланып жүрген сәләфи бауырларымыз бен әпке-қарындастарымыздың сұрақтарына жауап қамтылған.

Бұл сұрақтардың барлығына жауап осы ұлы хадисте қамтылған!

Ең бірінші кезекте істеу қажет болған нәрсе – бұл ең алдымен біреуге телефон соғу немесе пәленнен сұрау емес, ең алдымен Аллаһқа: «Мені тура жолға сала гөр», - деп дұға етіп жалбарыну.

Әрі осыны іс жүзінде қолданып жүргендер нендей аз, ал адасқандар нендей көп десеңізші!

Ал мұның барлығы ТАУХИДТІҢ әлсіздігінен.

Аллаһқа деген иманның әлсіздігінен.

Оның құдіретіне деген әрі Ол сұраушының дұғасына жауап береді деген сенімнің де әлсіздігінен!

ТАУХИД, Аллаһтың құлдары, ТАУХИД!

## «Айналадағылардың барлығы осылай деп жатыр» деген уәжбен әлдебір нәрселер айтып жүргендерге жолдау

---

Аллаһ Тағала былай деді: **«Көктер мен жердегілердің әрқайсысы Аллаһқа құл болған күйінде ғана келеді. Расында, Аллаһ оларды бір-бірлеп түгендеп, санын біледі. Сондай-ақ олардың барлығы Қиямет күні Оған жеке-жеке келеді»** («Мариям» сүресі, 93-95 аяттар).

Бұл аятта тобырға ілесушілерге ескерту бар. Қиямет күні әрбір адам Раббыға жалғыз болып келеді. Тобыры оған көмектеспейді.

Әрі қаншама бауырлар мен әпке-қарындастар айналадағы біреулер әлдебір нәрселерді айтып жүргендігі себепті соны айтып жүр емес пе? Тек олардан ерекшеленбеу үшін ғана! Тек өзгелер онымен қарым-қатынастарын үзіп, бойкот жасамаулары үшін ғана!

Әлеуметтік эксперимент:

Темір тор. Ішінде бес маймыл. Төбеге бір бума банан іліп қойылған. Бума астына саты қойылған. Қарны ашқан маймылдың біреуі банандарды алуға деген айқын көрінетін қалауымен сатыға жақындады. Ол сатыға тиіп кеткен сәтте сіз шлангамен **БАРЛЫҚ** маймылдарға өте мұздай су шаша бастайсыз. Біраз уақыттан соң басқа бір маймыл бананмен тамақтану талпынысын жасап көреді. Сіздің тарапыңыздан тура сол әрекеттер қайталанады.

Суды өшіріп қойыңыз.

Үшінші маймыл аштықтан құтырып, банандарды алып жеуге талпынады, бірақ басқалары мұздай душтың қайталануын қаламай оған жармасып, тоқтатуға тырысады.

Ал енді бір маймылды темір тордан шығарып, оны жаңа маймылмен ауыстырыңыз. Ол банандарды көрген сәтте-ақ оларды алып жеуге ұмтылады. Өзінің қорқынышына ол өзіне тап берген басқа маймылдардың ашу-ызалы тұмсықтарын көреді. Үшінші талпыныстан соң ол өзі үшін бананға қол жеткізу мүмкін емес екенін түсінді.

Ал енді темір тордан алғашқы бес маймылдың тағы біреуін шығарып, торға жаңасын кіргізіңіз. Ол енді банандарды алуға талпынған сәтте қалған маймылдар оған барлығы бірдей тап берді. Бірінші ауыстырылған маймыл да оларға қосылды (әрі тіпті осыда ерекше ынта танытты).

Осылайша, барлық маймылдарды бірте-бірте ауыстырып, сіз темір тордың ішінде оларға ешқашан су шашылмаған, бірақ олар ешкімге бананды алуға жол бермейтін бес маймыл болатын жағдайға келесіз.



Не үшін? Өйткені бұл жерде осындай үйірлік әдет-ереже орнатылып қалды.

Маймылдарға ұқсамаңдар, бұл олардың бойындағы инстинкт ғой!

## Аллаһ сенің істегендеріңнің барлығын түгендеп сақтап қойды!

---

Аллаһ Тағала былай деді: «Сол күні Аллаһ оларды тұтас тірілтеді де, **НЕ ІСТЕГЕНДЕРІНЕН ХАБАРДАР ЕТЕДІ. Аллаһ мұны ТҮГЕНДЕП САҚТАДЫ. Оны өздері ҰМЫТТЫ**» («әл-Мужәдила» сүресі, 6-аят).

Қанша адамдарды ренжіткенің және қалай ренжіткенің есіңде ме?

Қанша рет ғайбат айттың?

Қанша рет адамдарды балағаттадың және қалай балағаттадың?

Қанша адамдарды әділетсіз ұрып-соқтың?

Адамдардан қанша нәрсе ұрладың?

Олардан қанша нәрсе тартып алдың?

Қанша, қанша, қанша ....

Олай емес пе?!

Бұл адамдар ұмытқан шығар.

Ал Аллаһ **ҰМЫТПАЙДЫ**, әрі барлық нәрсе үшін **ЕСЕП АЙЫРЫСУ** болады. Әрі есеп мал-мүлікпен емес, игі амалдар және күнәлармен жасалады. Алдымен бұл адамдар сенің игі амалдарыңды алып қоюдан бастайды, ал кейінінен саған өздерінің күнәларын беруге кіріседі.

# Үкім шығаруға және қорытынды жасауға асықпа!

---

Умм Сәләманың сөздерінен, Аллаһ оған разы болсын, бірде Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқаны жеткізіледі:

*«Ақиқатында, мен тек адаммын, ал сендер менің алдыма тартыстарыңмен келесіңдер. Әрі сендердің әлдебіреуің өз дәйектерінде басқа біреуңе қарағанда сендірерліктей болып, сол кезде мен естігендерімнің бір бөлігінің негізінде оның пайдасына үкім шығаруым мүмкін, алайда шындығында мен оған ОНЫҢ БАУЫРЫНА ТИЕСІЛІ нәрсені үкім етіп берген адам, өзіне (Тозақ) ОТЫНЫҢ бір бөлігін үлестіріп бергенімді БІЛСІН!»* Әл-Бухари, Муслим.

Бауырлар бір-біріне теріске шығарулар жазып жүрген біздің кезімізде, міне, дәл осылай.

Көптеген адамдар үшін кім өз дәйектемелерінде шешендеу болса, соныкі дұрыс. Әрі бұл өте жаман! Өйткені оның шешендігі оған бұл дүниеде көмектесе де, бірақ, егер оныкі дұрыс емес болса, оны Оттан сақтай алмайды.

Ал енді екінші тарапты мүлдем тыңдамайтындар туралы не айтуға болмақ? Өйткені бірінші тарап: «Егер олардың дәлелдерін оқитын болсаң олар саған күмән-шұбалар салып тастайды, сондықтан олардың дұрыс емес әрі жаман екендігі туралы біздің шын сөзімізге әшейін сене сал», - деп алдын ала ескертіп қойды.

Ендеше, өзінің ескі досының пікірін ол тек оның досы болғандығы себепті ғана дұрыс деп, ал қарсыластың досын, ол сәләфи болса да, тек

ол оны жеке танымайтыны себепті дұрыс емес деп санайтын адам туралы не айтуға болмақ?

Ал енді кімдікі дұрыс, ал кімдікі бұрыс екені жайлы үкім шығару үшін тиісті білімдері жоқ бола тұра, біреудің жағына табан тіреп тұрып алып, өздерімен келіспейтіндерді бойкоттайтындар туралы жалпы не айтуға болмақ? Әрі мұндайлар көпшілік. Бұл анық хизбия (партияшылдық) емей не?

Бір сөбен айтқанда:

- бұл әңгімелердің барлығын тастаңыздар,
- адамдар туралы үкім шығармаңыздар,
- бауырлар туралы жақсы ойда болыңыздар,
- әрі өздерің туралы жаман ойлаңыздар,
- және пайдалы біліммен айналысыңыздар,
- әрі оны өз білімсіз туысқандарыңыз бен жақындарыңыздың арасында таратыңыздар.

Сол кезде, Аллаһтың қалауымен, барлық нәрсе өз орнына әрі ретке келеді.

«Белгілі бір нәрсе туралы үкім шығару оны елестетудің (түсініп-ұғынудың) тармағы болып табылады» деген шариғи ереже туралы

---

Танымал шариғи ереже былай дейді:

«Белгілі бір нәрсе туралы үкім шығару оны елестетудің (түсініп-ұғынудың) тармағы болып табылады».

Яғни әлдебір нәрсені түсіну әрі соған сәйкес әлдебір нәрсе туралы үкім шығару үшін оны ұғыну және оны жан-жақты көз алдыға келтіре білу қажет.

Әрі осында Сүннеттен ешнәрсе оқып үйренбегендігі себепті манхаж мәселелерін түсініп-ұғынбайтын бола тура әлдебіреуді: «Оның манһажы түсініксіз (мумай')», - деп айыптайтындарға таң қаласың. Манһаж логикалық қорытындылардан немесе «Ол менің досым, сол үшін оның манхажы дұрыс» (немесе «Ол біздің бауырлармен араласады, сол үшін оның манхажы дұрыс») деген сияқты ұстанымнан емес, Құран мен Сүннеттен алынады.

Немесе бәрі дұрыс. Сен әлдебір бауырдың манһажы түсініксіз дегенде, дұрыс айтасың. Өйткені ол сен үшін түсініксіз. Себебі сен манхаждың не екені туралы түсініктен жұрдайсың.

Манхаж туралы білімді надандардан емес, ғалымдардан алыңдар, бауырлар.

## Екіжүзділер туралы

---

Аллаһ Тағала Құранда екіжүзділер туралы баяндап, былай деді:

وَإِذَا قِيلَ لَهُمْ آمِنُوا كَمَا آمَنَ النَّاسُ قَالُوا أَنُؤْمِنُ كَمَا آمَنَ السُّفَهَاءُ أَلَا إِنَّهُمْ هُمُ السُّفَهَاءُ وَلَكِن لَّا يَعْلَمُونَ

«Егер оларға: «Адамдар иман келтіргендей иман келтіріңдер!», - делінсе, олар: «Ақымақтар сияқты иман келтірейік пе?», - дейді. Шын мәнінде, олардың өздері ақымақ. Бірақ олар білмейді» («әл-Бақара» сүресі, 13 аят).

Бұл аятта:

1. СӘЛӘФИЯНЫҢ артықшылығына нұсқау бар. Аллаһ Тағала адамдар иман келтіргендей иман келтіруді бұйырды. Ал Құран түсірілген кезде иман келтірген адамдар кім еді?! Әрине, ПАЙҒАМБАР (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның сахабалары! Сондықтан да біздің наным-сенімдеріміз муьтәзилердің, жәхмилердің, аш'арилердің, матурудилердің және солар сияқтылардың наным-сенімдеріне емес, САХАБАЛАРДЫҢ наным-сенімдердеріне сәйкес болуы қажет.

2. САХАБАЛАРДЫҢ артықшылығына нұсқау бар. Өйткені Аллаһ адамдарға сахабалар ұстанатын наным-сенімдерді ұстануды бұйырды. Ал бұл Аллаһ Тағаланың олардың наным-сенімдеріне разы болғандығынан.

3. Муьтазилердің

مذهب السلف أسلم و مذهب الخلف أعلم و أحکم

«Алдыңғы ұрпақтардың (сәләфтардың) мазхабы қауіпсіздеу, ал соңғы ұрпақтардың (халәфтардың) мазхабы даналау әрі білгірлеу» деген танымал сөйлемшесінің негізін қалаушылар екіжүзділер болғанына нұсқау бар.

Яғни хәләфтардың (жәхмилер мен олардың ізбасарларының) мазхабы даналау болса, онда сәләфтардың мазхабы ақымақтау болып тұр ғой сонда?

Ал егер халәфтардың мазхабы білгірлеу болса, онда сәләфтардың мазхабы білімсіздеу болғаны ма?! Ал енді басқаша қалай түсінуге болмақ?

Салиқалы сәләфтардың бірі болған Фудайл ибн 'Ийяд, Аллаһ оны рахымына бөлесін: «Ақиқатында, (Аллаһ) зікір етілетін жиындарды іздейтін Аллаһтың періштелері бар. Сондықтан да кіммен

отыратындарыңа қараңдар. Әрі ол БИДҒАТШЫ болмасын. Өйткені Аллаһ оларға қарамайды. Ал БИДҒАТШЫМЕН отыру ЕКІЖҮЗДІЛІКТІҢ белгісі болып табылады», - деп бекер айтпаған. Әл-Ләләкаи «Иътиқад әһл-Сунна» 1/138.

Субхан Аллаһ, егер бидғатшымен отыру екіжүздіктің белгісі болатын болса, он бидғатшының өзі болу туралы не айтуға болмақ?!

4. Екіжүзді өзінің адасушы екендігін білмейтініне әрі бұл оның ойына да кіріп шықпайтынына нұсқау бар. Аллаһ Тағала былай деді: **«Шын мәнінде, олардың өздері ақымақ. Бірақ олар білмейді».**

Сондықтан айналаңнан екіжүзділерді іздемей, өзің соны білмей солардың бірі болып жүрген жоқсын ба деп ойлан.

5. Екіжүзділер мен бидғатшылар АҚЫМАҚТАР болып табылатынына нұсқау бар, өйткені Аллаһ оларды осылай атады: **«Шын мәнінде, олардың өздері ақымақ. Бірақ олар білмейді».** Аллаһ бізді мұндай қорлықтан сақтасын.

БІРҚҰДАЙШЫЛЫҚ ПЕН СҮННЕТ, бауырлар, тағы да бір рет БІРҚҰДАЙШЫЛЫҚ ПЕН СҮННЕТ!

[Осы аяттың шейх Усаймин жасаған тәпсірін орыс тілінде оқу](#)

Уа, білім талап етуші, пайғамбарлар сияқты бол, өзгелердің саған тіл тигізіп шабуылдауы себепті дағуаттан көңіліңді бұрма!

---

Аллаһ Тағала Муса мен Перғауынның сөйлесуі туралы былай деп баяндады:

**«(Перғауын): "Әлемдердің Раббысы дегенің немене?" - деді.**

(Муса): "Егер анық сенетін болсаңдар, Ол – жер мен көктің әрі екі арасындағылардың Раббысы", - деді.

(Перғауын) маңайындағыларға: "Естімей отырсыңдар ма?" - деді.

(Муса): "Ол - сендердің де Раббыларың, бұрынғы ата-бабаларыңның да Раббысы", - деді.

(Перғауын): "Расында, осы сендерге жіберілген пайғамбар мүлде жыңды", - деді».

Муса Перғауынның айыптаулары мен балағаттауларына қалай жауап қайтарғанына назар бұрыңыздар!

«(Мұса): "Егер түсінетін болсаңдар, Ол - шығыстың, батыстың және екі арасындағылардың Раббысы", - деді» («әш-Шу'ара» сүресі, 23-28 аяттар).

Ол ешқандай жауап қайырған жоқ, тек ақиқатты жеткізуін жалғастыра береді.

Сол сияқты әрбір дағуатшы да адамдар оны балағаттап-қаралайтынын, сөгетінін және айыптайтынын білуі керек. Әрі ол оларға жауап қайырумен және олардың алдында ақталумен айналыспауы қажет. Жай ақиқатты жеткізуді жалғастыра беруге тиіс. Ал сахабалардың түсінуіндегі Құран мен Сүннетке шақырушыларды сөгіп балағаттаушыларға және айыптап-жазғырушыларға Аллаһ Тағаланың Өзі Перғауынға жазасын бергендей жазасын береді.

## Айтысып-тартыспа, әрі пайдалы біліммен айналыс

---

Салиқалы сәләфтарымыз (мұсылмандардың алғашқы ұрпақтары): «Аллаһ әлдебір қауымға ашуланса, Ол оларға айтыс-тартыс есіктерін

ашып қояды да, салиқалы амалдардың есіктерін жауып қояды», - деп айтатын.

Ендеше, әрқайсымыз өзіне қарасын - ол неден қолы босамай жүр: айтыс-тартыстардан ба, әлде салиқалы амалдардан ба?! Аллаһ бізді Өз ашуынан сақтасын!

Маймун ибн Михран, Аллаһ оны рахым етсін, былай деп айтатын: «Өзіңнен көп білетінмен айтыспа, әйтпесе ол сені өзінің білімінен айырады, әрі оған бұдан еш зиян тимейді».

## Ал сен кімсің?

---

Екі-үш күн бұрын мынандай жақсы сөздер естідім:

من الناس من يحمل هم الدعوة إلى التوحيد و السنة و منهم من تحمل الدعوة همهم

«Адамдардың арасында Таухид пен Сүннетке шақыру ісінің ауыртпалығын көтеріп жүргендер бар,

Әрі олардың арасында Таухид пен Сүннетке шақыру ісіне өз ауыртпалықтарын салып жүргендер бар».

Яғни адамдардың арасында күндіз-түні дағуат ісі туралы ойланып-толғанатындар бар.

Егер ол білімді болса, онда:

— «қай жерде сабақ өткізсе болады екен» - деп,

— «бұл туралы қандай мақала немесе кітап жазса болады екен» - деп,

— «бұл тақырыпқа байланысты кімнің еңбегін аударсам екен», - деп,

— «интернетте қандай бет ашсақ екен» - деп т.с.с. нәрселер туралы ойланып толғанады.

Егер ол білім иесі болмаса, онда:



— «Таухид пен Сүннетке шақыру ісіне немен көмектесем екен» - деп қам жейді, әрі тағысын тағы.

Ал Таухид пен Сүннетке шықыру ісіне өз ауыртпалықтарын салып жүрген өзгелер ше?...

Егер дағуат адам бейнесін қабылдағанда, онда оны күндіз-түні сондайлар туралы мынындай сұрақтар мазалайтын еді сияқты:

— не үшін пәлен Таухид пен Сүннетке шақырмайды екен?

— Не үшін пәлен дағуат ісіне кедергі жасайды екен?

— Не үшін пәлен Таухид пен Сүннетке шақыру жолында күш-қайрат жұмсап жүргендерді балағаттап, сөгіп, олардан адамдарды сақтандырады екен?

— Не үшін пәлен басқаларды осы жолдағыларға қолдау жасаудан қайтарады екен?

— әрі тағысын тағы.

Әрі оның осындай сұрақтары өте көп.

Құран мен Сүннетке шақыру ісінің осы сұрақтарына жауап берер кім бар екен?!

## Аллаһты еске алуға кедергі жасаушылар туралы

---

Аллаһ Тағала былай деді:

وَمَنْ أَظْلَمُ مِمَّن مَّنَعَ مَسَاجِدَ اللَّهِ أَنْ يُذَكَّرَ فِيهَا اسْمُهُ وَسَعَىٰ فِي خَرَابِهَا أُولَٰئِكَ مَا كَانَ لَهُمْ أَنْ يَدْخُلُوهَا إِلَّا خَائِفِينَ لَهُمْ فِي الدُّنْيَا خِزْيٌ لَهُمْ فِي الآخِرَةِ عَذَابٌ عَظِيمٌ

«Аллаһтың мешіттерінде Оның аты зікір етілуіне тыйым салғаннан әрі мешіттерді бұзуға тырысқаннан кім залымырақ?

Олардың мешітке қорыққан түрде ғана кірулері керек еді. Олар үшін дүниеде қорлық, Ақыретте зор азап бар» («әл-Бақара» сүресі, 114-аят).

Сүннетті ұстанушыларға мешіттерде таухидті оқытуға және Сүннетті таратуға рұқсат бермейтіндер осы аяттың үкіміне кіреді.

Сондай-ақ осы аятқа Таухид пен Сүннетті оқытатындардан сақтандырып, олардан білім алуға тыйым салатындар да жатады.

[Осы аяттың шейх Ибн Усаймин жасаған тәпсірін оқу.](#)

## Бүліктер кезіндегі тілдің жағдайы

---

Бүліктер кезіндегі тілдің жағдайына ой қозғаңыздаршы?

Бірде 'Абдуллаһ бин Уқайм, Аллаһ оны рахымына бөлесін: «Усманның өлімінен соң енді ешкімге көмектеспеймін», - деді. Одан: „Уа, Абу Ма'бад, сен оны өлтіруге көмектесіппедің?“ – деп сұрағанда, ол: «Оның кемшіліктері туралы сөз ету оны өлтіруге көмек болды деп санаймын», - деді. Ибн Абу Шәйба.

Ибн Таймия, Аллаһ оны рахымына бөлесін, былай дейтін: «Дінде қолға қарағанда тілмен көбірек нәрсені бүлдіруге болады. Тура сол сияқты, дінде қолға қарағанда тілмен көбірек нәрсені түзеуге де болады». Қ-з: «әс-Сарим әл-мәслул».

Ибн Баттәл былай деген: «Алғашқы салиқалы ұрпақтар бүліктер кезінде сөйлеуге тыйым салатын».

Ибн Журайж Ибн 'Аббастан оның былай дегенін жеткізген: «Ақиқатында, барлық бүлік — тілден».

Әл-Хасан былай деген: «Бүліктен шығу — бұл сау жүректі болу және қол мен тілді тыю».

Ибраһим ән-Нәхаи былай деген: «(Бүлік кезінде) ешкімнен (бүлік туралы) ешнәрсе сұрама әрі ешкімге (ол туралы) ешнәрсе айтпа». Қ-з: «Шарх әл-Бухари».

Барлық бауырларды сәләфтардың сөздеріне құлақ салуға шақырамын.

Ешкімнен бүлік туралы ешнәрсе сұрамаңдар, әрі ешкімге ол туралы ешнәрсе айтпаңдар, және ешжерде ол туралы ешнәрсе оқымаңдар, әрі ол туралы ешкімнің жазба таспаларын тыңдамаңдар.

## Яһудилер сияқты болма

---

Аллаһ Тағала былай деді:

وَلَقَدْ آتَيْنَا مُوسَى الْكِتَابَ وَقَفَّيْنَا مِنْ بَعْدِهِ بِالرُّسُلِ وَآتَيْنَا عِيسَى ابْنَ مَرْيَمَ الْبَيِّنَاتِ وَأَيَّدْنَاهُ بِرُوحِ الْقُدُسِ

«Расында Мусаға Кітап бердік те, одан кейін пайғамбарларды жалғасты түрде жібердік. Және Мариям ұлы Исаға да мұғжизалар беріп, оны Қасиетті Рух (Жәбрейіл) арқылы қуаттадық.

أَفَكُلَّمَا جَاءَكُمْ رَسُولٌ بِمَا لَا تَهْوَى أَنْفُسُكُمْ اسْتَكْبَرْتُمْ فَفَرِيقًا كَذَّبْتُمْ وَفَرِيقًا تَقْتُلُونَ

Сендерге елші көңілдерің қаламаған нәрсені келтірген әр кезде, тәкашпарланып, олардың бір бөлігін жасынға шығарып, басқаларын өлтірдіңдер ме?» («әл-Бақара» сүресі, 87-аят).

Яһудилерге, яғни әуес-қалауларының себебімен пайғамбарлармен және Елшіге (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесушілермен соғысатындарға ұқсама.

Егер әлдебіреу саған Сүннеттен әуес-қалауыңа сәйкес келмейтін нәрсе келтірсе, кері қайтаруға және сөгуге, әрі саған Сүннетті жеткізгендерді (муржи, хизби, т.с.с.) түрлі лақап аттармен атауға асықпа. Жай үнсіздік сақта да, Аллаһтан саған туралықты көрсетуін сұра, әрі Аллаһ міндетті түрде саған көмектеседі.

[Осы аяттың шейх Ибн Усаймин жасаған тәпсірін оқу.](#)

## Барлық нәрседе сәләфи бол

---

Аллаһ Тағала былай дейді:

أَفْتُومُنُونَ بَعْضِ الْكِتَابِ وَتَكْفُرُونَ بِبَعْضٍ فَمَا جَزَاءُ مَنْ يَفْعَلُ ذَلِكَ مِنْكُمْ إِلَّا خِزْيٌ فِي الْحَيَاةِ  
الدُّنْيَا وَيَوْمَ الْقِيَامَةِ يُرَدُّونَ إِلَىٰ أَشَدِّ الْعَذَابِ وَمَا اللَّهُ بِغَافِلٍ عَمَّا تَعْمَلُونَ

«Сендер Кітаптың кей бөлігіне сеніп, кейіне қарсы келесіңдер ме? Сендерден кім мұндай істесе, әрине, олардың жазасы - дүние тіршілігінде қорлық, әрі ол Қиямет күнінде қатты қинауға қайтарылады (салынады). Және Аллаһ істеген істеріңнен ғапыл емес» («әл-Бақара» сүресі, 85-аят).

Мәселе жеке тұлғаларға қатысты болса, әлдебіреу: «Егер пәленді бидғатшы демесең, онда сен сәләфи емессің», - дейді.

Субхан Аллаһ! Ал бизнес, сауда, бауырларға және айналадағы адамдарға, отбасыға т.с.с. нәрселерге қатысты сөз болса, онда ол сәләфия туралы ешнәрсе естімеген сияқты болады.

Саған діннен жеткен нәрселердің барлығында сәләфи бол. Әйтпесе басыңа бұл дүниеде ҚОРЛЫҚ, ал Ақыретте ӨТЕ АУЫР АЗАП келіп тиеді.

[Осы аяттың шейх Ибн Усаймин жасаған тәпсірін оқу.](#)

## Адамдарды хизбиліктен (секташылдықтан) қалай құтқаруға болады

---

Шейх Муқбил, Аллаһ оны рахым етсін, былай деген:

لسنا نتوقع أن يستريح الناس من الحزبيات؛ إلا إذا انتشرت سنة رسول الله ﷺ

«Біз Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетін таратпай, адамдарды хизбиліктен (секташылдықтан) құтқара алмаймыз».

Хизбилікпен «пәлен айтты», «түген оған жауап қайырды» деумен емес, міне, осылайша күресу керек.

## Қалың көпшілік туралы

---

Шейх Муқбил, Аллаһ оны рахым етсін, былай деген:

العامة؛ إن قلّ الخبزُ والسكرُ والملوخيّة؛

فهم مُستعدّون أن يُكفّروا الرئيس!

وإن أتى لهم بحاجاتهم قالوا: هذا خليفة راشد!

«Қалың көпшілік сондай: нан, қант және мулухия (көкөністің бір түрі) аз болса, олар елбилеушіні күпірлікте айыптауға дейін дайын болады. Ал ол олардың бүкіл қажеттіліктерін өтеп-жапса, олар оны «салиқалы халифа» деп атай бастайды».

## Шейх Муқбилдің ғалымдарды манһаж мәселелерін жетік түсінетіндер және жетік түсінбейтіндер деп бөліп- жіктейтіндерге берген жауабы

---

Шейх Муқбилге, Аллаһ оны рахымына бөлесін, келесідей сұрақ қойылды:

«Өзін «сәләфимін» деп жариялайтын, бірақ сонысымен бірге қазіргі заманның сәләфи ҒАЛЫМДАРЫН білімсіздікте айыптайтын адам бар. Ол: «Оларда (яғни ғалымдарда) фикһ мәселелерінен басқа БИЛІМ ЖОҚ», - деп айтады (әрі басқа да сипаттары тізбектеп айтылды). Ол сәләфи болып табылады ма?»

Шейх: «Ол сурури!» - деп жауап берді.

Еріксіз орыс халқының: «Әдетте, базарда: «Ұстандар ұрыны!» - деп бәрінен қатты айқай салатын ұрының өзі болады!» - деген мақалы еске түседі.

## Сәләфи-ғалымдарды шарифат ғалымдары және манһаж ғалымдары деп бөлетіндер туралы

---

Осыдан шамамен 4-5 жыл бұрын өздерін білім талап етушілер деп атайтын және өздерін сәләфияға телитін адамдардың бір тобы пайда болды. Олардың пайда болуы, өкінішке орай, сәләфилердің қатарларының бөлініп-жіктелуіне әкеп соқты. Олар дінге жаңадан бет бұрған мұсылмандардың жүректеріне біраз күмән-шұбалар егіп үлгерді. Ал бұл жағдаят еріксіз өзінің Исламды қабылдағаны туралы мәлімдеген Абдуллаһ ибн Сабаны және оның УСМАННЫҢ (Аллаһ оған разы болсын) ӨЛТІРІЛУІНЕ, САХАБАЛАРДЫҢ АРАСЫНДА СОҒЫСТЫҢ БАСТАЛУЫНА ЖӘНЕ АЛИДІҢ (Аллаһ оған разы болсын) ӨЛТІРІЛУІНЕ алып келген қастықтарын еске салады.

Олардың таратқан шұбаларының бірі – үлкен ғалымдар арасында манһаж мәселелерін жетік игермегендері бар деген мәлімдемелері еді. Ал нақты айтар болсақ, бұл топтың басшысы Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Қасиетті Мешітінде тұрған күйінде, шейх Аббадтың орындығына қолымен көрсетіп, сол жерде

тұрғандардың барлығы еститіндей (тура оның өзіне айтып жатқан секілді): «Сенен басқаның барлығы кім ихуан, кім ихуан емес екенін біледі», - деп айтты. Әрі мұндай мәлімдеме жас әрі дінге жаңадан бет бұрған мұсылмандарға үлкен ғалымдардың сөздерін көрсетсең, олар осы «білімгерден» бұл ғалым манһаж мәселелерін түсінбейді деп естігенін алға тартатындай жағдайға алып келді.

Мұндай мәлімдемелер туралы ғалымдар не деп айтатынына қарайықшы. Әрі олар осындай мәлімдемелер жасаушыларды кім деп атайтынына да.

Шейх Раби' әл-Мадхалиге, Аллаһ оны есендікте сақтасын, мынандай сұрақ қойылды:

«Кейбір жастар сәләфи-ғалымдарды шарифат ғалымдары мен манһаж ғалымдары деп бөліп-жіктеп жатады. Осындай бөлу дұрыс па?»

Жауап: «ҚАТЕ. Мұндай жіктеу қате. Бұл – ҚАТЕЛІК. Алайда әлдебір кісі шарифатты біледі, бірақ манһажға және оны бұзатын нәрселерге әрі одан ауытқитындарға көңіл бөлуі себепті өзін танытады. Бәлкім, ол осымен көбірек шұғылданатын шығар, Аллаһ сендерге игілік-береке берсін. Екінші біреуде де осыған деген назардың белгілі бір бөлігі және білім бар. Тек егер мамандану туралы сөз болып жатса ғана, онда мұндай тұрғыдан осылай болуы мүмкін, алайда мұндай маманданумен де толық КЕЛІСУТЕ БОЛМАЙДЫ. Әсіресе егер мұндай ғалымға БАСҚАЛАР қайшы келіп жатса, Аллаһ сізге игілік-береке берсін.

Ендеше, мұндай бөлуді тастаңдар. Мұндай бөліп-жіктеудің негізін: «Пәлен ғалымдар қалыптасқан жағдайды (фиқх әл-уақиъ) жетік түсінеді, ал пәлендері қалыптасқан жағдайды толық ұғынбайды», - деп айтатын БИДҒАТШЫЛАР салған болатын. Бұл ЖАҢА ЖІКТЕУ, ол қазір СӘЛӘФИЛЕР АРАСЫНДА кездеседі, бұлай айтуға БОЛМАЙДЫ. (Бидғатшылар) Ибн Базды және басқа да көзі тірі

ғалымдарды жарамсыз еткісі келіп: «Олар қалыптасқан жағдайды білмейді», - деді. Әрі егер осы ғалымдар көпшілік мұсылмандарға қатысы бар, олардың басына түскен, немесе тағы да басқа әртүрлі оқиғалар мен проблемалар туралы сөйлеп жатса, (секташылар): «Жоқ, Аллаһпен ант етеміз, олар (ғалымдар) ҚАЛЫПТАСҚАН ЖАҒДАЙДЫ БІЛЕЙДІ», - деп айтады. Аллаһ сіздерге береке берсін. Бұл – ОЛАРДЫҢ АБЫРОЙ МӘРТЕБЕСІН ТҮСІРУ (ДИСКРЕДИТАЦИЯ - ИСҚАТ) – қауіпті болған саладағы өте қауіпті жарамсыздандыру, өйткені бұл сала (яғни үммет мәселелері) – бұл солардың (яғни ғалымдардың) саласы.

Аллаһ сіздерге береке берсін. Ия». Қ-з.: «Әл-Хасс алә әл-мауадда уәл-и-тиләф».

<http://safeshare.tv/w/gDNRoRFoCj>

<http://www.rabee.net/ar/articles.php?cat=8&id=170>

## Адамдардан қорыққандығы себепті секталарға кіріп кеткендер туралы

---

Кейбір адамдар өзгелерден олар оны сәләфи ретінде жарамсыз етеді (оған жарх жасайды), оған қарсы сақтандыру жазып таратады, немесе оған қарсы мақала жазып шығарады деп қорыққандығы себепті сәләфияның дұрыс түсінігіне ілеспейді.

Имам әл-Әуза'и, Аллаһ оны рахым етсін, былай деген: «Өзіңнен бұрын өмір сүргендердің (яғни сәләфтардың) асарларынан (хабарларынан) ұстан, тіпті сені адамдар қабылдамай қойса да. Әрі адамдардың пікірлерінен сақ бол, тіпті олар сонысын өз сөздерімен көркем етсе де». Қ-з.: «Мухтасар әл-У'ьлу», 138.

Бұл ұлы имамның сөздерінен біз келесілерді көрудеміз:



1. Соқыр ілесушілері оның Құран мен Сүннеттен дәлелсіз айтылған сөздерін жеткізіп, оны: «Ол оны ауадан алған жоқ қой», - деп сипаттайтын әлдебір «білімгерді» емес, БІЗДЕН БҰРЫН өмір сүргендердің, ЯҒНИ САЛИҚАЛЫ АЛДЫҢҒЫ ҰРПАҚТАРДЫҢ (Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), сахабалардың және табиғиндердің) АСАРЛАРЫН (хабарларына) ұстану қажет.

Осы сипатпен Аллаһ Тағала өзінің Елшісін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сипаттап, былай деді:

وَمَا يَنْطِقُ عَنِ الْهَوَىٰ

«Ол әуес-қалауымен сөйлемейді» («ән-Нәжм» сүресі, 3-аят).

Әрі әлгі «білімгер» осы туралы біледі, бірақ оның тарапынан осындай сөздерге бірде-бір рет сөгіс айтылған емес.

2. Имам әл-Әуза'идің сөздерінде алдыңғы буын өкілдерінің асарларынан ұстанушы адамнан адамдар бет бұратынына нұсқау бар.

وَكَذَلِكَ جَعَلْنَا لِكُلِّ نَبِيٍّ عَدُوًّا شَيَاطِينَ الْإِنْسِ وَالْجِنِّ يُوحِي بَعْضُهُمْ إِلَىٰ بَعْضٍ زُخْرُفَ الْقَوْلِ غُرُورًا وَلَوْ شَاءَ رَبُّكَ مَا فَعَلُوهُ فَذَرْهُمْ وَمَا يَفْتَرُونَ

«Осылайша әр пайғамбарға адамдардың және жынның шайтандарынан дұшпан жасадық. Олар алдап бір-біріне жалтыраған сөздерді сыбырлайды. Раббың қаласа, олар оны жасамас еді. Оларды жасанды сөздерімен қойып қой» («әл-Әнғам» сүресі, 112-аят).

3. Имам әл-Әуза'идің сөздерінде адамдардың теріс бұрылуы сәләфиге қорқыныш салмауы керек екендігіне нұсқау бар. Аллаһтан өзіңді Сүннетте бекем етуін және тек Құран мен Сүннеттің дәлелдеріне ілесуді нәсіп етуін сұрау қажет.

4. Имам әл-Әуза'идің сөздерінде кісі адамдардың ПІКІРЛЕРІНЕН сақтануы керектігіне нұсқау бар. Яғни егер олар Құран мен Сүннеттің сахабалар түсінуіне сәйкес келетін дәлелдермен бекемделмеген болса.

5. Имам әл-Әуза'идің сөздерінде әуес-қалауларына ілесушілердің пікірлері міндетті түрде сәнделген болатынына нұсқау бар. Әйтпесе адамдар оларды қабылдамас еді. Өйткені әуес-қалаудың ілесушісі шайтанның сарбаздарының бірі. Ал Аллаһ Тағала ол туралы былай дейді:

قَالَ رَبِّ بِمَا أَغْوَيْتَنِي لَأُزَيِّنَنَّ لَهُمْ فِي الْأَرْضِ وَلَأُغْوِيَنَّهُمْ أَجْمَعِينَ

«(Ібіліс): “Раббым, мені адастырғаның үшін, әлбетте адам баласына жер жүзіндегі (жаман) нәрселерді жақсы көрсетіп, олардың барлығын адастырамын”, - деді» («әл-Хижр» сүресі, 39-аят).

Міне, осы адамдар да «Біз үлкен ғалымдардың алдында білім алдық, бізде екі чемодан тазкияттар бар» деген т.с.с. ұрандармен өздерінің күмән-шүбаларын таратуда. Алиді өлтірген Абдуррахман ибн Мулжамның Умардан (Аллаһ оған разы болсын) тазкиясы бар еді, ал Мәдина екіжүзділерінің басшысы 'Абдуллаһ бин Убай Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сабақтарында отырған болатын.

Сіздер бізге жай ғана Құран мен Сүннеттен дәлел келтіріңдерші, ал қалғанын өздеріңде қалдыра салыңдар.

Шейх Фаузанның кімді тыңдауға  
болады, ал кімді - болмайды деген  
мәселеде шатысып қалғандарға  
берген насихаты

Жиі жағдайда жас бауырларымыз өздерінің кімді тыңдау, ал кімді тыңдамау керек, кімнің сайттарына кіруге болады, ал кімдердікіне кіруге болмайды деген сұрақтармен шатысып қалғандықтарын айтып жатады.

Күмән-шүбалардан қорғану Құран мен Сүннетті білуде.

Сондықтан да сендерге күндіз-түні Құран мен Сүннетті жеткізіп жатқандарға қараңдар да, өзі мүлдем осыны істемей, бірақ осыны істеп жүргендерден бүкіл ынта-жігерімен сақтандырып жүргендерден немесе күндіз-түні дүние жүзілік ақпараттарды таратып жүруден қолы босамай жүргендерден аулақ болыңыз.

Шейх Фаузан, Аллаһ оны есендікте сақтасын, былай деген: «Егер сен Құран және Сүннетпен қарулансаң, ешқашан жеңілмейсің. Алайда егер БІЛІМІҢ болмаса, онда сен алғашқы күмән-шүбаға жолыққанда-ақ ҚҰРИСЫН». Қ-з.: «Шарх Нуния», 1/176.

## Шейх Раби' бин Хади әл-Мадхалидің «олар үлкен ғалымдарда оқымаған» деген ұранмен ТМД елдерінде Бірқұдайшылық пен Сүннетті таратуға тыйым салып жүргендерге айтқан насихаты

---

«Олар үлкен ғалымдарда оқымаған» деген ұранмен ТМД елдерінде Бірқұдайшылық пен Сүннетті таратуға тыйым салып жүргендер туралы тақырыптың жалғасында, сондай-ақ «ал сендер дұрыс түсінбей қалсаңдаршы?» деген ұранмен жастарға ғалымдардың түсіндірмелерін тыңдап оқуға тыйым салып жүргендер туралы.

Сондай-ақ «Сендер үшін тек біз арқылы болмаса, дінді дұрыс түсінудің басқа жолы жоқ» деген ұранмен әрі т.с.с. басқа да шайтани мәлімдемелермен надандық таратып жүргендер туралы.

Шейх Раби' ибн Хади әл-Мадхалиге, Аллаһ оны есендікте сақтасын, мынандай сұрақ қойылды:

«Білім алуды қалайтын, бірақ оны талап ету үшін САПАРҒА шығуға МҮМКІНДІГІ ЖОҚ, әрі өзінің тұрғылықты мекенінде білім бере алатын ШЕЙХ БОЛМАҒАН білім талап етушілерге шейхымыздың, Аллаһ оны қолдасын, кеңес беруін сұраймыз».

**Жауап:** «Уа, менің бауырларым, (бұрынғы) білім талап етушілер ол туралы арманда болып, бірақ таппаған, алайда сендерге сый етілген ризықтан – бұл (бүгінгі күні) салиқалы алдыңғы ұрпақтардың манһажының кең таралуы.

Аллаһ Өзі қолдау көрсеткендердің көбіне олар адамдар үшін сол көптеген асыл қазыналарды жарыққа шығаруын сый етті. Біз өз кезімізде осыны армандайтынбыз әрі оларды табуға мүмкіндігіміз жоқ болатын. Ал бүгін болса, олар сендердің алдыларыңда: Хәлләлдің «әс-Сунна» кітабы, АбдуЛлаһ ибн Ахмадтың «әс-Сунна» кітабы, әл-Әжурридің «әш-Шәриғә» кітабы, Ләләкаидің «Усул и'тиқад әһл әс-Сунна уәл-Жәма'а» кітабы, әл-Асбаханидің «әл-Хужжә» кітабы, әрі салиқалы алғашқы буынның манһажын көрсететін және оны адамдарға түсіндіретін басқа да ықшамдалған және үлкен кітаптар. Бұл кітаптар Сүннетті ұстанушылар мен, (яғни) олардың ақидасы және манхажы мен адасқан топтардың арасындағы айырмашалығын түсіндіреді, сондай-ақ олардың ақидасы мен манхажын егжей-тегжейлі, дәлел-дәйектермен баяндап береді.

Бұл кітаптар сендердің алдарыңда, ендеше, солардан пайда алыңдар. Ал егер анық емес бір нәрсеге жолықсаңдар, онда оны өздеріңнің араларыңдағы білімділеу болған біреуге, сондай-ақ білімдері

сендердің білімдеріңнен көбірек болғандарға көрсетіңдер. Ал енді олардың жауаптарын толық деп таппасаңдар, онда сұрақтарыңды (білім иелеріне) интернет немесе телефон, немесе пошта немесе басқа да құралдар арқылы жолдаңдар. Егер Аллаһ сендердің әлдебіреуіңе Хижазға келіп, Меккені немесе Мәдинаны немесе әр-Риядты зиярат етуді нәсіп етсе, онда сол жердегі ғалымдардан сұрасың, немесе сол жерден телефон соқсың, өйткені бұл едәуір жеңілірек.

Аллаһтың мейірімімен бүгінгі күні кітаптар кең таралған. Егер өздеріңе (білім беретін) шейхтар (мұғалімдер) тапсаңдар, оларға құрмет пен әдеп танытыңдар. Олардан білім алыңдар әрі олардан көркем мінезділік пен әдепті үйреніңдер. Осы кітаптардан пайда алыңдар, ал анық емес жайттарды анықтаңдар, олар туралы сұраңдар, жауап ала алмаған сұрақтарыңды Хижазға, Меккеге, Мәдинаға, әр-Риядқа қарай жолға шыққандармен беріп жіберіңдер, олар сұрақтарың мен айқындалған анықсыздықтарды билік иелеріне бағыттасын. Әрі Аллаһ адамға оның шамасы келмейтін нәрсені жүктемейді.

Бидғатшылар мен адасқандардың кітаптарынан, олардың кассеталарынан, олардың газет-журналдардағы жазбаларынан, олардың арналарынан, интернет жобаларынан сақтаныңдар. Сәләфи сайттары бар, солардан пайда алыңдар. Сондай-ақ өз адасушылықтарын таратып жүрген жаман сайттар да бар, олар үлкен мүмкіндіктерге ие. Бұл бүліктің барлығы Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Сендердің араларыңда бүлік болады. Бүлік кірмеген бірде-бір мұминнің үйі қалмайды»*, - деген сөздерінің үкіміне кіреді.

Бүгінгі күні, үлкен өкінішке орай, бұл құралдар үйлерге кірді, мейлі олар қалаларда, мейлі шөл далаларда болсын. Бұл нәрселерден сақ бол, діндегі амаңдық пен сәлеметтікте болуға ешнәрсе тең келмейді.

Егер сен өзің үшін бір ғалымды таңдап алар болсаң, онда ол салиқалы алғашқы ұрпақтарға ілесетін шыншыл әрі ықыласты болсын. Көптеген адамдар өздерінің салиқалы алғашқы ұрпақтарға ілесетіндігі туралы мәлімдейді, алайда іс жүзінде олар мұндай емес. Ақиқатында, бұл – дін, ендеше, діндеріңді кімдерден алып жатқандарыңа қараңдар.

Мен бір жайтқа көңіл бұрғым келуде. Кейбір ҚЫЗУ, ЖАЛЫНДЫ, ТЕЗ ӘСЕРЛЕНГІШ ЖАСТАР сәләфтардың кітаптарын оқып-үйренеді, алайда өздеріне солардың кейбір хабарлары жеткен кезде, олар сол хабарларды тәжірибеде БҰРЫС қолданады және ДҰРЫС ЕМЕС БЕЙНЕДЕ пайдаланады. Олар сол хабарларды тәжірибеде қалай дұрыс қолдануды білу үшін ҒАЛЫМДАРҒА оралуы міндетті болып табылады. Өйткені егер ол оны өзінің бұрыс түсінігіне сәйкес қолдана бастаса, онда өзіне де, ИСЛАМ мен мұсылмандарға да зиян тигізеді. Әрі осы нәрсе орын алды да. Жаңа және ескі ХАДДАДИЛЕРДЕН болған қызба жастар пайда болды – олар сәләфтардан жеткен хабарларға үлкен қызғаныш танытады да, ал өздері болса Құранды жаттамайды, хадистерді жаттамайды. (Алайда) бұл асарлар (хабарлар) бізге сенімді жолдармен де, сенімсіз жолдармен де жеткен.

Егер сәләфтар белгілі бір нәрседе бір ауызды пікірде болса, онда бұған ілесу міндетті болады. Егер оларда келіспеушіліктер болса, онда олардың сөздерін Аллаһтың Кітабына және Оның Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетіне қайтару қажет. Егер қандайда-бір сөздер бізге сенімсіз жолмен жеткен болса, онда біз оларды алмаймыз. Ал егер сенімді жолмен жеткен болғанымен, (Құран мен Сүннет) мәтіндеріне қайшы келсе, онда біз оларды кері қайтарамыз.

Бұл нәрселер дұрыс түсінуге мұқтаж. Хаддадилер бұл хабарларды жаттап алған, алайда олар өздерінің жабайы (қате) үкімдерімен қарсы соғыс бастағандардың ең алғашқылары – Сүннетті ұстанушылар болды. Олар ғалымдарға қарай бет бұрды да, оларды бірінен соң бірін

қабылдамай тастады, тіпті Ибн Таймияға жеткенше. Бүгін олар қайтадан пайда болды, әрі тура сол жолды басып келуде, сәләфтардың кейбір сөздеріне жармасып алып, ғалымдарды балағаттап-қаралауда әрі оларға қастандық жасауда, алайда бұл хабарлардың ішінде сенімділері де, сенімсіздері де бар, бірақ олар бұл сөздердің мақсаттарын түсінбейді. Яғни олардың бірі кейбір ғалымдар өздерінің мәжілістерінен бидғатшыларды қуып шығаратындығы туралы айтылатын сәләфтардан жеткен хабарларды жинайтынын айтты. Мен оған: «Сен Абу Исхақ, Малик тағы басқа солар сияқтыларды меңзеп тұрсың ба?!» - дедім. Ол: «Ия», - деді. Сонда мен оған былай дедім: «Уа, балам, олар сенің өмір сүріп жатқан уақытыңнан ерекшеленетін кезде өмір сүрген болатын. Мәликтің артында бүкіл Ислам әлемі тұрған еді, ал бидғатшылар өте аз болатын. Тура сол сияқты Абу Исхақ та. Ол майдандарды қорғап жиһад жасайтын, ал егер шайқасқа қатысқысы келген бидғатшы келсе, ол оның жеңілістің себебшісі болуынан қорқып, оны қуып жіберетін. Хаммад ибн Сәләма: «Кімнің бойында бидғаттар болса, менің мәжілістерімде отырмасын», - деп, оларды қуатын. Алайда олардың арқасында Ислам әлемі тұрған еді. Әрі егер олар әлдебіреулерді қуатын болса да, бұда сәләфия үшін пайда болатын, және олар адамдарды олардың жамандығынан алыстататын.

Ал енді сен мешітте отырған кезінде, бәлкім сенің алдыңа бидғатшылардан басқа ешкім келмейді де, ия, бір-екі сәләфи бар шығар, алайда басым бөлігі – бидғатшылар. Егер сен Хаммад ибн Сәләма: «Бидғатшы менімен бірге отырмасын», - деп айтқанды айтсаң, онда барлық адамдар сенен кетіп қалады. Оның кезінде болса, егер ол қуса да, оның қууында пайда болатын. Ал бүгінгі күні егер сен адамдарды қууға кіріссең, Онда Исламды опат етесің. Әрі кім сенің шақыруыңа жауап бермек? Ал Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: «Егер Аллаһ сен арқылы әлде-

біреуді тура жолға салса, бұл сен үшін қызыл түйелерден жақсырақ болады»».

Мен бұл кітаптарды оқуды насихат етемін, алайда түсінік болуы керек, әрі бұл кітаптардың Құран мен Сүннетке және сәләфтардың бірауызды пікіріне сәйкес келуін де ескеру қажет. Оларда әлсіздік немесе келіспеушілік те болуы мүмкін. Осы нәрселерді ескеру және түсіну керек, өйткені кейбіреулер оларды түсінбестен басқаларға жеткізіп жатады, әрі осынысымен өздерін де, өзгелерді де опат етеді. Әрі Аллаһпен ант етемін, бұл адамдардың бүлігі дәл Сүннетті ұстанушыларға қарсы бағытталған болатын. Егер мұндайлар бидғатшылардан сақтандырғанда, онда іс жеңілдеу болар еді, алайда олар Сүннетті ұстанушылардан сақтандырады, олардан бет бұрғызады, олардың шынайы кейіпін бұрмалайды. Олардың көбі (Сүннеттің дұшпандары тарапынан) қойылғандар және жіберілгендер, бірақ өздері туралы: «Біз Сүннетті ұстанамыз», - деп жариялайды, немесе олар – түсініктен жұрдай болғандар, әрі осынысымен өздеріне де, өзгелерге де зиян тигізуде. Аллаһ сендерді қолдап-қуаттасын.

[Қ-з.: Шейх Раби' әл-Мадхалидің «әл-Фауaid» кітабына жасаған шархы, 58-66.](#)

## Бауырымыз Арсен Абу Яхъяның (Аллаһ оны есендікте сақтасын) құнды насихаты

---

Бүлік кезіндегі ең жақсы мінез-құлық – бүлік туралы ешкімге ешнәрсе айтпау және ешқандай теріске шығарулар жасамау, ал мұның орнына бүліктің жамандығынан пана тілеп, дағуаттың игі ісімен айналысу. Ал бұл үшін оқу керек, шынайы түрде оқу, «Үш негізден» бастап,



кейін «Төрт ережені», кейін «Таухид Кітабын», кейін «Ақида әл-Усатыйяны», кейін «Ақида әт-Тахауияны», кейін «Хамауияны», кейін «Тадмурияны». Үнемі Құранды оқып үйрену қажет (жаттау және міндетті түрде жаттап жатқан аят-сүрелердің түсіндірмесін әс-Саъди тәпсірі, Ибн Касир тәпсірі сияқты әһлю-Суннаның тәпсірлеріне жүгініп оқып-үйрену). Хадистерді имам ән-Науауидің 40 хадисінен бастап, «Рияд әс-Салихинді», Муслимнің «Сахихы» мен Бухаридің «Сахихын» әһлю-Сунна ғалымдарының, мысалы, шейх Ибн Усайминнің түсіндірмесімен оқып үйрену. Фикхты үйрену керек (мысалы, «Булюғ әл-Марамды» 'Усайминнің шархымен, «әш-Шарх әл-Мумти'» кітабын т.б.). Манһажды оқып-үйрену керек (шейх әл-Әлбанидің, Ибн Баздың, 'Усайминнің, Фаузанның, Муқбилдің, 'Абдул-Мухсин 'Аббад әл-Бадрдің, Салих Әли әш-Шейхтың және басқа да ғалымдардың кітіптары мен аудитастапаларын оқып тыңдау). Жалпы айтқанда, бауырлар, уақыт аз, ал істейтін істер көп. Өздеріңнің аса қымбатты уақыттарыңды (кімнің не айтып, не істегендерін) тексеріп-анықтауларға кетірмеңдер, өйткені оларға бас сұққан сайын, олар сені өздеріне одан сайын күштірек тартып ала береді. Әрі бұл шайтанның салиқалы алдыңғы буын оқидерінің жолына шақыруды тоқтатуға және мұсылмандарды мән-мағынасыз талас-тартыстардан қолдары босамайтындай етуге бағытталған кезекті айласы. Әрбір адам өзінің «тергеулерге» уақыт кетірген кезінде қаншама көп жақсылықтан айырылғанына және дінді үйренуде қаншалықты артта қалғанына қарасын.

Ең ақырында, Абу Мухаммадты немесе Абу Яхьяны тыңдау мүлде міндетті емес, тезірек араб тілін үйреніп алыңдар да, ғалымдардан білім алыңдар. Тым болмағанда, араб тілін үйреніп алып, сендер аталған жеке тұлғалар сендерге шындықты айтты ма, әлде арам пиғылдарымен сендерді «хизбилікке» кіргізіп алуға ұмтылдыма – соны біле аласыңдар ғой.

Ал дағуатпен айналысатын адамдар туралы барлық кезде сөз жүреді. Сондықтан да Аллаһ Тағала «әл-Аср» сүресінде ақиқатқа шақыруды атап кеткеннен кейін сабыр туралы айтады. Заттардың (Аллаһ орнатқан) тәртібі осылай, өйткені адамдардың бойында көре алмаушылық, билікке ұмтылу, қоғамда атақ-мәртебеге ие болу, көзбояушылық сияқты жаман сипаттар жоқ емес қой. Әрі білім талап етушілердің барлығы бұл жаман сипаттарды жеңе алмайды, тек Аллаһ рахымына бөлегендерден бөлек. Аллаһтан бізді рахымына бөлеуін, нәпсіміздің жамандығынан қорғауын, Өзінің жолына білім мен даналықтың негізінде ықыласты түрде шақырушылардан етуін сұраймыз. Бұл у-шу мен абыр-сабырға көңіл бөлмейік, одан алыстайық, оқуды және оқытуды, құтылуды және құтқаруды бастайық (яғни өзіміз бен отбасымызды, ата-аналарымызды, көршілерімізді, ағайын-туыстарымызды, руластарымызды Аллаһқа серік қосушылық пен күпірліктен, бидғаттар мен адасушылықтардан, қабір азабынан және Тозақ отынан құтқаруды бастайық). Ғалымдардың кеңес-насихаты осындай. Әрі біздің бәрімізге осыда аса Рахымды Жаратушымыз көмектессін, өйткені Онымен бірге болғаннан басқа ешкімде күш те, қуат та жоқ!

Бауырымыз Абу Яхьяның, Аллаһ оны есендікте сақтасын, өзінің атына айтылып жатқан сын мен негізсіз айыптауларға қатысты берген жауабы.

---

Бисмилләһ. Бауырым, бұл сұрақтар бұдан алдын да бірнеше рет көтерілген болатын, әрі мен оларға жауап бергенмін. Әрі бір саудиялық бауырымыз да бұл мәселеде тіпті шейхтарға қоңырау

соғуға дейін жеткен егжей-тегжейлі зерттеп-анықтау жүргізген болатын, әрі бұл интернетте де жарияланған еді.

Мен мынаны айтамын: Мен атақты және құрметті ғалымдардың кітаптарын оқып-үйренемін және оқытамын, негізінен таухид, Ақида және фикһ бойынша кітаптар. Мен осы кітаптарды әл-Әлбани, Ибн Баз, Ибн Усаймин сынды танылған шейхтардың түсіндірмелерімен оқытамын. Әрі біз оқытқан барлық кітаптарымызды өз сайтымызға шығарамыз. (Ал енді бауырларда солардың ішіндегілеріне қатысты сұрақтары туындап жатса, онда сұрақтарымен жүгінсін, ин ша Аллаһ, біз міндетті түрде жауап береміз). Қазір көзі тірі машаихтардан біз шейх Фаузан, әл-Аббад сияқты т.б.с.с. ғалымдарға ілесеміз.

«Ихуандарға да», муржилерге де, сурурилерге, басқа да ешбір хизбилерге қатысым жоқ. Бұдан қалса, мен олар туралы әлдебір келіспеушіліктер пайда болған тұлғалармен жолым қиылысқан кезде, сол уақытта көптеген шейхтар (мысалы, Рабиа әл-Мадхали т.б.) оларды мақтайтын және олар туралы жақсы сөздер айтқан болатын, әрі оларда бүгінгі күні сөз болып жатқан ауытқушылықтар болмайтын...

Сондай-ақ, бауырым, мен тек менде ғана оқу керек немесе мені ғана тыңдау керек деген шарт қоймаймын. ӘлхамдулиЛләһ, егер жеткілікті білімі мен шарттарға, сондай-ақ тазкияттарға ие танылған білім талап етуші болса, ма ша Аллаһ, оның алдында оқи берсін. Маған, әлхамдулиЛләһ, жұмыс жетеді.

Әрі қарай: Әлдебір жеке тұлғаларға қатысты қандайда бір көпшілікке арналған мәлімдемелер жасауды қажет деп санамаймын. Бұған мысал – өз ұстанымын түсіндіріп көпшілікке мәлімдеме жасаған бауырымыз Ринат Абу Мухаммад. Бірақ адамдар тынышталмады, әрі фитна тек өршіп кетті. Барлық кезде фитнаны өршіктіретін адамдар болған әрі болады да. Олар қандай мақсаттарды көздеуде? Әһлю-Суннаның біртұтас жамағатын бөліп тастауды ма? Көп сөйлеп сәләфия

дағуатынан жалықтыру ма? Әлде бұл нәрсіз көре алмаушылық па? Аллаһ бұл туралы жақсырақ біледі!

Мұсылмандардың 90 пайызы таухидті білмейтін, ширк жасайтын және Исламды түсінуден алыс болған кезде мұнымен айналысуды қылмыс деп санаймын.

Біздің ісіміз – мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарының түсінуіндегі Құран мен Сүннетке шақыру. Бауырларды білімге тереңдеуге әрі өздерімен және өздерінің жақындарымен айналысуға шақырамын әрі оларға осыны насихаттаймын. Міне, немен айналысу қажет, әрі біз сұраққа тартылатын нәрсе де осы. Сондай-ақ білімді лайықты түрде Сүннетке сәйкес талап ету қажет. Әрі мен әртүрлі форумдарда отырып алып, айтыс-керістермен және кім кімге не айтқанын және кім кімге теріске шығару жасағанын тексеріп анықтаулармен айналысып жатқан бауырларға таң қаламын. Біз сол арқылы Аллаһқа жақындайтын нәрселердің ең құндысы болған білімге қалайша осыншалықты жеңілтек қарауға болады?

Умар ибн әл-Хаттаб: «Адам басқалардың кемшіліктерін ақтару әдетінен арылып қана, өз нәпсісінің кемшіліктерін емдеу қабілетіне ие болады...», - деген екен.

Жауап, міне осылай, бауырлар. Өзімнен шейх Фаузанның мына сөздерін қосқым келеді: «Надандар бүлік туралы сөйлеген кезде бүлік өршіп ұлғаяды. Ал ол туралы ғалымдар сөйлеп, оны түсіндірсе, бүлік Аллаһтың қалауымен өшеді»...

22.08.2015 Түркия. Ризе қаласы. «Дар әл-Қуръан уа әс-Сунна».

Өздерін сәләфияға телитіндердің және өзгелер оларды білім талап етушілер деп санайтындардың

# түскен ихуандық-сурурилік күмән-шүбә

---

## 1-бөлім

Осыдан 10-15 жыл бұрын «Ибн Баз, әл-Әлбани, Усаймин және солар сынды үлкен ғалымдар «фиқх әл-уақи'» (нақты қалыптасқан жағдай) туралы толық түсінбейді» деген ихуанды-сурурилік күмән-шүбә өте кең тараған болатыны есімде.

Сол кезде осындайды айтып жүргендерге: «Ендеше, егер қазіргі заманның осы имамдары қалыптасқан жағдайды толық білмесе, онда оны кім біледі?» - деп сұрақ қойылса, бұл адасқандар Саудиялық үш-төрт шейхтардың немесе докторлардың аттарын алға тартатын. Олардың арасында Сәлман Ауда, Сафар әл-Хауали тағы да сол сияқтылар.

Мұның барлығы жоғарыда аттары аталған әһлю-Суннаның үлкен ғалымдары мен жастар арасында байланысты үзу үшін істелетін.

Өйткені осы үлкен ғалымдардың пәтуалары әлгі секташылардың таратып жүрген нәрселеріне сәйкес келмейтін әрі «төнкеріліс пен жиһад» атымен жер бетінде бұзақылық пен бүлінушік таратуға тыйым салатын.

Осы індет сол жылдары өте күшті таралған еді, әрі көптеген жастар осы ұлы имамдарға қатысты күмәндана бастап, оларды тастап кеткен болатын. Өйткені қисын адамға: «Егер осы адамдар қалыптасқан жағдайды жетік түсінбесе, онда олар басқа нәрселерді түсінетініне кім кепіл?» - деп айтады. Әрі жағдай өздерін Сүннет иелері деп атайтын көптеген жастардың осы ғалымдарды балағаттап сөгулеріне дейін жетті. Олар әл-Әлбаниді яһуди деді, ал Ибн Баз бен Усайминді американың агенттері т.с.с. атайтын болды.

Бірақ уақыт өте келе Аллаһ Тағала сол ихуандық-сурурилік секташылдардың шынайы болмыстарын әшкерелеп көрсетті де, бұл ұлы ғалымдардың мәртебесін одан сайын жоғарылатты, әрі әлгі жастарды, жұмсартып айтқанда, өте ынғайсыз жағдайға қойды.

Бүгінгі күні де дәл солай.

Бойын жаңа күмән-шүбә билеген жаңа білімсіз ұрпақ келді. Енді олардың күмән-шүбәсінің мәні олар 'Абдул-Мухсин 'Аббад; Салих Фаузан; Абдул-'Азиз Әли әш-Шейх; Салих Сухайми; тағы солар сынды ғалымдарды «жарх» (адамдарды сенімсіз етіп беделін түсіру) мәселелерін жетік түсінбейді, әрі Мәдиналық үш немесе төрт шейхтар білетін нәрселерді білмейді деп санауы болды.

Танымал шейх Зәйд әл-Мадхали, Аллаһ оны рахым етсін, (бұл туралы) былай деген болса да: «Ал сенің: «Біздің еліміз - Сауд Арабиясындағы әлдебір белгілі жеке тұлға немесе тұлғалар туралы: «Пәлен жарх пен таъдил ғылымының жалауын көтеріп жүруші», - деп айту дұрыс болады ма?» деген сұрағыңа келер болсақ, мен: иә, белгілі бір жеке тұлғалар туралы «олар – жарх пен таъдил жалауын көтеріп жүрушілер» деп айту дұрыс болады деп айтамын. Яғни өздерін Ұлы Кітап пен оның ғылымдарына бағыштағандығымен, өздерін саф Сүннет пен оның ғылымдарына, оны таратуға және оны қорғауға бағыштағандығымен танылғандарды. Әрі Аллаһ оларға жалпы дінде де, Аллаһқа шықыру (манһажында да), жеке айтқанда қазіргі заманның салмақты оқиғаларында да түсінік берді.

Әрі сен үшін мысал ретінде олардың көзі тірі кейбірін атап өтпеуге себеп жоқ.

1. Шейх Салих ибн Фаузан әл-Фаузан.
2. Шейх 'Абдул-'Азиз Әли әш-Шейх.
3. Шейх Салих әл-Лухайдан.

4. Шейх 'Абдуллаһ әл-Ғудаян.
5. Шейх Ахмад ән-Нәжми.
6. Шейх Раби'а ибн Хади әл-Мадхали.
7. Шейх 'Абдул-Мухсин әл-'Аббад.
8. Шейх Салих ибн 'Абдул-'Азиз Әли әш-Шейх.
9. Шейх 'Убайд әл-Жәбири.
10. Шейх Салих әс-Сухайми.
11. Шейх Мухаммад ибн Хади әл-Мадхали.
12. Шейх Сулейман ибн 'Абдуллаһ Абәл-Хайл.

Олардың барлығы – ғалымдар, абырой мен артықшылық иелері, олардың әрбірі Сүннетті, оның ғылымдарын сақтауға және оны қорғауға үлесін қосты, олардың әрқайсысы дұрыс ақиданы және ұлы ислам манһажын адамдар арасында тараған адасқан топтардан қорғай отырып, оларды теріске шығаруға өздерінің берекелі үлесін қосты. Әрі мен осы көрнекті ғалымдармен бірге аттарын атамаған, бірақ Сүннетке қамқорлық жасауға және әуес-қалау мен ауытқыған идеялардың жақтаушыларын теріске шығаруға өздерінің үлкен үлестерін қосқан олардың замандастарынан кешірім сұраймын. Өйткені мен тек мысал ғана келтіргім келді». Қ-з: «әл-Әжуиба әл-асария алә әл-масаил әл-манхажия», 59-60 беттер.

Біріншіден, бұл ғалымның сөздерін әлгі шала оқымыстылардың сөздерімен салыстырыңыздаршы.

Әрі екіншіден, осы індет не нәрселерге әкеп соқтырғаны туралы ойланыңыздаршы. Қажылық пен умраға бара жатқан жастар жоғарыда аттары тізбектеп аталған ғалымдардың және солар сияқтылардың ешқайсысын зиярат жасамайтын болды. Олар тек осы жиіркенішті секталшыл күмән-шүбаларды таратушылар ұсынған

адамдарға ғана барады. Немесе ғалымдардан ешкімге де бармай, осы жастардың миларын айналдырып жүргендерді ғана зиярат жасайды.

Ал енді кім: «Бұл олай емес деп», - айтса, онда мәдиналық ғалымдардың біреуінің болса да әлдебір кітапты орыс (қазақ) тілді қажылар үшін түсіндіріп берген таспасының аудармасын көрсетсін.

Бірақ мұның барлығының қорқынышты ешнәрсесі жоқ.

Аллаһ Тағала:

فَأَمَّا الزَّبَدُ فَيَذْهَبُ جُفَاءً وَأَمَّا مَا يَنْفَعُ النَّاسَ فَيَمْكُثُ فِي الْأَرْضِ

«Көбік сыртқа шығарылып тасталады да, ал адамдарға пайдалы болған нәрселер жер бетінде қалады», - деп ақиқатты айтты («әр-Ра'д» сүресі, 17 аят).

## 2-бөлім

Мен осы топтаманың бірінші бөлімін жариялаған соң, мәдиналық білімгерлердің біреуі маған шейх Рабиьтың менің жоғарыдағы (бірінші) жариялаған сөздерімді растайтын, яғни әһлю-Сунна ғалымдарын манһаж мәселелерін жетік түсінетіндер мен жетік түсінбейтіндер деп жіктеу бидғатшылардың жолы болып табылатындығы туралы сөздеріне сілтеме жіберді.

Шейх Раби' ибн Хади әл-Мадхали: «Манһажды білуді сәләфи шейхтарының санаулы тобымен ғана шектеп-тарылтқандар бидғатшылардың енгізген бидғатына ілесті», - деді.

**Сұрақ:** «Кейбір жастар сәләфи-ғалымдарды шарифат ғалымдары мен манһаж ғалымдарына бөліп-жіктеп жатады. Осындай бөлу дұрыс па?»

**Жауап:** «ҚАТЕ. Мұндай жіктеу қате. Бұл – ҚАТЕЛІК. Алайда әлдебір кісі шарифатты біледі, бірақ манһажға және оны бұзатын нәрселерге әрі одан ауытқитындарға көңіл бөлуі себепті өзін танытады. Бәлкім, ол осымен көбірек шұғылданатын шығар, Аллаһ сендерге игілік-береке



берсін. Екінші біреуде де осыған деген назардың белгілі бір бөлігі және білім бар. Тек егер мамандану туралы сөз болып жатса ғана, онда мұндай тұрғыдан осылай болуы мүмкін, алайда мұндай маманданумен де толық КЕЛІСУТЕ БОЛМАЙДЫ. Әсіресе егер мұндай ғалымға БАСҚАЛАР қайшы келіп жатса, Аллаһ сізге игілік-береке берсін. Ендеше, мұндай бөлуді тастаңдар. Мұндай бөліп-жіктеудің негізін: «Пәлен ғалымдар қалыптасқан жағдайды (уақиъ) жетік түсінеді, ал пәлендері қалыптасқан жағдайды толық ұғынбайды», - деп айтатын БИДҒАТШЫЛАР салған болатын. Бұл ЖАҢА ЖІКТЕУ, ол қазір СӘЛӘФИЛЕРДІҢ АРАСЫНДА кездеседі, бұлай айтуға БОЛМАЙДЫ. (Бидғатшылар) Ибн Базды және басқа да көзі тірі ғалымдарды жарамсыз еткісі келіп: «Олар қалыптасқан жағдайды білмейді», - деді. Әрі егер осы ғалымдар көпшілік мұсылмандарға қатысы бар, олардың басына түскен, немесе тағы да басқа әртүрлі оқиғалар мен проблемалар туралы сөйлеп жатса, (секташылдар): «Жоқ, Аллаһпен ант етеміз, олар (ғалымдар) ҚАЛЫПТАСҚАН ЖАҒДАЙДЫ БІЛМЕЙДІ», - деп айтады. Аллаһ сіздерге береке берсін. Бұл – ОЛАРДЫҢ АБЫРОЙ МӘРТЕБЕСІН ТҮСІРУ (ДИСКРЕДИТАЦИЯ - ИСҚАТ) – қауіпті саладағы өте қауіпті жарамсыздандыру, өйткені бұл сала (яғни үммет мәселелері) – бұл солардың (яғни ғалымдардың) саласы.

Аллаһ сіздерге береке берсін. Ия». Қ-з.: «Әл-Хасс алә әл-мауадда уәл-и-тиләф».

<http://safeshare.tv/w/gDNRoRFoCj>

Видеоға сілтеме: <http://www.rabee.net/ar/articles.php?cat=8&id=170>

### 3-бөлім

Ибн әл-Қайим, Аллаһ оны рахымына бөлесін, Аллаһ Тағаланың:

فَوَسَّوَسَ إِلَيْهِ الشَّيْطَانُ قَالَ يَا آدَمُ هَلْ أَدُلُّكَ عَلَى شَجَرَةِ الْخُلْدِ وَمُلْكٍ لَّا يَبْلَىٰ

«Ақыр шайтан оған азғыру жүргізіп: "Әй Адам! Саған мәңгілік ағашын және таусылмайтын салтанатты көрсетейін бе?", - деді» («Та Ха» сүресі, 120-аят), - деген сөздері туралы былай деп айтты:

«Малғұн (лағнеттелген шайтан) оны мәңгілік ағашы деп атады. Оның ілесушілері де сол сияқты тыйым салынған (харам) нәрселерді нәпсілер ұнататын сөздермен атайды». Қ-з: «Иғасат әл-ләхфан», 1/197.

Біздің елімізде де шайтанның сондай ілесушілерінің бірі атақты табиғин Мухаммад ибн Сириннің, Аллаһ оны рахым етсін: «Діндеріңді кімнен алып жатқандарыңа қараңдар», - деген дұрыс әрі дана сөздерін жамылып, олар арқылы өзінің жауыз амалдарын сәндеп, таратты.

Бұл адамның сөздерінің малғұн Ібілістің сөздерімен ұқсастығына қарайықшы!

Атақты ұзын хадисте Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің сахабаларының арасында отырған кезінде оған Жәбірейіл келіп, ИСЛАМ, ИМАН, ИХСАН не екендігі туралы сұрақтар қоя бастағаны жайында баяндалады. Әрі Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оның сұрақтарына жауап берді де, содан соң Жәбірейіл: «Сен шындықты айттың», - деді.

Кейін хадистің соңында былай деп айтылады:

«Кейін Жәбірейіл кетті. Ал шамалы уақыт өткен соң Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Уа 'Умар, осы сұрақтарды қойған кім екені саған мәлім бе?»* - деді. Мен: «Аллаһ пен Оның Елшісі жақсырақ біледі», - деп жауап бердім. (Сонда) ол: *«Ақиқатында, бұл — сендерге ДІНДЕРІҢДІ ҮЙРЕТУ үшін келген Жәбірейіл»*, - деді». Муслим.

Әлгі шайтанның ізбасарының ілесушілеріне айтамын әрі оларды төменде айтылатын нәрселер туралы ой тоқтатуға шақырамын.

Хадисте дін бұл ИСЛАМДЫ, ИМАНДЫ, ИХСАНДЫ түсіну деп нақты айтылып тұр.

Ал енді сендер күндіз-түні Ибн Сириннің сөздерін айтып жүргеннің сөздерінен дінге қатысты не нәрселерді көп білгендеріңе қараңдар.

Ол осы ұранды жамылып, сендерді өздеріңе шындығында да ДІНДІ, яғни ИСЛАМДЫ, ИМАНДЫ және ИХСАНДЫ үйреткендерден сақтандырды емес пе? Ал өзі болса сендерді «жарх және таъдил» ұранын жамылып өтірік айтуға, жала жабуға, өсек айтуға, адамдарды ғайбаттап балағаттауға үйретті емес пе? Ол сендерге өз сәләфи бауырларыңды қалай жек көру керек екенін үйретті емес пе? Оларға сәлем бермеуді және олардың сәлеміне жауап бермеуді т.с.с. шайтани және секташыл нәрселерді үйретті емес пе?

Аллаһ оған лайықтысын берсін.

Бауырым, шайтанның уәдесін ұмытпа:

قَالَ رَبِّ بِمَا أَغْوَيْتَنِي لَأُزَيِّنَنَّ لَهُمْ فِي الْأَرْضِ وَلَأُغْوِيَنَّهُمْ أَجْمَعِينَ

«(Ібіліс): “Раббым, мені адастырғаның үшін, әлбетте адам баласына жер жүзіндегі (жаман) нәрселерді әдемі көрсетіп, олардың барлығын адастырамын”, - деді» («әл-Хижр» сүресі, 39-аят).

Әрі сен - шайтан мен оның ізбасарлары оған адасушылықтарды ӘДЕМІ КӨРСЕТІП, тура жолдан ТАЙДЫРҒАН сол адам емессің бе? - сол туралы ой тоқтатшы.

#### 4-бөлім

Шейх Мухаммад Базмул, Аллаһ оны есендікте сақтасын, былай деген: «Мен хаддадилерді хауариждердің бір болмысы деген ойға келіп қалдым, өйткені хаддадилердің жолдарының негіздері келесідей:

1. (Жеке тұлғаға қатысты үкім шығару үшін белгілі) шарттарды орындау мен кедергілерді жою арқылы қол жеткізілетін дәлелді жеткізуден бұрын такфирде (өзгелерді күпірлікте айыптауда), табдигте (өзгелерді бидғатшылықта айыптауда) және тафсиқта (өзгелерді пасықтықта айыптауда) ШЕКТЕН ШЫҒУ.
2. Олардың (әһлю-Сунна) ғалымының қателігі мен бидғат пен әуесқалау иелерінен болған ғалымның қателігінің арасын ажыратпауы.
3. Ғалымдарға, әсіресе сәләфи ғалымдарына, деген құрметсіздік және олардың сөздері мен істерін аңду.

Шейх Раби', Аллаһ оны есендікте сақтасын, олардың жамандығына ең басында-ақ, адамдарға олардың қауіптілігі көрінуден бұрын көңіл бөліп, олардан сақтандырғаны таң қалдырады. (Расында) ғалым бүлік туралы ол жайында адамдар білуден бұрын біледі, ал адамдар бүлік туралы ол болып өткен соң біліп жатады. Аллаһ ол кісіге игілігімен қайырсын».

## Орыс (қазақ) тілді мұсылмандарға осы күндері орын алып жатқан бүліктерге байланысты жолдау

---

Көп бауырлар мені жаратылуымның мақсаты болған нәрселерден басқа жақтарға көңілімді бұрып, маған «Сен туралы былай деп жатқанын естідің бе? Сен бұл туралы не ойлайсың? Оларға жауап жазасың ба?» деген т.с.с. сұрақтар қойып, хат жазады. Олардың әрбіріне дәл қазір және болашақ үшін былай деп жауап бермекпін: Мен өзім туралы айтып жатқанына қазір де, болашақта да көңіл бөлмеймін, ин ша Аллаһ.

Бірақ мен әрбір кісінің жалаң сөзді емес, Құран мен Сүннеттің дәлелдерінің үстіне құрылған насихатын қабылдаймын; әрине, ол

насихат әуес-қалауының жақтаушысынан, өтірікшіден және танымал бүлікшілерден т.с. сияқтылардан шығып жатқан болмаса. Сондықтан да менен бұл нәрселер туралы сұрамаңдар, әрі мені Құран мен Сүннетті және салиқалы әуелгі ұрпақтардың хабарларын оқып-үйренуден және жеткізуден көңілімді бұрмаңдар.

Кез-келген әңгімелер, олар қаншама қорқынышты, үлкен және көңілді жаулап алатындай болып көрінсе де, жуық арада бітеді. Сондықтан да өз уақыттарыңды пайдасыз сарп етпеңдер, бәлкім тіпті бұл сендер үшін зиянды да болуы мүмкін.

Ал сендердің барлығыңды мен өз уақыттарыңды, ынта-ыждағаттарың мен күштеріңді Сүннетті мұқият оқып-үйренуге бағыттауға шақырамын. Өйткені Сүннетті оқып-үйрену Аллаһты зікір етуге қатысты, демек ол жүректерді тынышталдырады. Ал Аллаһ Тағала былай дейді:

الَّذِينَ آمَنُوا وَتَطْمَئِنُّ قُلُوبُهُمْ بِذِكْرِ اللَّهِ أَلَا بِذِكْرِ اللَّهِ تَطْمَئِنُّ الْقُلُوبُ

«Сондай иман келтіргендер, Аллаһты еске алу арқылы жүректері жай тапқандар. Аллаһты еске алумен жүректер орнығады емес пе?» («әр-Рағд» сүресі, 28-аят).

## Білім талап етуші бай әрі билікке ие адамдармен тығыз достасудан және араласудан сақтануы керек

---

Бұл пайдалы қорытындылар құрметті бауырымыз Абу Яхьяның, Аллаһ оны есендікте сақтасын, сөздерінен алынған.

Білім талап етушінің бай әрі билікке ие болған адамдармен тұрақты түрде араласуы не нәрселерге әкеп соқтырады:

Олардың арасында үнемі болу білім талап етушіні олардың мінез-құлықтарын қабылдап алуына әкеледі.

Олармен тұрақты түрде араласу және үнемі араларында болу білім талап етушінің жүрегінде менмендікті өсіреді.

Олармен тұрақты түрде араласу және үнемі араларында болу Аллаһтың нығметтерін жек көруге алып келеді.

Білім талап етушінің олармен тұрақты түрде араласуы және үнемі солардың араларында болуы Аллаһқа өзіндегі бар нығметтер үшін шүкіршілік етуін жоғалтуға әкеледі.

Олармен тұрақты түрде араласу және үнемі араларында болу білім талап етушінің жүрегі жаратылған біреуге байлануына және жалпы алғанда оның бірқұдайшылығының, ал нақты айтқанда тәуекелінің зиян шегетініне себеп болады.

Олармен тұрақты түрде араласу және үнемі араларында болу білім талап етушінің жүрегінде жаратылғандарға деген тәуелділік, оларға деген мұқтаждық, әрі ризықтың соларға байластылығы сезімінің қалыптасуына әкеледі.

Олармен тұрақты түрде араласу және үнемі араларында болу білім талап етушіні оның бойында ақиқатқа шынайы түрде ілесудің жоғалуына әкеп соқтырады.

Олармен тұрақты түрде араласу және үнемі араларында болу білім талап етушіні ақиқат айтқаны үшін сөгіс айтушылардың сөгісінен қорықпайтындар қатарынан болмай қалуына әкеледі.

Олармен тұрақты түрде араласу және үнемі араларында болу білім талап етушіні байларға немесе билік иелеріне ыңғайлы пәтуалар бере бастауына әкеледі.

Олармен тұрақты түрде араласу және үнемі араларында болу білім талап етушіні нығметтерді Аллаһқа емес, соларға телуіне себеп болады.

Сондықтан да сақ бол, уа, білім талап етуші!

## Барлық секталардың бірінғай ортақ проблемасы

---

- Таблиғ,
- ихуан,
- хизбут-тахрир,
- жиһад,
- жарх,
- такфир

Және солар сияқты басқа да жамағаттардың секташылдығы неден көрініс табады?

Олардың барлығының проблемасы бір. Олар Аллаһ сонымен бүкіл пайғамбарларды жіберген шынайы мақсатты тастап - ал бұл таухид - екінші кезекті мәселелерді мақсатқа айналдырып, бар уақыттарын соған жұмылдырды.

Таблиғшылар бірқұдайшылықты тастап, дағуатты мақсат етіп қойды. Әрі ең ерсісі - олардың таухидтен басқа барлық нәрсеге дағуат жасауы (шақыруы).

Ихуан мен хизбут-тахриршылар бірқұдайшылықты тастап, халифатты мақсат етіп қойды.

Жиһадшылар бірқұдайшылықты тастап, әскери қимылдары өздеріне мақсат етіп қойды.

Такфиршілер бірқұдайшылықты және оған шықыруды тастады. Олардың түсінуіндегі таухид - бұл айналасындағы барлық адамдарды кәпір және мушрик санау. Олар өздерімен келіспейтіндерді де осылай санайды.

Жархшылар таухидті оқып-үйренуді және таратуды тастап, сәләфилерді хизбияда және Сүннеттен шықандықта айыптауға салынды, әрі осы орайда өздері сол Сүннет туралы мүлдем ешнәрсе білмейді де. Олардың ішіндегі ең жақсысы – «Үш негіз» кітабын өткені, онда да егер оған осы кітап бойынша емтихан өткізсең, жауап бере алмайтынын көресің.

Әрі барлық секташылдар осындай. Мақсатты тастап - ал бұл таухид - басқа нәрсені мақсатқа айналдырды. Аллаһ Тағала былай деді:

أَتَسْتَبْدِلُونَ الَّذِي هُوَ أَدْنَىٰ بِالَّذِي هُوَ خَيْرٌ

«Сендер жақсырақ болған нәрсені жаманырақ болғанға ауыстырғыларың келе ме?» («әл-Бақара» сүресі, 61-аят).

Әрі ең қызығы - осы секташылдардың әрбірі өздерін негізгі мақсатты тастағандықтары үшін және оны екінші кезектегі мақсатқа алмастырғандықтары үшін сөгетін сәләфилерді:

- дағуатқа қарсы шығып жатыр деп айыптайтындығы (осылай деп таблиғ сектасы айтады);
- халифат пен шариғат заңдарына қарсы шығып жатыр деп айыптайтындығы (осылай деп ихуандар мен хизбуттар айтады);
- жиһадға қарсы шығып жатыр деп айыптайтындығы (осылай деп жиһадшылар сектасы айтады);



- такфирге қарсы шығып жатыр деп айыптайтындығы (такфиршілер сектасы);
- жарх уа та'дил ғылымына қарсы шығып жатыр деп айыптайтындығы (жархшылар сектасы); т.с.с.

Аллаһ Тағала біздің барлығымызды секташылдықтан сақтасын. Ұмытпаңдар, ең бірінші кезекте бірқұдайшылық, уа, Аллаһтың құлдары!

[Бұл аяттың шейх Ибн 'Усаймин жасаған тәпсірін оқу.](#)

## «Жан шырылдауына» жауап

---

Бүгін маған таңертең мынандай қызық мазмұндағы хат келді:

«Что происходит, брат, скажи,

(Айтшы, бауырым, не болып жатыр өзі).

Вокруг так много, много лжи.

(Айналамызда өтірік нендей көп).

Смутьянов больше с каждым днём,

(Бүлікшілер де күн сайын көбеюде).

Вокруг лишь слышишь вновь: «Раскол».

(Жанымыздағылардан тағы да: «Бөліну» деп ғана естиміз).

Друг друга мы порой едим,

(Бірімізді біріміз кейде жеп жатамыз).

За спинами злословим, лстим.

(Сырттай ғайбаттаймыз, (бетке) жағымпазданамыз).

«Но разве это нужно нам?» -

(«Ал бізге керегі осы ма еді?»)

Хочу спросить я мусульман.

(Деп сұрағым келеді мен мұсылмандардан).

Пора подумать, наконец,

(Ойланатын кез жетті емес пе).

Ведь и настанет твой конец,

(Сенің де соңғы демің жетер).

И путь, который ждёт нас всех.

(Әрі барлығымызды тосқан жол).

А там Аллах нас спросит всех!

(Ал сол кезде Аллах біздің барлығымызды сұраққа тартар)».

(хаттың соңы)

Мен оның хатына жауап бердім, әрі осындай сұрақ көптеген мұсылмандарда туындауы мүмкін деп ойладым. Өйткені ол жан шырылдауына ұқсас. Сондықтан да осы бауырымызға жазған жауабымды жалпыға жариялауды жөн көрдім де, осындай сұрақтары туындаған, туындап жатқан және туындайтын бауырлардың барлығына жауап беру үшін оған бір-екі нәрселерді қостым. Аллах сіздерге береке берсін.

### **Жауап:**

«Бауырым. Бірде менің Мысырдағы шейхтарымның бірі бізге мынандай оқиғаны айтып берген болатын.

Бірде саудиялық екі кісі Каирға келеді. Қайтқан соң олардың бірі: «Аузу билләһ! Каирде қаншама дискотекалар қаптаған, әйелдер жалаңаш жүреді», - деген сияқты сөздерді айтады.

Ал басқасы болса: «Ма ша Аллаһ, Каирде нендей мешіт көп, барлық жерде азан естіледі, әр бұрышта Құран оқылады», - деп айтады.

Әрі шейх бізге: «Кім нені іздесе, соны табады», - деді. (Яғни кемшілік пен қателік іздеген адам, мақсатына сай соны табады - аудармашыдан).

-----

Бауырым, адамдар не бал ара, не шыбын секілді. Егер үлкен бір қи (тезек) үйіндісінің үстіне гүл өсіп шықса, бал ара тезекке назар бұрмастан дәл сол гүлге қонады.

Ал шыбын болса, егер әлдебіреу гүлді көгалдың тура ортасына үлкен дәретін сындырса, дәл соны тауып, үстіне қонады.

-----

Менің екі көршім бар, олар - менімен күнделікті көрісіп, тұрақты араласып тұратын қарапайым бауырлар. Біз наурыз айында олармен бірге умрада болғанбыз, сол жердегі Ислам Университетін және онда оқитын бауырларды зиярат жасадық. Әрі сол кезде кейбір білімгерлер оларға кім Ринат туралы қашан не айтқанын айта бастағанда, әлгі екеуі оларға таңдана қарап: «Сендер мұның барлығын қайдан естіп, жинайсыңдар? Біз Ринатты күнде көріп естиміз әрі онымен бірге уақытымызды өткіземіз, бірақ сендер айтып жатқан нәрселерді ешқашан естімеппіз. Тек сабақтарды, әрі сол сабақтардағы «Аллаһ айтты, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтты» деген сөздерді ғана естиміз», - деді.

Сондай-ақ осы екі бауыр әлгі білімгерлерден: «Сендер осының барлығына уақытты қайдан табасыңдар? Әрі (осымен шұғылданып жүрген болсаңдар) жалпы қай кезде оқып жүрсіңдер өзі?», - деп сұрады.

-----

Әрі соңғысы. Өткен аптада мен бір құрметті бауырыммен кездескен болатыным. Әрі сұхбатымыздың барысында ол маған өзінің бір танысын кездестіргені туралы айтып берді. Ол одан: «Пәлен пәлен туралы не айтқанын естідің бе?» - деп сұрапты. Әлгі бауырым оған: «Жоқ, естімедім. Ал сен қайдан естідің?» - деп жауап беріпті. Сонда әлгі танысы: «Маған ватсапқа жазып жіберген ғой», - дейді. Осыдан кейін әлгі бауырым оған: «Маған бұл керек емес, сол себепті маған ватсапқа ешкім мұндай нәрселерді жібермейді. Ал саған бұл керек, сондықтан да саған жіберуде», - деді.

-----

Тоқ етерін айтқанда, бауырым, егер бүлік-фитна мен бүлікші-фитнашыларды, өтірік, өсек, ғайбат, жамандау, бәле т.с.с. іздейтін болсаң, онда бұл нәрселер өте көп, әрі сен мұның барлығын өңай табасың әрі осыған батып түншығасың.

Сондықтан да, бауырым, тек жақсылық ізде әрі тек соған ғана ұмтыл, сонда жақсылықтан өзге ешнәрсе естімейтін де, көрмейтін де болатынына көз жеткізесің.

Әрі шыбын емес, бал ара болуға тырыс.

Уатсабыңа тек жақсы нәрселерді жіберетін жақсы орта ізде де, саған лас нәрселерді жіберетіндерді «блокировка» жасап таста.

Әрі «Аллаһ айтты», «Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтты» деген сөздерге толы игі сайттарға ғана кір және игі беттерге ғана жазыл.

Және ең соңында айтарым – пайдалы білім және игі амалдармен шұғылдан, сонда осы ластықтың барлығына уақытың қалмайды, әрі иманың өсіп, мұның кетеді, ин ша Аллаһ».

Абу Мухаммад Ринат 10/06/2015

# Жиһад мәселелері, күпірлікте, Сүннеттен және сәләфиядан шыққандықта, хизбилікте (партияшылдықта) айыптау сияқты үлкен мәселелер үлкен (яғни жасы ересек) ғалымдардың құзырында.

---

Ибн 'Аббас, Аллаһ оған разы болсын, былай деген: «Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: *«Береке сендердің қарттарыңмен бірге»*». Қ-з: «әс-Силсилә әс-Сахиха», 1778.

Абу Умайя әл-Жумахи, Аллаһ оған разы болсын, былай деген: «Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Расында, Қиямет Күнінің белгілерінен – білім жасы кішілерден алынатынында»*, - деді». Қ-з: «әс-Силсилә әс-Сахиха», 695.

Ибн Мас'уд, Аллаһ оған разы болсын, былай деген: *«Білім адамдарға қарттардан келіп жатқанға дейін олар игілікте болады. Ал егер ол адамдарға жастардан келе бастаса, онда олар құриды»* Қ-з: «Жәми' баян әл-и'лм уа фадлиһ», 1058.

'Абдуллаһ ибн Муслим бин Қутайба, Аллаһ оны рахымына бөлесін, былай деген: «Ол (яғни Ибн Мас'уд) «адамдардың ғалымдары - жас кісілер емес, қарт шейхтар болған кезге дейін олар игілікте болуын тоқтатпайды» дегісі келді. Өйткені қарт (шейх) жастықтың ләззаттарын, оған тән болған қызбалықты, асығыстықты және парықсыздықты ұмытып кетті, білім мен тәжірибе жинақтады. Оның біліміне қатысты оған күмәндар келмейді, оны әуесі бағындырып алмайды, шахуат-қалаулары билеп алмайды, әрі шайтан оны жастық шағындағыдай қателік жасауға мәжбүрлей алмайды. Жас егделігімен

бірге салмақтылық, байсалдылық әрі құрмет келеді. Ал жас адамға қарт кісі өзін олардан қауіпсіз еткен осы кемшіліктердің барлығы тән болады, әрі егер олар оны пәтуа шығарар тұсында билеп алса, ол өзінде, өзгелерді де опат етеді». Қ-з: «Насыхату әһлил-хадис», 93.

Сондықтан да білім талап етушілер мен дінге шақырып жүрген бауырларды адамдарға үкім шығаруды тастауға шақырамын. Қателікке нұсқандар, түсіндіріңдер, келіспеушіліктің әдебін сақтап Құран мен Сүннеттің негізінде насихат жасаңдар, бірақ мұсылмандарды күпірлікте, сәләфилерді бидғатшылықта және хизбилікте айыптамаңдар. Сендер өздеріңе осындай салмақты мәселелерді жүктеп алатындай деңгейге жетпедіңдер.

Әрі қарапайым қатардағы мұсылмандарды осындай істермен айналысып жүрген жас білім талап етушілер мен шақырушыларға ілеспеуге шақырамын. Өйткені олар осындай істермен айналысатындай тиісті білімге де және жас дәрежесіне де жетпеді. Әрі, бұған жоғарыда аталған мәтіндер нұсқайтынындай, мұндай құбылыстың төмендегідей кері салдары бар:

- берекенің кетуі,
- опат болып құру,
- әрі басқа да жаман салдар.

Я, Аллаһ, бізді тура жолыңмен жүргізе гөр. Өз нығметіңе бөлегендеріңнің жолымен, бірақ қаһарыңа ұшырағандардың және адасқандардың жолымен емес! Әмин.

«Кімді тыңдауға болады, ал кімді - болмайды: немесе «Кімнің сәләфи, ал кімнің сәләфи емес екенін қалай

# анықтауға болады?» деген сұраққа ғалым кісінің орыс-қазақ тілді мұсылмандарға берген кезекті жауабы

---

Шейх Мухаммад Базмул: «Сәләфиликтің бұрмаланған қате түсінігі туралы».

Шейх Мухаммад Базмул былай деді: «АУЫТҚУДЫҢ бір түрі – бұл адамның өзін салиқалы алдыңғы буын өкілдеріне ілесуші (СӘЛӘФИ) деп мәлімдеуі, алайда оның мінез-құлқы, (өзгелермен) қарым-қатынасы және адамдармен (туындаған мәселелерді) талқылау тәсілі ЖӘҢИЛДІК (НАДАНДЫҚ), СӘЛӘФИЛІК ЕМЕС болуы, тіпті ол өзін сәләфимін деп мәләмдесе де.

Егер ол адамдардан қарыз алса – қайтармайды; игі насихат берудің және қарапайым адамдарды, бейшараларды жақсылыққа ынталандырудың орнына – олардың беттеріне ҚАБАҒЫН ТҮЙІП қарайды, олардан ӨЗІН АЛШАҚ ҰСТАЙДЫ, әрі олардың сәлемдеріне жауап қайырмайды.

Әрі оның басқа да не істейтіні туралы Аллаһ жақсырақ біледі, ал нәтижесінде ол СӘЛӘФИЛІКТІ нашар бейнеде КӨРСЕТЕДІ.

Олардың (түсінуіндегі) «сәләфилік» ұғымы да өзгерді. Бірде шейх Ибн Усайминге өзі туралы: «Мен сәләфимін», - деп айтатын әрі сәләфилікке шақыратын адам туралы айтқанда, шейх адам БАРЛЫҚ НӘРСЕДЕ сәләфи болуы керектігін, әрі бір мезетте әрі сәләфи әрі хизби болуы мүмкін емес екенін айтқан болатын. Назар бұр, ол шын мәнінде ХИЗБИЛІК болып табылатын сәләфиликтің тек сырттай

көрініс табуына ерекше назар бұрып айтқан болатын. Бұл (шынайы) сәләфияға ҚАРАМА-ҚАЙШЫ келеді.

Шейх сәләфиліктегі орын алып тұрған ХИЗБИЛІКТІ (партияшылдықты) СӨГЕТІН, алайда ол «сәләфилік» терминін СӨКПЕЙТІН.

«Сәләфилік» терминінің түсінігі өзгерді.

Мен сәләфиликтен (өзгелерді) ТЕРІСКЕ ШЫҒАРУДАН өзге ЕШНӘРСЕ БІЛМЕЙТІН кейбір адамдарды білемін. Теріске шығару – олардың күндіз-түні айналысатын БАР ҚАМЫ. Олардың түсінуіндегі білім – бұл тек ТЕРІСКЕ ШЫҒАРУЛАР.

Ондағы сәләфиліктің бар болғаны – бұл пәлен немесе түген туралы себепті-себепсіз айтылған сөздер, әрі өзі: «сәләфия деген дәл осы», - деп ойлайды. Бұл сәләфтардың манһажы БОЛЫП ТАБЫЛМАЙДЫ! (Ендеше,) сақ бол, ешкім сені алдап, сен үшін (сәләфиліктің) шынайы болмысын бұрмалап қоймасын!

Бұл сәләфтардың МАНҺАЖЫ ЕМЕС! Теріске шығарулардағы шектен шығушылық салиқалы алдыңғы буынның әдіснамасы болып табылмайды. Пәлен не түген туралы үнемі сөйлеу де салиқалы алдыңғы буынның әдіснамасына жатпайды.

Егер (мұндай) адам саған өзінің сәләфи екенін дәлелдегісі келсе, отырып алады да, пәлен не түген туралы сөз ете бастайды, үшінші біреуді теріске шығарады, ал төртіншісіне түсіндірме жасайды, әрі өзін білім талап етуші етіп көрсету үшін осы теріске шығаруларды келтіреді. Бұл сәләфтардың манһажы емес! Кім саған осыны сәләфтардың манһажы десе, сол ҚАТЕЛЕСЕДІ.

Сәләфтардың манһажы – бұл Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның сахабаларына ЛЕСУ. Теріске шығарудың өз орны бар, сенімсіз ету мен мақтаудың да өз орны бар,



ғибадаттың, әдептің, мәнһаждың өз орындары бар, әрбір нәрсенің өз орны болуға тиіс, таразы да дұрыс болуы керек.

Ал егер сәләфилікті әлгі бейнеде көрсеткің келсе, әрі осы орайда адамдар сені осы үшін сөкпегенін қаласаң, онда, жоқ, Аллаһпен ант етемін, сен сәләфилікті БҰРМАЛАДЫҢ, Аллаһпен ант етемін, сен оны бұрмаладың, бұл – ҚАТЕЛІК, қателік!

Сәләфилік – бұл түзету мен шақыру әдіснамасы. Кім қателескен біреуді СЫНДЫРУДЫ және ҚҰЛАТУДЫ қаласа, әрі оған түзелуі және ақиқатқа оралуы үшін мүмкіндік бермесе, онда мұндай адам сәләфи болып табылмайды. Тіпті өзін сәләфи деп мәлімдесе де!

Сәләфилік – бұл МЕЙІРІМ.

Мен он алты жыл бойы бір кісіге насихат айтып, оны көпке жарияламаған кейбір шейхтарымызды білемін. Бұл – МЕЙІРІМ. (Біреулердегідей) бірден «СЫНДЫРУ» емес, жоқ! Ол алты жыл бойы насихат айтады, біртұтастықты қалайды, асықпайды. Осындай істейтін ҒАЛЫМДАР бар.

Ұстамдылықсыз, дұрыс білім алмай, мәселелерге дұрыс тәсіл қолданусыз пәлен немесе түген туралы әңгіме ететін, пәлен немесе түгенді сенімсіз ететін, теріске шығаратын адам – ол сәләфи емес, тіпті күндіз-түні өзін сәләфимін деп айтса да. Тіпті күндіз-түні хадистер мен аяттар келтірсе де. Мұндай адам «сәләфилік» есімін жамылығы еткен хауариж, өткені ол сәләфи болған адамдарды біріктіруге ҚАРСЫ ШЫҚТЫ. Бұл – СӘЛӘФИЯНЫ БҰРМАЛАУ!

Сен дінге шақырушыларды талқылауды өз қамына айналдырған, заттарды лайықты түрде өлшемейтін біреуді көресің. Қателесуден аман қалған біреу бар ма? Адам баласының барлығы ҚАТЕЛЕСЕДІ. Аллаһ Құранда кәпірлер туралы: «Әлдебір қауымға деген жеккөрушіліктерің сендерді оларға қатысты әділетсіздікке итермелемесін», - дейді. Ал сен болсаң, адамның қателігімен ісің

болса, ол (сен үшін) діннен шыққан кәпір сияқты (болады). Осы дін бе? Әрі осы әділеттілік пе?

Барлық нәрсені дұрыс тәсілмен өлшеңдер. Сондықтан да осындайлардың кейбірі бір үлкен ғалым белгілі бір адамның қателіктерін атап айтып, ал содан соң бір не екі айдан кейін одан пайда алу керек деп айтқанын естігенде ТАҢ ҚАЛҒАН БОЛАТЫН. Ия, ол – ҒАЛЫМ, ол әлгі адамды (ақиқатқа) шақырғысы келеді, оның жағдайын түзетуді, оған мүмкіншілік беруді қалайды, әрі осы мезетте ол осы қателіктерді түсінеді әрі ақиқатты қабылдайды деген үмітпен оның қателігін атап айтты, болғаны осы. Бұдан артық өршіту мен қосудың не қажеті бар?! Біртұтас болуға ұмтылу қажет. Сондықтан да, бауырлар, кейбір адамдарда тіпті «сәләфилік» ұғымының өзі де бұрмаланып кетті».

<https://youtu.be/6sO5i6JXgzQ>

<http://www.ajurry.com/vb/showthread.php?t=43084>

## Не үшін адамдар тура жолдан ауытқиды? Ибн Баздың жауабы.

---

Әрбіріміз үшін өте маңызды әрі көкейтесті!

Бірде шейх Ибн Базға, Аллаһ оны рахымына бөлесін, келесідей сұрақ қойылған болатын: «Пәлен тура жолда еді, бірақ ауытқиды. Мұның себебі неде болуы мүмкін?»

**Шейх былай деп жауап берді:** «Оның ауытқуы мына екі себептің біреуінен болған:

не ол Аллаһтан өзін (ақиқатта) бекем етуін сұрамады;

не Аллаһқа тура жол нәсіп еткені үшін шүкіршілік айтпады».

Аллаһ сені тура жолмен жүруің үшін таңдаған кезде, Ол мұны сенің әлдебір нәрсемен ерекшеленгенің немесе айырықша құлшылық еткенің үшін істеген жоқ. Бұл тек қана Оның тарапынан саған көрсетілген мейірім-нығметі ғана. Әрі Ол сенен осы нығметін кез-келген уақытта алып қоюы мүмкін. Сондықтан да өз істеріңмен және жасап жатқан құлшылығыңмен сүйсініп алданба. Әрі тура жолдан тайғандарға жек көрушілікпен қарама. Әрі егер Аллаһтың саған деген мейірімі болмағанда, сен де солардың қатарында болар едің. Мына аятты зейін салып оқы да, оған ой шол:

ولو لأن ثبتناك لقد كدت تركن إليهم شيئا قليلا

**«Егер Біз сені бекемдегенде, әрине, оларға біраз бейімделуге жақындар едің» («әл-Исра» сүресі, 74-аят).**

Яғни Аллаһ (Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)): **«Егер Біз сені бекемдегенде...»**, - деп айтты, ал, ендеше, сен туралы не айтуға болады?!

Біздің ең үлкен кемшіліктеріміздің бірі Аллаһты зікір етуге қатысты көрініс табады. Біз мұны әлдебір маңызсыз нәрсе деп ойлаймыз да, ұмытамыз. Аллаһ бізді (Оны) зікір (етуіміз) себепті қорғайтынын ұмытамыз. Әрі тіпті, бәлкім, Ол солардың себебімен тағдырды өзгертеді.

Ибн әл-Қаиим, Аллаһ оны рахымына бөлесін, былай деген: «Пенде Құранның екі соңғы сүрелеріне тамақ, сусын және киімге қарағанда көбірек мұқтаж». Сондықтан да олар туралы: **«Аллаһты сақта, әрі Ол сені қорғайтын болады»**, - деп айтылғандардың қатарынан болу үшін, үнемі Аллаһты зікір етуге ұқыптылықпен қарайтындардан болыңдар. Әр таңда өзіңе қамал құр. Бұл дүние - қорқынышты нәрсе. Онда күтпеген нәрселер өте көп. Бірақ Аллаһ өзінің құлдарын сақтап қорғайды».

Я, Аллаһ, бізге Өзіңді зікір етуге, Өзіңе шүкір етуге және Өзіңе көркем түрде құлшылық етуге көмектесе гөр! Әмин.

## Өздерінің пікірлерімен сүйсініп алданғандар туралы

---

Шейх Абдуррахман әс-Са'ди, Аллаһ оны рахымына бөлесін, былай деген: *«Кім өз пікірімен сүйсініп алданған болса, сол міндетті түрде тура жолдан ауытқиды, әрі осы орайда өзі туралы «тура жолдамын» деп ойлайды. Өйткені оның өзімен-өзі сүйсінген қиял-фантазиясы өз күнәларын немесе кемшіліктерін көруге де, одан қалса оларды түзетуге де жол бермейді. Сондықтан да ақыл мен сыпайылыққа (адамның) үнемі (басқалармен) кеңесуі және олардың насихаттарын қабылдауы нұсқау болады. Ал надандық пен (өз-өзімен) сүйсініп алдануға (адамның) өз бетімен кетуі әрі адамдардың насихаттарын қабылдаудан бас тартуы нұсқайды»*. Қ-з: «әр-Рияд ән-надыра», 64.

## Фанатиктердің проблемасы

---

Жархшы-фанатиктер жамағатының проблемасы – олардың:

бедел түсірумен,

адамдарды талқылаумен,

ғайбатпен,

өсекпен,

сыбыстармен,

өтірік айтып жала жабумен,

т.с.с. істермен өте қатты айналысқандығы себепті қол босамаушылыққа түскендіктерінен таухидті оқып-үйренуге лайықты назар бөлмей қойғандығы.

Әрі бұлар - кезінде таухидті оқып жүргендер.

Ал олардың көпшілігіне келер болсақ, олар таухидтің не екені туралы тіпті түсінікке де ие емес.

Таухид - кез-келген ауру мен кез-келген ауытқушылықтан қалқан әрі ем.

Таухид - барлық проблемалардың шешілуі.

Таухидке оралыңдар да, Раббыларың сендерді не үшін жаратқан болса, сонымен айналысыңдар.

Бірінші кезекте бірқұдайшылық, уа, Аллаһтың құлдары!

## Жай ғана игі насихат

---

Біл, Аллаһ сені рахымына бөлесін!

Адамдардың жүректерін өзіңе тек оларға деген игі қарым-қатынас арқылы ғана қарату мүмкін.

Сондай-ақ мына да ұмытпа:

- кім кемшіліксіз досқа ие болғысы келсе, үнемі жалғыз болып өтеді,
- кім кемшіліксіз әйелді болғысы келсе, әркез бойдақ болады,
- кім кемшіліксіз туысқанға ие болғысы келсе, үнемі туысқандық байланысты үзеді.

Сондықтан да біз айналамыздағылардың қателіктеріне сабыр етуіміз керек. Өйткені өзгеше салмақты болу мүмкін емес.

Егер бақытты өмір сүргің келсе, онда:

- барлық нәрсені талқылай берме,
- барлық нәрсені тексере берме,
- барлық нәрсені талдай берме.

Өйткені алмазды мұқият талдағандар оның жай ғана көмір екенін білді емес пе?

Өзгелер жайында керектен тыс ақтарма. Оның орнына олар саған көрсететін жақсылықпен қанағаттан. Адамдар жасыратын нәрселерді әлемдердің Раббысына қалдыр. Өйткені егер адамдар айналасындағы адамдардың жүректерінде не бар екенін білгенде, қолдарынан қылыштарын тастамас еді.

## Айырмашылық - тәсілде

---

Біз, яғни сәләфилер мен такфиршілер арасында әруақтарға құлшылық ету және сол сияқты амалдар көпқұдайшылық (ширк) болып табылатынына келіспеушілік жоқ. Алайда біздің келіспеушілігіміз осындайды істейтін адамдарға қатысты үкім шығаруда.

Біз үкім шығаруды маман-ғалымдарға қалдыру керек әрі өз білгенімізбен айналыспауымыз керек дейміз. Бірақ бұл біздің ұстанымымыз такфиршілерге ұнамайды да, сөйтіп олар бізді муржилер деп айыптайды.

Тура сол сияқты, біз бен бедел түсіру (жарх) мәселесінде шектен шығушылыққа түскендердің арасында дінде дәлелсіз нәрсе істейтін немесе айтатын адам бидғат жасайтынына келіспеушілік жоқ. Алайда біздің арамыздағы келіспеушілік осындайды істейтін адамға қатысты үкім шығару мәселесіндегі тәсілде. Бұл жерде де біз: «Үкім шығаруды маман-ғалымдарға қалдырыңдар да, өздерің білгенмен айналысуды қойыңдар!» - дейміз.

Бірақ бұл оларға ұнамайды да, олар бізді... кім деп атамайды десеніңші. Аллаһқа ғана көмек сұрап сиынамыз.

## Менің ел билеушілер (әмірлер) мәселесінде ұстанатын сенімім қандай екендігі туралы ресми мәлімдеме

---

Субхан Аллаһ, осы күні болып жатқан нәрселер, дәлме-дәл мұсылмандардың алғашқы буындарының заманында да орын алған болатын.

Кейбір надан әрі бұзықтық таратушы адамдар Ибн Хузайма туралы өсек пен жала таратқанда, мұның барлығы Ибн Хузайма мен оның кейбір жолдастары арасында қарым-қатынастың бұзылуына себеп болған еді, Аллаһ олардың барлығын рахым етсін. Әрі біз осы сияқты нәрселерді осы күндері де көрудеміз. Аллаһтан көмек сұраймыз.

«Ибн Хузайма, Аллаһ оны рахымына бөлесін, былай деген: «Құран — Аллаһтың сөздері және Оның уахилары мен түсіргені, әрі ол жаратылған емес. Ал кім одан әлдебір нәрсені жаратылған деп айтса, немесе Құран бұл жаңадан пайда болған бір нәрсе десе, сол жәхми болады. Әрі менің кітаптарымды ашып қараған адамға кулләбилердің, оларға Аллаһтың лағнеті болсын, менің атымнан жеткізіп жатқан сөздерінде өтірік айтып жатқандығы айқын болады. Олар менің атымнан менің негізіме және менің дініме қарама-қайшы келетін нәрселерді жеткізеді. Әрі шығыс пен батыстың тұрғындары таухид, тағдыр және ғылым негіздері туралы мен сияқты ешкім жазбағанын біледі. Әрі мен әс-Сақафидің, әд-Дабъидің және Яхъя ибн Мансурдың

өтірікшілер екенін сенімді деп санаймын. Олар менің тірі кезімде маған жала жапты. Сондықтан да білім алып жүргендер үшін олардан мен туралы әлдебір нәрселер қабылдау тыйым салынған болып табылады. Ал олардың ішіндегі ең өтірікшісі Ибн Әби Усман. Маған мен айтпаған нәрселерді бәрінен көп жапсырған сол».

Имам әз-Заһаби, Аллаһ оны рахымына бөлесін, Ибн Хузайманың осы сөздерін келтіргеннен кейін, былай деді: «Олар (яғни Ибн Хузайма тізіп айтқан адамдар) өтірікші емес еді. Олар сенімге лайық имамдар болатын. Бірақ шейх өзіне олардан жеткізілген сөздерге сәйкес осылай деп айтқан болатын. Аллаһ жала жабу сөздерін жеткізетін әрі өсек тарататындардың сиқын бұзып, көркін кетірсін». Қ-з: «әс-Сияр», 14/279.

Мен, Ринат Абу Мухаммад, имам әз-Заһабидің дұғасына қосыламын әрі: «Әмин», - деп айтамын. Әрі осы хабарламаны оқығанның әрбірінен «Әмин» деп айтуын сұраймын!

Сондай-ақ мен осы күндері «Сунна-Пресс» редакциясынан болған кейбір адамдардың және оларға ілесушілердің мені хауариждік сенімдерге ие деп мәлімдеп жүргендерін, әрі осы жалалы мәлімдемелердің негізінде менен және менің сабақтарымнан өзгелерді сақтандырып жүргендерін айтқым келеді.

Мен, имам Ибн Хузайма сияқты, біріншіден, бұның өтірік әрі жала екенін мәлімдеймін.

Екіншіден, менің мұсылман ел билеушілеріне (әмірлеріне) қатысты сенімдерім келесідей:

- ✓ Мен мұсылмандардың ел билеушісіне (әміріне) мойынсұну әрі бағыну әһлу-Сунна негіздерінің бірі болып табылатынына мығым сенемін. Бұл ел билеуші салиқалы, не бұзық болса да.



- ✓ Мен мұсылмандар өз араларынан болған ел билеушілеріне (әмірлеріне) бағынулары міндетті екеніне Сүннетті ұстанушылар (әһлу-Сунна) бірауызды келісімде деп мығым сенемін, мейлі ол салиқалы, мейлі бұзық болса да.
- ✓ Мен мұсылмандардың ел билеушісіне (әміріне) мейлі сөзбен, мейлі іс-әрекетпен қарсы шығу харам (тыйым салынған) болып табылатынына, әрі мұндай нәрсе хауариждердің іс-әрекеттері болып табылатынына мығым сенемін.
- ✓ Мен кез-келген әскери қимылдар тек мұсылмандардың ел билеушілерімен (әмірлерімен) бірге және оның рұқсатымен ғана жүргізілетініне мығым сенемін.
- ✓ Мен мұсылмандардың ел билеушісі (әмірі) қандай жолмен билікке келген болса да: өзінен бұрынғы әмірдің тағайындауымен ба, әлде билікті күшпен алу арқылы ма, немесе сайлау және т.с.с. жолдармен ба – мұсылмандар оған бағынуға міндетті екеніне мығым сенемін.
- ✓ Мен мұсылман ел билеушісіне бағыну Аллаһқа құлшылық жасаудың бір түрі екеніне мығым сенемін. Әрі мүмин адам ел билеушісіне бағынып, Аллаһтың сый-сауабынан үміт етеді, ал ел билеушісіне мойынсұнбаудан Аллаһтың жазасынан қорқады.
- ✓ Мен мұсылмандардың мұсылман ел билеушісіне (әміріне) шариғатқа қайшы келмейтін нәрседе бағынуға міндетті екеніне мығым сенемін.
- ✓ Мен ел билеушісіне (әмірге) бағыну әрі осы негізге өзгелерді шақыру Сүннетті ұстанушылардың (әһлу-Суннаның) хауариждерден әрі солар сиқтылардан айырықша ерекше сипаты екеніне мығым сенемін.

- ✓ Мен мұсылман адам өз мұсылман ел билеушісіне (әміріне) ықыласты қарым-қатынаспен (нұсх) міндетті екеніне мығым сенемін.
- ✓ Мен ел билеушісінің (әмірдің) әділетсіздігі немесе бұзықтығы оған қарсы шығуды (хуруж жасауды) рұқсат етпейтініне мығым сенемін.
- ✓ Мен «ел билеушісінің (әмірдің) әділетсіздігі немесе бұзықтығы оған қарсы шығуға рұқсат ететін себеп бола алады» деп санайтын адам Сүннетті ұстанушылардың (әһлу-Сунна) сенімдерінің шеңберінен шығып кететініне мығым сенемін.
- ✓ Мен, егер әлдебіреу маған жоғарыда аталып кеткен сенімдеріме қарама-қайшы келетін қандай да бір өзге сенімдерді жапсырса, сол халықты біздің бірқұдайшылық пен Сүннетті оқытатын сабақтарымыздан бет бұрғызуды қалайтын өтірікші, жала жабушы немесе екіжүзді, немесе кәпір елдерінің арнаулы қызметтерінің қызметкері болып табылатынын мәлімдеймін.

Әрі сонғысы, осы күні мені харижилікте айыптайтындардың көбісі Сүннетті ұстанушылардың (әһлу-Суннаның) ел билеушілеріне (әмірлерге) қатысты мен жоғарыда атап өткен сенімдері туралы тіпті білмейтіне сенімім мол.

Әрі мен білім талап етушілерге өтірік жапсырып жала жабушыларды келесі хадиспен сақтандырып, ескерту жасаймын:

Язид ибн Шәжара, Аллаһ оған разы болсын, былай деген: *"Ақиқатында, Тозақта шыңыраулар бар, әрі әр шыңырауда теңіз жағалауы секілді бір нәрсе бар. Ол жерде түелердің мойындарындай ұзын мойынды жәндіктер мен жыландар, сондай-ақ үлкендігі қашырдай шаяндар бар. Тозақ тұрғындары жазаларының жеңілдетілуін сұраған кезде, оларға: «Сол жағалауға барыңдар», - деп айтылады. Содан соң әлгі жәндіктер олардың еріндеріне және бүйірлеріне жармасады да, оларды Аллаһ қанша қаласа,*

сонша уақыт пара-парасын шығарып жыртып бастайды. Кейін олар (баяғы кейінтеріне) қайтарылады да, қатты жарыққа қарай ұмтылады, кейін оларға сондай қышыма бөртпе жіберіледі де, олардың біреуі денесін қаси бастаса, мұны сүйегі көрінгенге дейін істейтін болады. Кейін мұндайға: «Уа, пәлен, бұл саған азап шектіруде ме?» - деп айтылады. Ол: «Ия!», - деп жауап береді. Сонда оған: «Бұл саған мұминдерге жәбір-зиян тигізгенің үшін!» - деп айтылады». Әл-Хақим 3/493, әл-Байһақи «әл-Ба'с уаннушур», 298. Шейх әл-Әлбани сенімділігін растаған. Қ-з: «Сахих әт-тарғиб» 3677.

## Көпшілік туралы

---

Әлдебіреу саған күмәнді нәрселермен (шубухаттармен) келсе әрі осыны өзінің:

«Қарашы,

— көпшілік, немесе барша, немесе бауырлардың дерлік барлығы осыны ұстануда;

— көпшілік, немесе барша, немесе бауырлардың дерлік барлығы пәленді тыңдайды;

— көпшілік, немесе барша, немесе бауырлардың дерлік барлығы пәленді тыңдауды қойды», - дегендей сөздерімен бекемдеп жатса,

онда мынаны БІЛ:

Егер сен Құрандағы «адамдардың көпшілігі» أَكْثَرُ النَّاسِ деген сөздерге қарасаң, онда олардан кейін былай деп айтылатынын көресің:

— **білмейді** («әл-Әғраф» сүресі, 187-аят)

وَلَكِنَّ أَكْثَرَ النَّاسِ لَا يَعْلَمُونَ

— шүкіршілік етпейді («әл-Бақара» сүресі, 243-аят)

وَلَكِنَّ أَكْثَرَ النَّاسِ لَا يَشْكُرُونَ;

— иман келтірмейді («Худ» сүресі, 17-аят), т.с.с.

وَلَكِنَّ أَكْثَرَ النَّاسِ لَا يُؤْمِنُونَ.

Сондай-ақ!

Егер сен Құрандағы «олардың көбісі» أَكْثَرُهُمْ деген сөздерге қарасаң, онда олардан кейін былай деп айтылатынын көресің:

— бейхабар, білімсіз («әл-Әнғам» сүресі, 111-аят)

وَلَكِنَّ أَكْثَرَهُمْ يَجْهَلُونَ;

— бұзық-пасықтар («әл-Әғраф» сүресі, 102-аят)

أَكْثَرَهُمْ لَفَاسِقِينَ;

— өз жорамалдарына ілеседі («Йунус» сүресі, 36-аят)

وَمَا يَتَّبِعُ أَكْثَرُهُمْ إِلَّا ظَنًّا;

— көпқұдайшылдар («Йусуф» сүресі, 106-аят)

وَمَا يُؤْمِنُ أَكْثَرُهُمْ بِاللَّهِ إِلَّا وَهُمْ مُشْرِكُونَ;

— (ақиқаттан) кері бұрылады («әл-Әнбия» сүресі, 24-аят)

بَلْ أَكْثَرُهُمْ لَا يَعْلَمُونَ الْحَقَّ فَهُمْ مُعْرِضُونَ;

— естімейді («Фуссыләт» сүресі, 4-аят)

أَكْثَرُهُمْ فَهُمْ لَا يَسْمَعُونَ;

— мал сияқты («әл-Фурқан» сүресі, 44-аят)

أَمْ تَحْسَبُ أَنَّ أَكْثَرَهُمْ يَسْمَعُونَ أَوْ يَعْقِلُونَ إِنْ هُمْ إِلَّا كَالْأَنْعَامِ بَلْ هُمْ أَضَلُّ سَبِيلًا (εε)

— түсінбейді («әл-’Анкабут» сүресі, 63-аят)

т.с.с.

Сондықтан да!

Аллаһ Тағала олар туралы:

وَقَلِيلٌ مِّنْ عِبَادِيَ الشَّاكِرُونَ

«Бірақ құлдарымның арасында шүкір етушілер аз» («Саба» сүресі, 12-аят);

وَمَا آمَنَ مَعَهُ إِلَّا قَلِيلٌ

«Негізінде, онымен бірге иман келтірген өте аз ғана еді» («Һуд» сүресі, 40-аят), - деп айтқандардан болуға тырыс.

Сондықтан да ешқашан көпшілікпен сүйсініп алданба. Ақиқат көпшілікпен емес, кімде сахабалар түсінуіндегі Құран мен Сүннеттен дәлел болса, солармен.

## Ғалымдарға деген ең немқұрайлы қатынас оның жақындары мен айналасындағы адамдарынан болады

---

Аллаһ Тағала қауымдардың өз пайғамбарлары туралы былай деп айтатынын жеткізген:

«Адам баласына тура жол келген кезде, олардың: “Аллаһ адамды пайғамбар етіп жіберді ме?”, - деген сөздері ғана иман келтірулеріне бөгет болды» («әл-Исра» сүресі, 94-аят).

Табиғиндердің бірі болған 'Уруа былай деген: «Ғалымдарға деген ең немқұрайлы қатынас оның жақындары мен айналасындағы адамдарынан болады».

Кейбір қалаларда ғалымдар мен білім талап етушілер өмір сүреді, бірақ халық оларға өздері сияқты біреу ретінде қарайды да, сол себепті оларға көңіл бөлмейді. Тіпті оларға өздері сияқты біреуі ретінде қарым-қатынас жасап жатады. Тіпті оған өздері сияқты біреу деп жәбір де тигізеді. Ал басқа халықтар болса олардан алыс тұрады, әрі олармен кездесіп бір неше сәт болса да бірге болуды армандайды.

Өз ғалымдарыңды, білім талап етушілеріңді, олар араларыңда кезде құрметтеңдер және бағалаңдар...

## Жай ғана ықыласты насихат

---

Абдуллаһ бин Мас'уд, Аллаһ оған разы болсын, былай деген: «Ақиқатында, түсініксіз нәрселер (муштабихат) пайда болады. Сондықтан да асығыстық жасаушылардан болма. Әрі адам үшін оның жамандықта жетекші болғанына қарағанда, игілікте ілесуші болғаны жақсырақ (екенін біл)». Ибн Батта «әл-Ибана әл-Кубра».

Сондықтан да, менің бауырларым мен әпке-қарындастарым, егер әлдебіреу сізді Сүннетті ұстанатындығымен танымал болған ғалымнан немесе білім талап етушіден сақтандырып жатса, әрі өзі осы орайда білім иесі болса және осыны өсектің, өтіріктің және дәйексіз бос сөздердің емес, білім мен Құран және Сүннеттен алынған дәлелдердің негізінде жасап жатса, демек, бұл сақтандыруда жақсылық-қайыр бар.

Әрі сондықтан да, бұл туралы Ибн Мас'уд айтып жатқанындай, осы игілікте ілесуші (яғни соңындағылардан) бол. Яғни кімнен сақтырып жатса, соны жай үндемей таста да, өзің күмәнданбайтын ғалымдар мен білім талап етушілерді тыңда.

Ал енді біреу сізді Сүннетті ұстанатындығымен танымал болған кісілерден сақтандырып жатса, әрі өзі осы орайда «жәһил», яғни надан, әрі таухид пен Сүннетке шақыруымен белгісіз, жас, парықсыз болса, немесе білім талап етуші деп саналса да, өзінің сақтандыруында

сақтандырып жатқан кісінің адасушылықтарына нұсқайтын Құран мен Сүннеттен дәлелдер келтірместен, жай өтірік жала жауып жатса немесе өтірік пен жалаға сүйеніп жатса, әрі сен осы орайда осы эстафетаны іліп алып, бұл жайында әлеуметтік жүйелерде жазуға кіріссең, немесе смс-хабарламалар жіберсең, немесе осы туралы адамдардың арасында сөз тарата бастасаң, онда осы ісіңмен жамандықтағы жетекшіге айналасың да, өзіңе ілескен әрбір адамның күнәсінің ауырпалығын көтересің.

Өйткені жәһил-надан немесе өсек пен өтірікке сүйенетін адам өзінің сақтандыруында әділ болмайды әрі әлдебір нәрселерде шектен шығып жатады да, сонысымен мына аяттың үкімінің астына түседі:

وَيْلٌ لِّلْمُطَفِّفِينَ

**«Өлшеуде, тартуда кеміткендерге нендей өкініш!**

الَّذِينَ إِذَا أَكْتَالُوا عَلَى النَّاسِ يَسْتَوْفُونَ

**Олар қашан өлшеп алса, толық өлшеп алады да;**

وَإِذَا كَالُوهُمْ أَوْ وَّزَنُوهُمْ يُخْسِرُونَ

**Ал өздері өлшеп немесе тартып беретін болса, кемітеді.**

أَلَا يَظُنُّ أُولَئِكَ أَنَّهُمْ مَبْعُوثُونَ

**Олар қайта тірілетіндіктерін ойламай ма?**

لِيَوْمٍ عَظِيمٍ

**Сол Ұлы күнде;**

يَوْمَ يَقُومُ النَّاسُ لِرَبِّ الْعَالَمِينَ

**Ол күні адамдар бүкіл әлемдердің Раббысының алдында тұрады»**  
(«Әл-Мутаффифин» сүресі, 1-6 аяттар).

Сондықтан да осы ұлы ғалым-сахабаның насихатына құлақ салыңдар да, асықпаңдар, әрі жамандықта жетекшілер болмаңдар.



# Ғалымдар мен білім талап етушілерді қаралап-жамандау әрі оларға жапсырылып жатқан өтірік туралы

---

Осыдан 1000 жыл бұрын өмір сүрген және имам әл-Хақимнің шәкірттерінің бірі болған имам Абу Наср әс-Сижзи (Аллаһ оларды рахымына бөлесін) Зәбидтің тұрғындарына жазған хатында былай деген екен: «Осы кезде адамдар жасап жатқан нәрселер – әсіресе бұл Мағриб тұрғындарына қатысты – бұл, егер әлдебіреу оларға қандайда бір нәрседе қайшы келсе, олар ҚАРАПАЙЫМ АДАМДАРДЫҢ ЖҮРЕКТЕРІН одан теріс бұру үшін, ол туралы «ол ҒАЛЫМДАРДЫ СӨПП-ЖАМАНДАЙДЫ» деп айта бастауы, әрі ОЛ ЕШҚАШАН АЙТПАҒАН және осындай нәрселер оның сенімінде ешқашан болмаған нәрселерде ОНЫ АЙЫПТАП, оған жала жаба бастайтындары. Әрі олардың сөздеріне қайшы келетін нәрселерді айтатынның әрбірі олар үшін адасушы және құрметке лайықсыз деп саналады».

Имам әз-Заһаби, Аллаһ оны рахымына бөлесін, бұл имам туралы былай деген: «Имам, ғалым, хафиз, мужауид, Суннеттің шейхы (қариясы, не құрметті тұлғасы) Абу Наср Убайд бин Са'ид, Құран жаратылған еместігі туралы «Әл-Ибана әл-кубра» кітабын жазған. Бұл – (оны жазған) адамның асарлар (яғни сахабалардан жеткен хабарлар – ауд.) туралы біліміне нұсқайтын үлкен кітап». Қ-з: «әс-Сияр» 17/645.

P.S. Әттең, осы ұлы ғалым біздің елдерімізде де Мағрибтің тұрғындарына ұқсайтындар, тіпті олардан асып түсетіндер нендей көп екенін білгенде ғой.

Мен туралы: «Ол біздің елбилеушілерімізді жамандайды», - деп айтатын адам өтірік айтады.

Мен туралы: «Ол ғалымдарды жамандайды», - деп айтатын адам өтірік айтады.

Әрі егер мен ғалымдардың біреуімен басқа ғалымдар ол туралы оның қателескенін айтқандығы себепті келіспесем, әрі осының негізінде оныкі дұрыс емес деп айтсам, бұл оны жамандау емес.

Тура сол сияқты мен туралы: «Ол Сүннетті ұстанушылардан сақтандырады», - деп айтатындар да өтірік айтады.

Әрі мен туралы: «Ол бидғатты ұстанушыларды насихаттайды», - деп айтатындар да өтірік айтады.

Мені бір мәжілісте бір нәрсені айтып, ал содан кейін басқа нәрсе айта бастағаным туралы сөз таратып, мені екіжүзділікте айыптайтын адам да өтірік айтады. Егер адам әлдебір нәрсенің дәлелін білмеген әрі ғалымдардың осы туралы сөздерін көрмеген болса, ал содан соң дәлелдерді білсе әрі әлдебір мәселеде басқа да пікірлер бар екенін көрсе, сөйтіп осыны адасушылық деп санауды әрі айыптауды қойса, бұл екіжүзділік және екі сөйлеу деп айтылмайды.

Әлхамдулилләһ - әрі бұл Аллаһтың маған деген мейірімінен - егер мен әлдебір нәрседе қателесем әрі маған Құраннан, Сүннеттен және сахабалардың сөздерінен дәлел келтірілсе, мен әркез өз сөздерімнен бас тартамын да, дәлелді қабылдаймын. Аллаһ мені осыда бекемдеуін сұраймын.

Мен туралы: «Шәкірттері одан бас тартты», - деп айту үшін, өзін менің шәкірттеріме теліп жатқан адам өтірік айтады. Кім менің шәкіртім, ал кім менің шәкіртім еместігі туралы менің өзімнен сұраңдар.

Шейх Салих әс-Суһайми, Аллаһ оны есендікте сақтасын, былай деген: «Қорқытып үрей салу бидғатшылардың сипаты болып табылады. Қорқыту бұл осы күні жастарға зиян тигізіп жатқан нәрсе».

Соңғы кездегі менің өтіп жатқан сабақтарым - бұл ғалымдардың мына кітаптарға жазған түсіндірме-шархтары:

- «Сахих әл-Бухри»,
- «Рияду-с-солихин»,
- «әл-Адаб әл-Муфрад»,
- «әл-Ақида әл-Усатия».

Әрі кейбіреулер жастарымызды солардан қорқытып, белсенді түрде сақтандырып жатқан нәрселер де осы.

Ал егер мен әлдебір жерде Құран мен Сүннетке қайшы келетін әлдене айтқан (жазған) болсам, онда айтқан-жазғанымды көрсетіндер және дәлел келтіріңдер. Әрі сендердің өсектерің, сыбыстарың, жалаларың, ғайбаттарың маған зиян тигізе алмайды, ин ша Аллаһ.

Аллаһ бұл туралы былай деп айтқанындай:

إِنَّ مَعِيَ رَبِّي سَيَهْدِينِ

«Әсте, шынында, Раббым менімен бірге. Ол маған тура жол көрсетеді", - деді» («әш-Шу'ара» сүресі, 62-аят).

Ол сондай-ақ былай деді:

الَّذِينَ قَالَ لَهُمُ النَّاسُ إِنَّ النَّاسَ قَدْ جَمَعُوا لَكُمْ فَاخْشَوْهُمْ فَزَادَهُمْ إِيمَانًا وَقَالُوا حَسْبُنَا اللَّهُ وَنِعْمَ الْوَكِيلُ

«Оларға адамдар: «Сендерге қарсы ел жиналды, олардан қорқсаңдаршы», - деді. (Бұл сөз) олардың имандарын арттырды

да, олар: «Бізге Аллаһ жетіп асады, Ол нендей жақсы Қамқоршы әрі Қорғаушы!» - деді».

فَانْقَلَبُوا بِنِعْمَةِ مِّنَ اللَّهِ وَفَضْلٍ لَّمْ يَمَسَّ لَهُمْ سُوءٌ وَاتَّبَعُوا رِضْوَانَ اللَّهِ وَاللَّهُ ذُو فَضْلٍ عَظِيمٍ

«Сондықтан олар Аллаһтың нығметі және кеңшілігімен ешбір сәтсіздікке ұшырамай Аллаһтың ризалығына бөленіп, қайта оралды. Аллаһ зор кеңшілік иесі» («Әли 'Имран» сүресі, 173-174 аяттар).

## Олар өздерін екіжүзді деп ойламайды ма екен?

---

Ибн Умар, Мухаммад ибн Ка'б, Зәйд ибн Асләм мен Қатада былай деп баяндайтын: «Табукка жасалған жорық кезінде бір адам Аллаһтың Елшісі мен оның ҚҰРАН ОҚИТЫН сахабаларын меңзеп: «Біз осы ҚҰРАН ОҚУШЫЛАРДАН (ҚАРИЛАРДАН) асқан қомағай, өтірікші және шайқаста қорқақ ешкімкімді көрмеппіз», - деп айтты. Ауф ибн Малик оған наразылығын білдіріп: «Сен өтірікші ғана емес, сен ЕКІЖҮЗДІСІҢ! Мен міндетті түрде бұл туралы Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хабарлаймын», - деді. Сондан соң Ауф Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) барлығын баяндап беру үшін оған қарай жол алды. Алайда ол оған келген кезде, (Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл туралы) уахи одан бұрын келіп қойғанын көрді. Әлгі адам Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кешірім сұрау үшін келген кезде, Пайғамбар жолға жиналып қойған болатын және өзінің түйесінің үстінде отырған еді. Ол: «Уа, Аллаһтың Елшісі, БІЗ жай ғана жолдың ауыртпалықтарын ажарлап қою үшін ЖОЛДА ӘНГІМЕЛЕСКЕН БОЛАТЫНБЫЗ...», - деді. Ибн 'Умар былай деп баяндайтын: «Ол түйенің тартпасына бейне бір байлап қойылған тәрізіді көрінді, ал аяқтары тастарға ұрылатын, әрі өз осы орайда: «Біз

әшейін әңгімелескен әрі қалжыңдасқан едік...», - деп қайталай берді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «**Сендер Аллаһты, Оның аяттарын және Оның Елшісін келемеждедіңдер ме?**» - дегеннен өзге ешнәрсе айтпады. Ол оған назар бұрмады әрі айтқандарына ешнәрсе қоспады».

Хадисте білім иелерін, білім талап етушілерді және әһлю-Суннадан болған дінге шақырушыларды қаралаудағы имамдар (алғашқы буындар) екіжүзділер болғанына нақты нұсқау бар. Сен сан жылдардан бері адамдарды күндіз-түні таухидке және Сүннетке шақырып жатқандарды талқылап, жамандап, олардан сақтандырып ӘШЕЙІН сөйлесіп жатқанында, екіжүзді екеніңнен қорықпайсың ба?! Қорықпайсың ба?!

'Абдуллаһ бин Муләйка 30 сахабаны көріп үлгергенін, әрі олардың амалдарында игіліктен басқа ешнәрсе болмағанына қарамастан, олардың әрбірі өзін екіжүзді емеспін бе деп қорқатынын жеткізген. Ал өсекке, ғайбатқа, жала жабуға, әһлю-Суннадан болған ғалымдар мен дінге шақырушыларды жамандап-қаралауға құлағына дейін батқан және адамдарды бірқұдайшылық пен Сүннеттен бет бұрғызып жатқан сен өзіңді мунафиқ емеспін бе деп қорықпайсың ба?!

Ибн Масғуд, Аллаһ оған разы болсын: «*Екіжүзділіктен тек екіжүзді ғана қорықпайды*», - деп айтқан екен.

## Білім ізденушілер және күмән-шүбә ізденушілер туралы

---

Осы күндері адамдар екі санатқа бөлінді:

Білім ('илм) талап етушілер,

Күмән-шүбә талап етушілер.

Демек уағыздаушы-шақырушылар да тиісінше екі санатқа бөлінеді:  
білімге шақырушылар,  
күмән-шүбаларға шақырушылар.

Білім ('илм) бұл:

- Аллаһ айтты,
- Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтты,
- сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) айтты.

Күмән-шүбалар бұл:

- пәлен айтты,
- түген айтты,
- аңда естідік,
- мыңда естідік.

Ендеше, өзіңе қарашы, сен кімнің қатарыңдасың?

Аллаһ бізді қорлықтан сақтасың! Әмин!

## Дұға етудің өзі ғана аз, себептерді де алу қажет

---

Аллаһқа: «Уа, Аллаһ, маған хақты хақ етіп көрсет әрі оған ілесуіме көмектесе гөр, және маған жалғанды жалған етіп көрсет те, одан сақтануыма көмектесе гөр!» - деп дұға ететін, бірақ осы орайда Құран мен Сүннетті оқып-үйрену арқылы тиісті себептерді алмайтын адам, Аллаһтан ризық-несібе сұрайтын, бірақ осы орайда өзі диваннан жамбасын көтермейтін адам секілді болады.

Біз тәуекелдің құрамдас бөлігі себептер болып табылатынын білеміз. Сондықтан да ғалымдар: «Кім себептерді алып, Аллаһқа тәуекел етпесе, сол көпқұдайшыл. Ал кім Аллаһқа себептерді алмай тәуекел етсе, сол ақылсыз», - дейді.

Сондықтан да адам осы күндері орын алып жатқан фитна-бүліктердің «аясында» өзі үшін өтірік қай жақта, шындық қай жақта екенін тек ақиқаттың өлшеуіші болған Құран мен Сүннетті терең оқып-білу арқылы ғана анықтай алады.

Құранды тәпсірімен және Сүннетті ғалымдардың түсіндірмесімен үйрену арқылы адам ненің ақиқат екенін, әрі кім сол ақиқатты ұстанушы екенін, сондай-ақ ненің адасушылық екенін, әрі кім сол адасушылықтың ұстанушысы екенін түсіне алады.

Ал осы кездегі білімсіз жастардың өздерінің ұлттық, немесе туысқандық немесе достық байланыстарына, немесе түйсіксіз деңгейде «сән» деген түсінікке негізделіп (яғни «елдің барлығы осыны тыңдап жүр, ал пәлен модадан қалды ғой» деген ұстаныммен), немесе үйірлік инстинкті басшылыққа алып<sup>1</sup> істеп жатқан кімді дұрыс ал кімді дұрыс емес деп есептеулеріне келер болсақ - мұның барлығы дұрыс емес. Мұның барлығы – адасушылық.

Дәжжәлдан құтылатын жігітті не құтқаратынын еске алыңдаршы? Тек Сүннетті білуі! Бұл туралы ұзын хадисте былай деп баяндалатындай: «Бұл мұмин оны (Дәжжәлді) көріп: «Уа, адамдар, бұл ол туралы Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) АЙТЫП КЕТКЕН Дәжжәл ғой!...», - дейді. Сонда Дәжжәл оны бауыздау үшін ұстап алады, бірақ Аллаһ оның мойны мен бұғанасының арасындағы дене мүшелерін мысқа айналдырады, әрі Дәжжәл оған еш нәрсе істей алмайды». Муслим.

---

<sup>1</sup> Әрі осы біздің кезімізде ақиқаттың ең кең таралған өлшеуішіне айналды.

Осы бүлікті түсіну үшін шейх Усайминнің «Рияду-с-солихин» кітабына жасаған түсіндірмесін зерттеудің өзі жеткілікті болады, өйткені ол аяттар мен олардың тәпсірлеріне және хадистер мен олардың түсіндірмелеріне толы.

## Білім талап етушілерді және Құран мен Сүннетке шақырушыларды жамандап-қаралайтындар туралы, әрі жамандалып жатқан білім талап етушілер мен Құран және Сүннетке шақырушылар туралы

---

Соңғы кезде мен кейбір бауырлардан бұрын көркем мінезділігімен және білімге деген құлшынысымен танылған әлдебір бауырдың мені немесе бауырымыз Сұлтанды немесе бауырымыз Абу Яхьяны жамандап, түрлі адасушылықтарда айыптай бастағанын естудемін. Олар өздерінің осы күні Ислам туралы білетін нәрселерін дәл сол көздерден алған болса да.

Бауырлар, бұған көңіл бөлудің қажеті жоқ деп айтқым келеді. Аллаһтың разылығы үшін:

- ешкіммен айтыспаңдар,
- ешкімге ешнәрсе дәлелдемеңдер\*,
- өздеріңнің асыл уақыттарыңызды «теріске шығару» ұранымен бүркенген әртүрлі өсектерді, ғайбат пен жамандауларды оқумен кетірмеңдер, тіпті оларға жауап та бермеңдер.



Көптеген жастар бүлікпен мас болып жүр, әрі бұл тікелей мағынада айтылған сөз. Ал мас адаммен айтысу бетон қабырғасымен айтысумен тең.

Әрі ең бастысын ұмытпаңдар!

Жоғарыда аталған Құран мен Сүннеттің дағуатшылары өз миссияларын орындады. ӘлхамдулиЛләһ, оларға күйе жағып ғайбаттап жүргендер:

- Таухид пен оның маңызын,
- ширк пен оның қауіпін білді,
- Сүннет не екенін және оны оқып-үйренудің маңыздылығын,
- бидғат не екенін және одан аулақ болудың маңыздылығын түсінді.

ӘлхамдулиЛләһ, міне, жетістік әрі талап етілген нәтиже де осы болатын.

Ал жеке маған әрі менің жоғарыда аталған құрметті бауырларыма өзіміз оқытып жатқан адамдардың жақсы көруі де, алғысы да, құрметтеуі де керек емес. Біз, ин ша Аллаһ, тырысып жатырмыз әрі Аллаһ Тағаладан бізді олар туралы Оның Өзі былай деп айтқандардан етуін сұраймыз:

إِنَّمَا نَطْعُمُكُمْ لَوَجْهِ اللَّهِ لَا نُرِيدُ مِنْكُمْ جَزَاءً وَلَا شُكْرًا

**«Олар: "Шын мәнінде, сендерді Аллаһтың ризалығы ҮШІН ҒАНА тамақтандырамыз. Сендерден бір СЫЙ, НЕ АЛҒЫС ТІЛЕМЕЙМІЗ", - дейді» («әл-Инсан» сүресі, 9-аят).**

Сондықтанда, мен «біз үшін адамның бізді жек көретін бола тұра, бірқұдайшыл болып, Сүннетке сәйкес өмір сүруі, оның бізді жақсы көріп, бірақ ширк немесе бидғат істегенінен сүйіктірек» деп ойлаймын, әрі бауырларым Арсен мен Сұлтан да осыда менімен келісер.

Сондықтан да бауырларымызға айтарым: түрлі шабуылдар мен жамандауларға көңіл бөлмеңіздер. Ал осы адамдарды көрген кездеріңде, Пайғамбарларың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сендерге үйретіп кеткен мына сөздерді айтыңдар:

الْحَمْدُ لِلَّهِ الَّذِي عَافَانِي مِمَّا ابْتَلَاكَ بِهِ، وَفَضَّلَنِي عَلَى كَثِيرٍ مِمَّنْ خَلَقَ تَفْضِيلًا

**«Сенің басыңа түскен нәрседен мені аман еткен және мені Өзінің көп жаратылыстарынан ардақты еткен Аллаһқа мадақ!»** Тирмизи.

Осы дұғаны айтыңдар да, олардың деңгейіне дейін түспеңдер.

Аллаһ Тағала олар туралы былай деп айтқандардан болыңдар:

وَعِبَادُ الرَّحْمَنِ الَّذِينَ يَمْشُونَ عَلَى الْأَرْضِ هَوْنًا وَإِذَا خَاطَبَهُمُ الْجَاهِلُونَ قَالُوا سَلَامًا

**«Рахманың құлдары жерде сыпайы түрде жүріп, оларға білімсіздер тіл тигізсе: "Сәләм", - деп, дұрыс жауап береді»** («әл-Фурқан» сүресі, 63-аят).

Мұның барлығын тастаңдар да, Құран мен Сүннетті оқып-үйренумен айналысыңдар. Міне, осы – пайда келтіріп, жүректерге тыныштық сыйлайды.

Аллаһ Тағала былай деп айтқанындай:

إِنَّ اللَّهَ يُضِلُّ مَنْ يَشَاءُ وَيَهْدِي إِلَيْهِ مَنْ أُنَابَ

**«Расында, Аллаһ кімді қаласа, адастырады да, Өзіне бұрылғанды тура жолға салады», - де.**

الَّذِينَ آمَنُوا وَتَطْمَئِنُّ قُلُوبُهُمْ بِذِكْرِ اللَّهِ أَلَا بِذِكْرِ اللَّهِ تَطْمَئِنُّ الْقُلُوبُ

**Сондай иман келтіргендер, Аллаһты еске алу арқылы жүректері жай тапқандар. Естеріңде болсын, Аллаһты еске алумен жүректер орнығады»** («әр-Рағд» сүресі, 27-28-аяттар).

Әрі соңында осы бүлікке түсіп, жамандап-қаралаумен, сақтандырумен т.с.с. істермен айналысып кеткендерге жолдау жасағым келіп тұр.

Жүрегінде кішкентай болса да тірі нәрсе қалған адамға айтқым келетіні: бір неше сәтке болса да үйірлік инстинкттен бас тартып, өзіңмен өзің оңаша қал да, бұл туралы Аллаһ Тағала «Саба» сүресінің, 46-аятында:

قُلْ إِنَّمَا أَعْظُمُكُمْ بِوَاحِدَةٍ أَنْ تَقُومُوا لِلَّهِ مِثْلَىٰ شِئْءِي وَفُرَادَىٰ ثُمَّ تَتَفَكَّرُوا مَا بِصَاحِبِكُمْ مِنْ جِنَّةٍ إِنْ هُوَ إِلَّا نَذِيرٌ لَّكُمْ بَيْنَ يَدَيْ عَذَابٍ شَدِيدٍ

«(Мухаммад) оларға: "Шын мәнінде, сендерге бір нәрсені ғана уағыз етемін: Аллаһ үшін екі-екіден, бір-бірден тұрыңдар да, сосын ойланыңдар. Жолдастарыңда бір жындылық жоқ. Ол сендер үшін келетін қатты азаптан алдын ала ескертуші ғана", - деп айтқанындай, сенің осы бүлікте жүргеніңнің нәтижесі қандай болғаны туралы ойланшы:

Сен Аллаһқа жақындадың ба?

Иманың өсті ме?

Мінез-құлқың жақсарды ма?

Көбірек игі амалдар жасайтын болдың ба?

Осы уақыт ішінде Құран мен Сүннеттен әлдебір жаңа нәрсе білдің бе?

Жаңа кітаптар оқыдың ба?

Жаңа лекциялар тыңдадың ба?

Бәлкім, өз-өзіңе осы сұрақтарға жауап беріп, сен болып жатқан нәрселерді түсінерсің.

\* Мен бауырлар оларды тастап, көңіл бөлмесін дегенімде, адасушылық пен Сүннеттен ауытқу туралы үнсіз болу дегенді меңземеймін. Егер әлдебіреу адасса әрі басқаларды да адасушылыққа салып жатса, үнсіз қалмау әрі адасушылықтарды теріске шығару керек.

# Шейх Халид әр-Раддадиге ашық хат

---

*Құрметті шейх Халид әр-Раддадиге, Аллаһ оны есендікте сақтасын, оның Ринат Абу Мухаммад туралы айтқан соңғы сөздері туралы*

*«Адамдарды Сүннеттен шығару – салмағы ауыр нәрсе!» (имам Ахмад бин Ханбәл).*

*«Мен дұрыс манһажды (ұстануымен) белгілі болған білім талап етушілердің беделін жарх мәселесі бойынша келіспеушіліктері себебімен түсіруге жол бермеймін. Кейін әлгілер (жархпен айналысушылар) шейхтарға барады да, олардың сенімін пайдаланып, оларды (өз айтқандарына) сендіреді, әрі шейхтар осы бауырлардың беделін түсіріп, оларды сенімсіз ете бастайды. Мен мұндайды мүлде құптамаймын». Шейх Салих әс-Суһайми.*

*«Ол (яғни Ахмад Базмул): „Салим әт-Тауил хизбилерді мақтайды. Салим әт-Тауил кувейттің сәләфи шейхтарын қолдамайды...“, - деп айтады. Балкім оған әлдебір нәрселер дұрыс жеткізілмейтін шығар. Шын мәнінде, мен бұл тұлғаны (Ахмад Базмулді) білмейді екенмін. Алайда мұндай нәрселерге сенетіндер, олардың жағдайы Дәжжалға сенетіндердің жағдайы сияқты. Айтыңдаршы, не үшін сендер оның Салим әт-Тауил туралы айтқандарына сендіңдер?! Сендер Салимді білмейсіңдер ме сонда?! Мен кейбіреулерді бұл туралы: «Сен Салимді қанша жыл білесің?» - деп сұрадым. Ол: «Он бес жыл», - деп жауап берді. Аллаһ Пәк! Онда сен қалайша ол туралы осындай мәлімдемелерді қабылдай аласың?! Егер Дәжжал келсе, барша оның ізінен ілесе кетеді. Дәжжалда бұрын-соңды болмаған күш бар, ал Базмулде ол жоқ (қой)». Шейх Фаләх Мандакар.*

## Кіріспе

Көптеген мұсылмандар интернет кеңістігінде бірнеше күн бұрын пайда болған, онда шейх Халид әр-Раддади бауырымыз Ринаттан

сақтандыратын әрі оны ең адасқан бидғатшыға әрі тіпті Сүннетті жақсы көретіндігін және бидғатты жек көретіндігін өтірік жария ететін екіжүздіге лайық болған сипаттармен сипаттаған бейне ролигін көрген болар.

Шейхтың бұл бейнетаспасы көптеген орыс тілді сәләфилерді, әрі солардың ішінде мені әрі СФ сайтындағы бауырларымызды да ренжітті. Басқаша болуы да мүмкін емес, өйткені осыдан екі ай бұрын ғана Ринат бауырымызды мақтаған шейх енді өз айтқандарына мүлдем қарама-қайшы нәрселер айтуда.

Кім екендігі көпке мәлім кейбір табалаушы адамдар шейхқа Ринат бауырымыз туралы толық бұрмаланған суреттеме бергенінде күмән жоқ. Әрі шейх естігенін тексеріп-нақтыламай, немесе тым болмағанда бұрынғы айтқандарынан бас тартып, оны бидғатшылықта айыптамай-ақ әрі одан сақтандырмай-ақ: «Бұл адам туралы хабарлар қарама-қайшы, сондықтан да мен оған берген тазкиямнан бас тартамын», - деп айта қоймай-ақ, осындай таспа шығаруға асыққандығы қынжылтады.

Ал осы аты шулы таспаның авторларына келер болсақ, онда олар шейхтың кейбір сөздерін аудару барысында асыра сілтеп жіберген болатын, мысалы, олардың «муталә'иб» сөзін «жулик», «махинатор» т.с.с. деп аударуы. Алайда бұл басқа тақырып. Әрі олардың Ринаттың шейх Халид әр-Раддадиге қойған, әрі осы олардың айтуы бойынша оның Ринатқа деген күдігін оятқан сұрағына қатысты бауырымызға жапқан ап-ашық өтірігі бізді таң қалдырды. Сөз Ринаттың шейхқа СФ-дағы бауырларымыз бен Гамет және оның қол астындағылары арасында орын алып жатқан билеушілер мәселесіне әрі бұл мәселемен емтихандау т.с.с. мәселелерге қатысты орын алған бүлік туралы жіберген «осы мәселені сәләфилер арасында бөлініп-жіктелудің әрі сақтандырудың себебіне айналдыруға болады ма?» деген сұрағы туралы болуда. Ол оған әр тараптың сілтеме жасайтын дәйектерін қысқаша атап өтіп, гаметшілдер мен сунна-прессшілер

сақтандыратын сәләф-форумның сіңірген еңбектерін келтірген болатын. Бұл сұрақ құрамында оны қоюшыға байланысты күдік туғызатындай ешнәрсе жоқ еді, өйткені тура осындай сұрақты мен және басқа да бауырлар өзге шейхтарға да қойған болатынбыз, әрі олардың ешқайсысы мұндай жауап айтқан жоқ.

Бұған қоса, роликтің авторлары Ринат олардың билеушісінің заңды екеніне күмәнданды деп өтірік айтты. Өйткені Ринат тура осы шейхқа жазған хатында жеке өзінің осы мәселеде шейх Усайминнің «билеуші мұсылман болса, ол заңды болып қала береді» деген пікірін ұстанатынын айқын жазған болатын. Алайда бұзық өтірікшілер үшін өздерінің жауыз мақсаттарына жету үшін жала жауып өтірік айтуда тұрған ешқандай ұятты нәрсе жоқ. Ал олардың кейіннен роликтің соңғы жағын және осы сөздерді өзгерткендігі оларды жауапкершіліктен босатпайды, әрі бұған екі себеп бар:

Біріншіден, олардың осы сөздері айтылатын бірінші жасаған ролигі ватцапта таралып үлгерді.

Екіншіден, олар ашық түрде тәубе жасамады әрі Ринатқа өтірік жапсырып жала жапқандығын (мойындап) айтпады.

Әрі олар өздерінің ролигінің соңында шейх Халид Ринат бауырдың осы сұрағына қарсы пікір білдірген аудио-жауабын шығарады-мыс деп жазғаны да таң қалдырады. Бұл маған шейх Ибраһим әр-Рухайли айтып берген, бірде ол бір шейхқа өзінің еңбегін оқуы әрі оның қателіктеріне нұсқауы үшін бергенін, ал ол болса оған алдын ала ешнәрсе хабарламастан, оның осы еңбегіне қарсы пікір жазып жариялағаны туралы оқиғасын есіме түсірді. Егер Ринат бауырдың сұрағында әлдебір нәрсе дұрыс болмаған болса, онда сұрақ сол үшін сұрақ емес пе, шейх оған жеке жауап беріп, Ринаттың қателігі қай жерде екенін түсіндіріп бермеді ме?

Қалай болғанда да, болған нәрсе болды, алайда өз мойнымызға кішігірім бастамашылдықты алып әрі бауырларымызбен кеңесіп, біз шейх Халид әр-Раддадиге ашық хат жаздық та, одан өзінің Ринат бауырымызды осындай қорқынышты нәрселерде айыптауларына дәйектер келтіруін сұрадық. Шейх бізге жауап береді деп үміт етеміз, өйткені білім иелері өз сөздеріне басқаларға қарағанда көбірек есеп берулері және олар үшін жауапкершілік көтерулері керек.

Содан соң, жамандық ойлаушылардың біржақты түсіндірмелері арқылы ойдан айып тоқып тағуға деген әдеттері мен бейімділіктерін білгендіктен, біз бұл хаттың шейх Халидті айыптау да, оны теріске шығару да, басқа да емес екендігін бірден атап айтқымыз келеді. Бұл тек шейхтың Ринат дағуатымен жақсы таныс болған сәләфи бауырларымыздың арасында түсінбеушілік пен таңдану толқынын көтерген өз айыптауларында нақты не нәрселерге сүйенгенін анықтау үшін қойылған сұрақтар ғана.

Сондай-ақ сәләфтар мен имамдардың: «Білімі аздау әрі салиқалы адамның білімі көптеу әрі салиқалы басқа кісіге тіпті ескерту және сөгіс білдіруге құқығы бар», - деген сөздері бар екенін де қоса айтуға болады. Өйткені бір-біріне насихат айту, бұны Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өсиет еткеніндей, барша мұсылмандардың бір-бірінің алдындағы міндеті болып табылады. Мысалы, имам Исхақ ибн Ахмад әл-'Әлси былай деген: *«Егер білімі аздау адам білімі көбірек болған адамға сөгіс білдірмегенде, онда «жақсылыққа шақыру» үкімі құлдырауға келер еді де, біз олар туралы Аллаһ Тағала: «Олар бір-бірін істеген жамандықтарынан тыймайтын еді» (5, 79), - деп айтқан Исраил ұрпақтарына ұқсап кетер едік. Керісінше, жақсы жақтары аздау болған адам жақсы жақтары көбірек болған адамға, ал күнахар Аллаһтың әулиесі болған адамға сөгіс білдіруге құқықты».* (Қ-з: «әз-Зәйл 'алә табақат әл-ханабилә», 2/206).

Бірақ, десе де, біздің хатымызда шейх әр-Раддадиге деген ешқандай айыптау да, оны теріске шығару да жоқ, алайда тек сұрақтар және құрметпен әрі шейхты ислам қайраткерлерінің ар-намысына қатысты және тұтас қауымдарға тиетін қауіпті мәселелер бойынша шешім шығару кезде сенімсіз хабарларға сүйенуден сақтап қалу ниетімен айтылған ескертпелер ғана бар.

Әрі мұсылмандарға тағы айтып қойғымыз келгені, біз өз хатымызды жазған соң оны кейбір шейхтарға жібердік, ал олар: «Шейх әр-Раддадиге бұл сұрақтарға жауап беру және өзінің айыптауларын дәлелдеп негіздеу міндетті (уәжіп) болып табылады, кері жағдайда ол бауырдың алдында тура осылайша ашық түрде кешірім сұрауға тиісті», - деп жауап берді.

Сонымен, мынау біздің хатымыздың аудармасы әрі шейхқа жіберілген мәтіннің түпнұсқасы:

## Құрметті шейх әр-Раддадиге ашық хат

Аллаһқа мадақ әрі ол бізге жеткілікті. Ол ардақтап таңдаған (Пайғамбарымызға) игілік пен сәлем болсын.

Содан соң:

Әс-сәләму аләйкум уа рахмату-Ллаһи уа баракатуһ!

Имам Ахмад пен имам әт-Тирмизи от Абу Дардадан, Аллаһ оған разы болсын, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқан хадисін жеткізеді: *«Кім бауырының ар-намысын қорғаса, Аллаһ Қиямет күні оның жүзін Оттан қорғайды»*. Қ-з: «Сахих әл-Жәми' әс-Сағир» № 6262.

Шейхымыз, расында, бауырымыз Ринат Абу Мухаммад сәләфи әрі Ресей елдерінде бірқұдайшылық пен Сүннетті тарата бастаған



алғашқылардың бірі болып табылады. Бізді бұл кісімен не дүние мәселелері, не сауда-саттық, не осылардан болған басқа ешнәрсе байламайды. Алайда бізді осы хатты жазуға дінге деген қызғаныш сезіміміз итермеледі. Сондықтан да біз бауырымыздың ар-намысын қорғауды әрі сізден оған жасаған жархыңыздың кейбір жайттарын нақтылап алуды ұйғардық. Аллаһ осы үшін бізге сауап жазады деп үміт етеміз, ақиқатында, Ол – аса Қайырымды әрі ерекше Мейірімді.

Шейх Халид, Аллаһ сізді игілігіне бөлесін, сіздің біз үшін жақсы таныс болған әрі орыс тілді ортаның мұсылмандары да жақсы білетін бауырымыз Ринат Абу Мухаммад әт-Татари жайында айтқан соңғы сөздеріңіз бізді өте қынжылтты.

Уа, шейх, сіздің ол туралы осыдан шамамен екі ай бұрын айтқан оның игілікке деген ұмтылысын көргеніңізді және бауырларға онымен байланыста болуын насихаттаған жақсы сөздеріңізді естігенімізде қуанышымыз неңдей күшті болғанын көрсеніз еді. Әрі біздің қуанышымыз бауырымыздың тазкияға мұқтаж болғандығында емес еді, Аллаһпен ант етеміз, олай емес. Ақиқатында, адамға тазкияны, бұл туралы шейх Раби' әл-Мадхали, Аллаһ оны есендікте сақтасын, айтқанындай, оның істері мен ынта-ыждағаты береді. Алайда біздің қуанышымыздың себебі Ринат бауырымыздан сақтандыратын бүлікшілер тілдерін тыятынына және оған зәбір тигізуін тоқтататынына үміттенуімізде еді.

Дегенмен сіз (солар) бүгін «Ринат – Сүннет жолынан ауытқыған адам!» деген ұранның астында таратып жүрген ол туралы он (дінмен) ойнайтын, Сүннетке жақсы көруін және бидғатқа жек көруін тек сырттай көрсететін, өтірікке шақыратын уағызшылардан деп, т.с.с. мүлдем қарама-қайшы сөздерді жарияладыңыз.

Үлкен өкінішке орай, сіздің сөздеріңіз орыс тілді ортаның мұсылмандары арасындағы бұл бүліктерді одан сайын асқындырып жіберді.

Шейх Халид, егер сіз адамды білмесеңіз, онда қалайша одан сақтандыра аласыз, бұдан қалса, сізде оны мақтаған бұрынғы сөздеріңіз де бар емес пе?! (Ринатта) не өзгерді, немесе (сол адамдар Ринатқа қатысты) нені өзгертті.

Шейх, Аллаһ сізді қолдасын, егер сіз өз мақтауыңыздан бас тартуды шешкен болсаңыз, мұны міндетті түрде жамандаумен және сақтандырумен қоса жасау міндетті болмаған шығар.

Үлкен өкінішке орай, бұл сөздер онсыз да Ринатты жек көретін адасқандардың, хизбилердің және хауариждердің қуанышын арттырып, орыс тілді ортаның кеңістіктерінде өршеленіп жатыр.

Уа, біздің шейхымыз, сіз неліктен адамдар сізге айтқан нәрселердің дұрыстығына көз жеткізу үшін Ринаттың жеке өзіне жазбадыңыз?!

Сіздің қысқа уақыт ішінде мақтаудан қаралау мен сөгуге дейін өтіп, өз мақтауыңыздан осыншама жылдам бас тартқаныңыз бізді қынжылтып, ренішімізді арттыруда. Өйткені мұндай қылықтар – Аллаһ сізді есендікте сақтасын - қарапайым адамдардың кейбір шейхтарға деген сенімін әлсіретеді.

Шейх, Аллаһ сізді есендікте сақтасын, алғашқы кездесулеріңізде сіз Ринатты игілікті жақсы көретін әрі оны таратуға ұмтылатын және бидғаттарды жек көретін адам ретінде көрген едіңіз, ол осы күнге дейін осынысында қалды ғой. Біз оны осылай деп санаймыз, бірақ Аллаһтың алдында мақтамаймыз.

Ринат бауырымыз он бес жылдан бері елдерімізде сәләфияға шақырады, ғалымдарға қайтудың маңыздылығын түсіндіреді, олардың артықшылықтарын баяндайды, шынайы ғалымдар кімдер екенін түсіндіреді, әрі олардың ықпалын баяндайды.

Шын мәнісінде, сізде Мәдинада оқитын бұрынғы кеңес одағы елдерінен болған кейбір білімгерлердің өтірік пен жала жабулары

себепті Мәдинаның кейбір шейхтары тарапынан Ринат Абу Мухаммадқа қатысты осындай нәрселер жасалып жатқанын көру ғажап емес. Егер қаласаңыз, біз оларды есімдерімен атап өтеміз, орыс тілді сәләфилер олар тарапынан өтірік айтылатынын әлденеше рет көрген болатын.

Әрі бұл – орын алған жалғыз жағдай емес. Мұндай нәрсе шейх Абдуллаһ әл-Бухаримен де, оған бір білімгер барып Ринат Абу Мухаммад бауырға жала жауып, өтірік жапсырғанда, орын алған болатын, тіпті шейх жиындардың бірінде: «Аллаһқа мадақ. Аллаһ біздің еңбектеріміз арқылы Ринаттың дағуатын өшірді», - деп айтқан болатын.

Біз Аллаһқа көмек сұрап жалбарынамыз! Өйткені бізді Аса Құдіретті Иеміз алдында тұру күтуде.

Аллаһпен ант етеміз, шейх, бұл адамдар осыдан бес жыл бұрын пайда болған кезде-ақ алғашқылар болып орыс тілді сәләфилер арасында бүлік сеуіп бөлінушілікті енгізді. Бұл адамдар дағуатшы бауырларымызға өтірік жапсырып, жалған мен өтік жала жабуға жүгініп жарх мәселелерімен айналысады.

Ал олардың ілесушілеріне келер болсақ, егер олар сені таблиғшы немесе ихуанмен бірге көрсе, сен оларды ақиқатқа шақырып жатқаныңды ескермей, бірден сені адасушылықта айыптайтын тіпті ауыру адамдар!

Бұл адамдар Ринатты «Ихъя Турас» қорымен байланысы бар деп айыптаған болатын, бірақ бұл өтірік және жала!

Барлығы көрнекті ғалым Салих әс-Суһайми, Аллаһ оны есендікте сақтасын, кейбір бүлікші-фитнашылар шейхтар алдындағы өз мәртебелерін пайдаланып, өздерінің бауырларына өтірік жала жапсырып, содан соң пәлен немесе түгеннен сақтаңдыру алып алады деп сипаттағанындай.

Шейхымыз, біз сіз секілді шейхтардан және сіздің шейхтарыңыздан мұсылман адам өз бауырларына қатысты ең жақсы ойда болуы керек дегенді үйрендік, әсіресе бұл ғалымдар мен білім талап етушілерге қатысты.

Өйткені құрметті шейхтың өзі де қателесуі де, дұрыс айтуы да мүмкін болған адамдар қатарынан ғой. Әрі Аллаһтың Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басқа әрбіреудің сөзі қабыл да алынады, қайтарылады да. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: *«Расында, мен – тек адаммын, ал адамдар маған өз айтыс-тартыстарымен келеді. Әрі сендердің біреулерің өзге біреулеріңе қарағанда тілге шешендеу болуы, әрі мен оны шындықты айтты деп санап, осының негізінде оның пайдасына шешім шығаруым мүмкін. Алайда егер мен (қателесіп) оған шын мәнісінде басқа мұсылманға заңды түрде тиесілі болған нәрсені беруді шешсем, бұл Тозақ отының бөлігінен басқа ешнерсе болмайды! Ендеше, ол осыны алсын немесе осыдан бас тартсын».* Әл-Бухари 2458, Муслим 1713.

Бұл хадисте екі тарапты тыңдаудың қажеттілігіне нұсқау бар, әрі тіпті бұған қарамастан, бір тарап басқасына қарағанда шешендеу болуы мүмкін, демек, шешім шығарушы оныкі дұрыс болмаса да, оны дұрыс деп санауы ықтимал. Әрі біздің сізге және шейх әл-Бухариге қатысты ойларымыз да дәл осындай (яғни бір тарап сіздерді Ринат бауырымызға қатысты адастырды), Аллаһ сіздерді сақтасын әрі қорғасын!

Біз сізге айтқан сөздеріңізге қатысты ақтау табамыз, бірақ көптеген адамдар бұл таспаны тыңдап шықты, әрі біз - орыс тілді сәләфи жастары төмендегі сұрақтарға жауаптар талап етуге құқықты деп ойлаймыз.

Шейх, біз бұл хатты аударып интернетте тараттық, әрі орыс тілді жастар сіздің жауабыңызды күтуде.

## Бірінші сұрақ:

Өз таспаңызда сіз: «Мен онымен сөйлесе әрі насихат айта бастадым, және оның жауап беріп жатқанын көрдім», - деп айтасыз.

Сұрақ: Сіз оған нақты не нәрседе насихат бердіңіз әрі оның нақты не нәрселерге жауап бергенін көрдіңіз?

Біз сіздің сұхбатыңызды тыңдадық. Ол өзі және өзінің ұстанымы туралы айтқан кезде-ақ сіз бірден оны қолдадыңыз әрі өз келісіміңізді білдірдіңіз. Сіздердің әңгімелесулеріңіздің көбі фикһ сұрақтарына жауаптар болатын. Ал манһаж мәселелеріне келер болсақ, тек бір-ақ сұрақ аталып кеткен еді. Сіздердің осы мәселе бойынша сұхбатыңыздың сөзбе-сөз мәтіні (төмендегідей):

Ринат Абу Мухаммад былай дейді: «Шейх, манһажға қатысты сұрақ бар: сізде болып жатқан нәрселер, нақты айтқанда жарх пен тажрих мәселелеріне қатысты нәрселер, тура солар бізде де болып жатыр. Мен жеке өзім туралы сұрағым келіп тұр. Маған жастар келіп мені кейбір шейхтардың сөздерімен (келісуге) міндеттейді. Мен дәл қазір өздерінің топшылдығымен танылғандар туралы немесе оларға қатысты әһлу-Сунна арасында келіспеушілік жоқ болған тұлғаларды меңзеп отырған жоқпын, алайда мен кейбір шейхтардың басқалары туралы айтқан сөздерін меңзеп тұрмын. Мысалы, маған бір адам келеді де: «Бір бидғатшы бар, әрі сен ол туралы өз сабақтарыңда айтуың керек», - дейді. Мен болсам, ол туралы айтқым келмейді, өйткені, біріншіден, мен оны білмеймін, оны тыңдамаймын әрі оның кітаптарын оқымаймын деп айтамын....»

Осы жерде сіз оның сөзін бөлесіз де: «Адамдар оған мұқтаж емес», - дейсіз.

Ринат былай деп жалғастырады: «Егер оның кітаптары таралған болғанда еді, сол сияқты оның сабақтары да, онда мен ол туралы айтар едім».

Сіз сөзді бөліп: «Бәрін дұрыс айтасың, бәрі дұрыс», - дейсіз.

Ринат жалғастырады: «Мысалы, шейх Али ибн Хасан. Ол туралы әңгіме көтерілсе, мен оның біздің елімізде ешқандай ықпалы жоқ, оның сабақтары да, аудармалары да жоқ. Мен тіпті оның шәкірті болып табылатын әлдебір білім талап етушіні де білмеймін. Мен ол туралы сөйлеуімнің әрі адамдарды осыдан хабардар етуімнің не қажеті бар?!»

Сіз сөзді бөліп: «Бәрі дұрыс! Міне, дәл осы біз жүретін дұрыс манһаж. Бірақ кейбір артық кетушілер (әл-ғұләт), Аллаһ оларға хидаят берсін, сен үнемі солармен бірге болуың керек – егер пәленді бидғатшы деп айтпасаң, онда сен де сондайсың, немесе сенің сәләфилігің дұрыс емес, немесе сен анық емессің (дейді), әрі сол сияқты біз қарсы күресетін атаулармен (атайды)».

Ринат былай деп жалғастырды: «Бұл сөздерді мен өзімнен айтып тұрған жоқпын. Біз үнемі үлкен ғалымдардан ұстануға тырысамыз. Мысалы, шейх әл-Фаузан: «Бұл нәрселерден аулақ болыңдар, оларды көміп тастаңдар», - дейді».

Бұған сіз: «Міне, дұрыс манһаж дәл осы. Міне, дұрыс манһаж дәл осы». (Осы сөздердің аудиотаспасы бар).

## Екінші сұрақ:

Құрметті шейх, сіз: «Ол дінмен ойнаушы, өзін басқаша көрсетеді», - дейсіз.

Сұрақ: Ол қандай мәселелерде дінмен ойнауда? Бұл не нәрселерде көрініс тапты? Біз оны тәубе етуге ынталандыру және адамдарды одан әрі оның «ойынынан» сақтандыруымыз үшін, бізді бұл жайында

хабардар етіңіз. Айтып кеткеніміздей, бұл хат интернетте тарады, әрі біз сізге сіздің жауабыңызды да таратамыз деп уәде береміз.

## Үшінші сұрақ:

Сіз: «Шын мәнісінде, ол өтірікке шақырушыдан өзге ешкім емес», - дедіңіз.

Сұрақ: Ринат Абу Мухаммад бауырымыз қандай өтірікке шақыруда? Біз оның Құран мен Сүннетке шақыратын сабақтарынан пайда алып жүрген мыңдаған адамдарды сақтандыру үшін, сіздің осы (сөздеріңізге) оның жазылған немесе жазған сөздерінен бір дәлел келтіруіңізді қалаймыз.

## Төртінші сұрақ:

Шейх, сіз: «Ол бидғатшылардың сабақтарына қатысуға және оларды тыңдауға шақырушылардан», - дейсіз.

Жауап: Уа, шейх, Абу Мухаммад соған баруға шақыратын, сондай-ақ соны тыңдауға ынталандыратын бір бидғатшының болса да атын атаңыз шы, оның сөздерінен жазылған немесе оның жазған сөздерінен дәлел келтіруіңізді сұраймыз. Сізге Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) хадисін есіңізге салғымыз келіп тұр, сіз оны сондай-ақ бауырымызға өтірік жапсырған адамдардың да естеріне салуыңыз үшін: *«Мүмин кісі туралы оның бойында болмаған нәрсені айтқан адамды Аллаһ „радғатул-хабәлға“ (Тозақ тұрғындарының денелерінен шығатын нәрселерге) салады, әрі егер ол айтқан нәрселерін түзетпесе және тәубе етпесе, сол жерде болады»*. Қ-з: «Сахих әл-Жәми' әс-Сағир», № 6196.

## Бесінші сұрақ:

Құрметті (шейх) былай деді: «Ринат Абу Мухаммад Сүннетті таратуда және бидғаттар мен хизбияны сөгуде еңбектері бар деп мойындалып

танылған Сүннетті жақтаушылардан болған өз бауырларынан сақтандырады».

Сұрақ: Олар туралы Сүннетті таратудағы еңбектері бар екені белгілі болған және куәландырылған және Ринат одан сақтандыратын бір атты болса да атаңызшы, әрі осыны оның жазған немесе оның сөздерінен жазылған сөздерімен дәлелдеңіз. Сіздің есіңізге, сіз осыны әлгі адамдарға да ескертуіңіз үшін, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) онда: *«Адам өтірікшіге айналуы үшін, естіген нәрселерінің барлығы туралы айта беруі жеткілікті»*, - деп айтқан хадисін салғымыз келуде (Муслим 1/23).

## Алтыншы сұрақ:

Шейх, сіз: «Мен оның (Ринаттың) Сүннеттен ауытқыған екеніне куәландым әрі дәлелдер арқылы көз жеткіздім», - дейсіз.

Сұрақ: Біз құрметті шейхтан Ринаттың Сүннеттен ауытқығандығына нұсқайтын, оның сөздерінен жазылған немесе ол жазған сөздерінен бір дәлел болса да келтіруін қалаймыз. Сондай-ақ Құран мен Сүннеттен де оның ауытқығанына нұсқайтын дәлел келтіруіңізді қалаймыз, осы арқылы оны тәубе етуге, әрі жастарды оның өзі байқамай тусіп қалған болуы мүмкін осы ауытқулардан сақтандыруымыз үшін. Сондай-ақ сіз сол арқылы оның ауытқығанына көз жекіздім деп айтқан жолды немесе құралды да бізге атаңызшы.

## Жетінші сұрақ:

Сіз: «Ол - Сүннеттен ауытқыған адам», - деп айттыңыз.

Сұрақ: Оның ауытқуы неде? Біз осы сөздерге оның сөздерінен жазылған немесе оның өзі жазған сөздерінен ол соларда Сүннетке қарама-қайшы кеткен дәлелдерді қалаймыз, сондай-ақ сіз соған негізделіп оны Сүннеттен шығарып тастаған дәлелді де (көргіміз келеді). Барака-Ллаһу фикум!



Шейх, басында сіз: «Мен онымен таныс емеспін», - дедіңіз.

Сұрақ: Құрметті шейх, сіз қалайша өзіңіз Ринатты білмей жатып, бауырларға одан білім алуға кеңес бере аласыз? Осыдан екі ай бұрын сіз былай деген болатынсыз: «Менен (бір кісілер) Ринат Абу Мухаммад әт-Татари деген бауыр туралы сұрады. Мен бұл бауырмен Мәдина Ислам Университетінде кездескен болатынмын әрі оның бойында Сүннетке деген, бауырларға пайда келтіруге деген үлкен ынтаны, сәләфи манһажына шақыру, бөлінушілікке жол бермеу жайында қам жеуін, бауырларды жинап біріктіруге деген үлкен тырысуын байқадым. Ол білім талап етуші болып табылады. Сондықтан да мен бауырларға онымен кеңес жасауды, онымен байланыста болуды және одан білім алуды насихат етемін. Біз Ұлы және аса Жоғары Аллаһтан бізге және оған ақиқатқа ілесуде және парасатты шешімдер қабылдауда қолдау көрсетуін сұраймыз».

Егер сіз «мен осы сөздерді кейбір бауырлардың оған айтқан мақтауларына сүйеніп айттым әрі қателестім» десеніз, онда оған өтірік жапсырып және жала жапқандардың сөздеріне негізделіп одан сақтандырған кезіңізде қателеспегеніңізге не кепілдік бере алады?! Шейх, бізді олардың таухид пен Сүннетті таратудағы ынта-ыждағаттары туралы не білетініңіз жайында хабардар етіңізші? Әрі сіз олардың шыншылдығында куәландыңыз ба? Аллаһтан көмек сұраймыз!

Осы жерде біз сізге Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына сөздерін есіңізге салғымыз келеді: *«Судьялар (қазылар) үш түрлі болады. Олардың екеуі Отта, ал біреу Жәннатта. Ақиқатты біліп, соған сәйкес үкім шығарғаны Жәннатта. Ақиқатты біліп, бірақ өзінің әуес-қалауларының негізінде үкім шығарғаны Отта, әрі білімі болмай үкім шығарғаны да Отта»*. Қ-з: «Сахих әл-Жәми' әс-Сағир», № 4446, 4447.

## Сегізінші сұрақ:

Шейх, бұл бауырдың (Ринаттың) орыс тіліндегі сабақтары бар. «Бірқұдайшылық Кітабы» бойынша оның сабақтарының саны 250-ден кем емес. Бұл сабақтар Ибн Баз, әл-Усаймин сияқты үлкен ғалымдарымыздың еңбектерінің, сондай-ақ шейх әл-Фаузанның екі – кіші және үлкен-шархтарының, Салих Әли Шейхтың шархының, «Тайсир әл-‘Азиз әл-Хамид», «Фатх әл-Мәжид» еңбектерінің және басқа да ғалымдардың еңбектерінің аудармалары болып табылады.

Оның сондай-ақ Ибн Усайминнің «‘Ақида Уасытыйя» еңбегіне жасаған шархын аударған сабақтары да бар.

Қысқа айтатын болсақ, оның таухид бойынша 1000-нан кем емес сабақтары бар, бұл оның фикһ, Сүннет, тафсир т.с.с. басқа да сабақтарын айтпағанның өзінде. Ал, ендеше, біз осының барлығымен не істеуіміз керек? Осының барлығын жойып тастап, адамдарды осыдан сақтандыруымыз керек пе, әлде не?

Уа, құрметті шейх, бұл хатты елемей қоймауыңызды сұраймыз. Айтқанымыздай, ол аударылды әрі интернетте таралды. Бұл хатты мыңдаған адамдар оқыды әрі жауап күтуде. Біз сізден және сіз секілді шейхтардан біздің дініміз адам шейхтың сөздерін толқусыз және дәлел талап етпестен қабылауға міндетті дейтін сопылардың діні сияқты емес екенін үйренгенбіз. Әлхамду ли-Лләһи, сәләфилерде барлық нәрсе дәлелдердің үстіне құрылады.

Сіз айтқан нәрсеңізді айтып қойдыңыз, әрі жастар сіздің жархыңыз баяндалған әрі дәлелдермен бекітілген болуы үшін, жауабыңызды күтуде. Барака-Ллаһу фик!

Немесе тым болмаса бізге өзіңізге жеткізгендердің және сізді Ринат Абу Мухаммад Сүннеттен ауытқығандығына, өтірікке шықартындығына және Сүннетті ұстанушылардан

сақтандыратындығына сендіргендердің есімдерін, біз оларға осы сұрақтарды жіберуіміз үшін, атап айтыңыз.

Уа, шейх, біз сізді Аллаһ үшін жақсы көреміз, әрі сізге және өзге шейхтарға да сіздер Еуропа мен Ресей және олармен көршілес елідерінің жастары арасында үкім шығарып ұсынуға асықпауыңызды насихат еткіміз келеді. Өйткені ол жерлерде арнаулы қызметтерге жұмыс істейтін екіжүзді бола тұра өзін сәләфимін деп атайтындар бар. Оның жұмысы – арғы атасы Абдуллаһ ибн Сабаътың жұмысы, Аллаһ бізді олардың жамандығынан сақтасын! Сондықтан да егер сізге әлдебір адам келіп, өзінің дұрыс манһажымен танылған, өзінің Құран мен Сүннетке шақыратындығымен белгілі болған біреуден сақтандыра бастаса, асықпаңыз, уа, құрметті шейх, әрі екінші тарапты да тыңдаңыз, бәлкім, әлгі біріншісі бүлікті қалайтын бүлікші шығар.

Аллаһ сізге береке берсін! Жауабыңызды күтеміз.

Басында да, соңында да Аллаһқа мадақ, Пайғамбарымызға, оның отбасына және сахабаларына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын.

Сіздің Ресейлік және онымен көршілес республикалардан болған бауырларыңыз.

## Шейх әр-Раддадидің, Аллаһ оны кешірсін, дәлелсіз «құрғақ» айыптаулары туралы

---

Шейх Раби'тың, Аллаһ оны есендікте сақтасын, Мәдинадан немесе басқа жерлерден болған араб шейхының орыс тілді білім талап етуші немесе дінге шақырушы туралы дәлелсіз айтқан сөздерін қалай қабылдау керек деп сұраушыларға берген жауабы.

Шейх Раби' әл-Мадхали: «Сәләфилікті ұстанатындығымен танымал болған адамға қарай жарх бағыттадың ба, онда не айқын, күшті әрі сендіретін дәлелдер келтір, не кешірім сұра».

Шейх Раби' әл-Мадхали «Насыха ахауия илә Фалих әл-Харби әл-улә уә әс-сания» жолдауында былай деп айтады:

«Әрі соңында мен былай деймін: манһажына қатысты әрі олардың дауыстары олардың сәләфилер екенін айтып жатқан адамдарға қатысты себептерін көрсетпей, дәйексіз және айқын дәлелдерсіз қаулы-үкімдер шығару барлық елдерде ҰЛЫ ЗИЯННЫҢ және ҮЛКЕН БӨЛІНУШІЛІКТІҢ себебіне айналды. Бұл бүліктерді, адамдарға осы үкімдерді және олардың заңды (орынды) екенін түсіндіретін әрі оларды осыған көз жеткіздіретін ДӘЙЕКТЕР МЕН АЙҚЫН ДӘЛЕЛДЕР келтіре отырып, міндетті түрде өшіру керек, немесе (міндетті түрде) осы үкімдерді шығарғаны үшін кешірім сұрау керек.

Сен салиқалы алдыңғы буын өкілдерінен болған ғалымдардың рафидилер, жахмилер, муътазилер, хауариждер, қадарилер, муржилер т.б. секталардың адасушылықтарына дәйектер мен айқын дәлелдер келтіргендерін, әрі жеткілікті және сендіретіндей дәйектер мен айқын дәлелдерді келтірместен топтар мен жеке тұлғаларға қатысты үкім шығарумен ғана шектелмегенін көрмейсің бе? Керісінше, олар әһлу-Сунна уәл-жамаа ұстанатын ақиқатты түсіндіріп беретін, әрі осы секталар мен жеке тұлғалар ұстанатын адасушылықтарды баяндап беретін көптеген ауқымды еңбектер жазды.

Сен қалай ойлайсың, егер олардың сыны әлсіз, ал дәлелдері босаң болғанда не болар еді? Олар мүлдем олай болмаса да.

Немесе олар тек үкім шығарумен ғана шектеліп: «Пәлен топ – адасқан жахмилер», - немесе: «Пәлен жахми», - немесе: «Пәлен – қабірге

табынушы сопы», - немесе: «Пәлен болмыстың біртұтастығы (сенімін) ұстанушы», - немесе: «Рафидилер – адасушылықтар мен шектен шығушылықтарды ұстанушылар, олар сахабаларды күпірлікте айыптайды әрі оларды балағаттайды», - немесе: «Қадарилер мен муьтазилер адасқан секталардан», - деп айтумен ғана шектеліп қойсса (қалай болар еді)?

Немесе олардың сыны әлсіз болып, оларға (адамдар) дәйектер мен айқын дәлелдер келтіруді әрі осы топтарды адасушылықта айыптаудың себептерін түсіндіруді талап етіп жүгінген кезде, олар: «Біз бұған МІНДЕТТІ ЕМЕСПІЗ. Бұл (яғни дәлел талап ету) – сол арқылы ислам үмметі адасушылыққа салынатын адасқан ереже», - деп айтса шы?

Сен қалай деп ойлайсың, егер олар осылай істегенде, онда шындығында да олар өздерін Сүннетке көмектесуге және адасушылықтарды, бидғаттарды басып тастауға бағыштаған болып саналатын еді ме?

Жауап: ЖОҚ. Әрі мың рет жоқ.

Әрі, ақиқатында, Сүннетті ұстанушылығымен танылған адамдарға сын айтатын адам бұдан да күштірек әрі бұдан да айқынырақ дәйектер келтіруі қажет.

Дереккөз: <http://ar.alnahj.net/article/13>

## Ашық хат: Абу Юсуф бауырға кейбір түсініксіз жайттарды түсіндіру

---

Біз Оны ғана мадақтайтын және Одан ғана көмек пен кешірім тілейтін Аллаһқа мақтаулар болсын! Аллаһтан өзіміздің нәпсіміздің және амалдарымыздың жамандығынан пана іздейміз. Кімді Аллаһ тура жолмен жүргізсе, оны ешкім адастыра алмайды. Ал кімді Аллаһ

тастап қойса, оны ешкім тура жолға сала алмайды. Мен Жалғыз Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқтығына куәлік беремін, және Мухаммад – Аллаһтың құлы әрі Оның Елшісі екеніне куәлік беремін.

Бауырым, өкінішке орай, сізбен болған сұхбатымызға дейін де маған сәләфияны ұстанушы кейбір Йемендік және басқа да шарихи білімдер талап етілетін жерлердегі орыс тілді баулардың сіз атап өткен мәселелерге нақтылық енгізгісі келетіні туралы сыбыстар, ал кейде тіпті хаттар да келіп жететін. Олардың айтуы бойынша, бұлардың себебі – менің кейбір айтқан сөздерім.

Маған жазғандардың және мен сөйлескендердің қатарында әртүрлі бауырлар бар болатын. Олардың арасында сіз сияқты, өздеріне жеткен нәрселердің түсініксіз болуы себепті шындығында да түсінгісі келетіндер де бар, ал олардың есебі Аллаһтың алдында. Бірақ өздерінің жек көрушіліктерін жасырмайтындары да бар, әрі оларды естіп болған соң не олар сені қорлағысы, не сын айту арқылы өз данқын шығарғысы келіп жүр деп те ойлап қаласың, ал Аллаһ олардың жүректерінде не бар екенін жақсырақ біледі.

Ал мен болсам Аллаһқа тәуекел етіп, сіз атап кеткен мәселелер бойынша өзімнің ұстанымымды ашық-айқын түсіндіріп беруге тырысамын, әрі мұны төмендеу жасаймын. Бірақ алдымен мені осындай, яғни әлдебіреудің басқаның айтқан сөздерінен кейбір нәрселерді үзіп-жұлып алып, сенің айтқан сөздерің туралы айтысқа кірісіп кететіні, әрі соның нәтижесінде адамдарға сенің сөздерің бұрмаланған түрде ұсынылатын, біржақты ұстаным ренжітетінін айтқым келеді.

Олар - не басы кесіп тасталған сөздің аяқ жағы, немесе жалпы мәтіннен жұлып алынған оның бір бөлігі (болып табылады); ал соның нәтижесінде барлық нәрсе түсінуге тиісті болған кейіпте түсінілмейді. Ал кейде тіпті өтірік тәпсірлеу және айтылғанды оның шын

мәнісіндегі мағынасынан бұрмалап жеткізу байқалып та жатады, ал содан соң мұның барлығы ғалымдар мен білім талап етушілерден болған шынайы білім иелеріне бұрмаланған кейіпте, өздерінің түсіндірілуімен жеткізіледі. Олар болса, өз кезегінде, өздеріне жеткізілген сөздерге сүйеніп жауап береді. Әрі сіз маған баяндағаныңыздай, осы алақол бауырлардың кейбіреулері өз мінез-құлықтарының ерекшеліктерінің себебінен өздері қорланған жағдайға түсіп қалды. Аллаһ біледі, міне, осы - жазаның өзі шығар, сондықтан да мен Аллаһтан оларға жеңілдетуін, оларды кешіруін және тура жолға салуын тілеймін.

Мен кейде эмоциялардың өзімнен үстем болып қойғанын, әрі соның әсерімен кейбір нәрселерде эмоционалды сөйлеп қойғанымды мойындаймын, бірақ мені жақсы білетіндер, Аллаһтың мейірімінен мен мұндай қателіктерімді дереу түзеуге тырысатынымнан хабардар.

Әрі, әрине, менің кейбір нәрселерде қателік жібергендерім әрі білімге қайшы келіп қате сөйлегенім бар екенін де мойындау қажет, өйткені біздің ешқайсымыз пайғамбар емеспіз, әрі тіпті ғалым да еміспіз, болғанымыз тек білім талап етуші ғана. Бірақ ешқашан маған ешнәрсе өз қателіктерімді мойындауға әрі олардан бас тартуға кедергі болмаған, сондай-ақ мен мұны бұрын да айтатынымын әрі қазір де айтамын да, және осыған бауырларымызды да шақырамын: «Ешқашан өз қателіктеріңді мойындауға ұялмаңдар, өйткені ақиқат (көшінің) соңында болу адасушылық (көшінің) басында болудан жақсырақ».

Ал енді аздап айыптауларға тоқталып өтейін:

### **Біріншісі: «Манһаж әл-муазанат» туралы**

«Манһаж әл-муазанат» — бұл белгілі бір адамнан немесе оның қателіктерінен сақтандыру барысында оның жақсы жақтарын атап айту. Аллаһқа мадақ, біз ешқашан бұл жолды ұстанған емеспіз. Әрі

кім менің осы манһажды ұстанатынымды мәлімдеп жатса, сол не менің шынайы ұстанымымды білмейді, не маған жала жабады. Мен бұл манһажға қатыссызбын. Әрі егер әлдебіреу менің айтқан сөздерімнен осындайды түсінген болса, онда бұл олардың ойлағандарындай емес.

Менің бұл мәселедегі сенімдерім келесідей:

«Белгілі тұлғаның қателіктерінен сақтандыру немесе оның өзін теріске шығару барысында оның игі істерін атап айту әһлу-Сунна манһажы болып табымайды. Өйткені керісінше болған жағдайда бұл сақтандыру немесе теріске шығару күшсіз болады.

Сондай-ақ белгілі адамның өмірбаянын атап өту мен біз үмметке ықыластылық (нусх) танытатын, яғни адасушылықтардан немесе адасушылардан сақтандыратын жағдайдың арасын бөліп қарау қажет. (Адамның өмірбаянын атап өту барысында) біз оның жақсы жақтарында, жаман жақтарында айтуымыз керек. (Шейх әл-Әлбанидің сөздерінен қысқартылып алынған, «Худа уан-Нур» 850).

Сол сияқты шейх әл-Усаймин де, Аллаһ оны рахымына бөлесін, былай деген: «Біз адамға баға бергіміз келгенде (нуқаууиму әш-шахс), оның жақсы және жаман жақтары туралы айтуымыз қажет. Өйткені бұл әділдік таразысы болып табылады. Ал біз оның қателіктерінен сақтандыратын жағдайда, біз тек қателік туралы ғана айтамыз. Өйткені бұл орын – тек сақтандыру орны. Әрі сақтандыру барысында адамның жақсы жақтары туралы айту даналық емес. Өйткені егер сен оның жақсы жақтары туралы айта бастасаң, тыңдаушы күмәнда қалады. Сондықтан да әр орынға - тиісті сөз» («Лиқа әл-бәб әл-мафтух», 67)».

Ал мені осы мәселеде айыптағандарға келер болсақ, онда олар не белгілі сөздерді жалпы айтылған мәтіннен жұлып алды, не болмаса



өздерінің надақтыры себепті осы екі жағдайдың айырмашылығы туралы білмеді де.

Әрі тіпті егер бауырлардан әлдебіреу бәрібір менің ұстанымымның осындай екенін, өткені мен өзімнің әлдебір сабақтарымда осыны айқын түрде айтқанмын деп айтуын жалғастыра берсе, онда мен өзімнің қателікпен немесе білмей айтып қойғаным үшін Аллаһтан кешірім сұраймын әрі тағы да бір рет өзімнің бұған ҚАТЫССЫЗ екенімді мәлімдеймін.

### **Екіншісі: Әт-тасаббут (ақпараттың сенімділігін тексеру)**

Лекцияларымның бірінде мен былай деп айтқан болатынмын: «Сондай-ақ әділдік, әрі күмәнді нәрселерден алшақтау, және адамдарға үкім шығаруға асықпау, ТАСАББУТ, яғни әлдебір адамдарға үкім шығарудан бұрын қайта тексер, әлдебір адамдарды немесе адамдардың әлдебір топтарын. Асықпаңдар, бауырлар, әділ болыңдар, әділ болыңдар».

Кейбіреулер менің осы сөздерім хизбилердің ең қауіпті ережелерінің бірі болып табылады, әрі ғалымдар мұндайдан сақтандырады деп мәлімдеген болатын. Ал мен айтқан нәрсемен ғалымдар сақтандыратын нәрсе - екеуі екі басқа нәрселер.

Біріншіден, тасаббут туралы бұйрық:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِن جَاءَكُمْ فَاسِقٌ بِنَبَأٍ فَتَبَيَّنُوا أَن تُصِيبُوا قَوْمًا بِجَهَالَةٍ فَتُصْحَبُوا عَلَىٰ مَا فَعَلْتُمْ نَادِمِينَ

**«Әй, иман келтіргендер! Бұзық біреу хабар келтірсе, оны анықтаңдар. Әйтпесе білмей бір елге кесірлерің тиіп, істегендеріңе өкінесіңдер»** («әл-Хужурат» сүресі, 6-аят).

Шейх Абдуррахман әс-Са'ди, Аллаһ оны рахымына бөлесін, осы аятқа тәпсір жасап, былай деген: «Міне, дұрыс ойлы және парасатты мұсылмандар ерекшеленетін көркем мінездің тағы бір көрінісі - осы: көп күнә жасауға бейім адам оларға бір хабар алып келсе, олар оның

сөздерінің рас екенін анықтамайынша ешқандай шара жасамайды. ӨТІРІКШІЛЕР мен БҰЗЫҚТАРҒА сенудің салдары кесірлі болады, әрі адамды күнә жасауға дейін итеріп жіберуі мүмкін. Егер осындай адамдардың сөздеріне құлақ салынатын, әрі олардың сөздеріне әділдер мен ізгі салиқалы адамдардың сөздеріне сенгендей сенім артылатын болса, онда көптеген жазықсыз адамдардың ӨМІРІ мен мал-мүлкін опат етуге болады. Әрине, мұндайдан кейін адам қатты өкінеді. Ал мұндайды болдырмау үшін, мұсылмандар оларға күнахарлар айтып жатқан нәрселердің барлығын тексеруге міндетті. Егер жиналған мәліметтер күнахар кісінің айтқанын растап жатса, онда оның сөздеріне сенуге болады әрі оны назарға алу қажет. Ал егер оның өтірік айтқаны анықталса, онда оның жалған сөздерінің негізінде ешқандай шешімдер қабылдауға болмайды.

Осы аяттың негізінде келесі қорытындыға келуге болады:

- САЛИҚАЛЫ КІСІНІҢ СӨЗІНЕ СЕНУ қажет;
- ӨТІРІКШІНІҢ СӨЗДЕРІН КЕРІ ҚАЙТАРУ қажет;
- ал КҮНАХАРДЫҢ сөздерін тексеру қажет.

Салиқалы мұсылман ғалымдары осы қағиданы басшылыққа алып, шыншыл хауариждер жеткізген хадистерді қабыл ететін, тіпті олар Елшінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жолынан ауытқыған болса да» («әл-Хужурат» сүресі, 6-аятының тәпсірі).

Осы айтылғандардан шыға келе, айыптаушыға деген мынандай сұрақ туындайды: «Менің сөздерімнің әлдебір жерінде: «Сенімге лайықты адамның сөздерін тексеріңдер», - деп айтылған ба?»

Екіншіден, бұл сөздер адамдардың белгілі тобы қатысқан сабақтарда айтылған болатын, әрі оларға кім туралы сөз болып жатқаны анық еді. Ал бұл сабақта сөз дәл сол (не өтірікшілер, не болмаса күнахарлар болып табылатын) хизбилер жайында, әрі кейбір бауырлардың, осы

хизбилердің сәләфилер туралы айтқан сөздеріне сүйеніп, сәләфилерден алшақтайтыны жайында өрбіген болатын.

Ал енді, мені айыптап жатқандардың сөздерін алар болсақ, онда біз осы жеккөруші сияқты өзін-өзі «сиқа» яғни сенімге лайық деп санайтын әрбір хизбидің сөзін бұлтартпастан қабылдауға тиіспіз (болғаны ма?). Мен оның өзін өзі сенімге лайық «сиқа» деп санайтынына әрі оның сөзін бұртартпастан қабылдау керек деп сенетініне, әйтпесе хизби болып кетесін деп санайтынына сенімін мол. Алайда іс жүзінде оның осы мақаласынан ол дәл сол жеткізген ақпараты кері қайтарылатын өтірікшілерден екені айқын болады.

Осы тақырыпты қорытындылай келе, мен осы мәселедегі менің сенімдерім келесідей деп айтқым келеді:

Егер саған белгісіз немесе сенімге лайықты емес, немесе өтірікші біреуден емес, сенімді кісіден сенімді ақпарат жеткен болса, онда сен, бұл туралы шейх әс-Саъди, Аллаһ оны рахымына бөлесін, айтқанындай, оны қабылдауың керек. Әрі егер мен шынында да әлдебір жерде осыған қайшы келетін қандай да бір нәрсе айтқан болсам, онда бұл қателік, немесе еріксіз түрде жаңылысып айтылған сөз болғаны. Ал осы мәселе бойынша өз ұстанымымды мен баяндап қойдым.

### **Тағы да мен туралы айтылған нәрселердің қатарынан:**

«Ринат ғалымдар жарх жасаған өздерінің жетекшілерін қорғау үшін хизбилердің «адам екі-үш қателіктері үшін сәләфиядан шығарылмайды» деген әдістерінің бірін пайдаланады», - деген мәлімдеме. Әрі (осыны айтқан) адам менің мынадай сөздерімді келтіреді: «Біз бір немесе үш қателіктер үшін сәләфиядан шығармаймыз, бірақ біз мұны, өзіміз осыдан аулақ болуымыз үшін, оқып-үйренеміз. Бұл мен нұсқағым келген өте маңызды мәселе».

Әрі қарай ол былай деп мәлемдеген болатын: «Ринаттың сөздерінде тәлбис (шатыстыру) бар. Ол атаған әдістің нақты шекаралары мен ережелері жоқ».

Ал мен болса былай деп айтамын: Егер адам Сүннетке оның жалпы негіздерінде қайшы келсе немесе оның бойында Сүннетке қайшы келетін көп кіші жеке мәселелер жиналса, онда ол сәләфиядан шығады. Бұл туралы имам әш-Шәтыби («әл-Иътисамда», 2/200) былай деп айтқанындай: «Бұл ағымдар „фирақ“ құтылған топқа жеке мәселелерде (жузъият) емес, діннің жалпы мағынасында (маъна кулли), немесе шарияттың негіздерінің негізі болған мәселелерде қайшы келгендіктен осындай (топтарға) айналады».

Шейх Рабиъ, Аллаһ оны есендікте сақтасын, «Адам қай кезде Сүннеттен шығады?» деген сұраққа жауап бере келе, былай деді: «Бид'а қадара (тағдыр мәселесіндегі), бид'а әл-иржа (муржилердің бидғаты), рафидилердің биғаты, хауриждерің бидғаты, сопылардың мәуліт сияқты бидғаты, немесе қабірді зиярат ету үшін сапарға шығу, тағы сол сияқты мәселелер» («Фатауа фил-ақида уәл-манхаж»).

Сондықтан да тағы да бір рет қайталап айтпақпын: «Менің сенімім адам Сүннет пен сәләфиядан төмендегі мәселелерде сәләфтардың манхажына қайшы келуі арқылы шығатынында:

- жалпыға мәлім мәселелерде (куллият)
- немесе діннің негіздерінен болған қағидаларда (әл-қауайд уәл-усул),
- немесе оның бойында көп мөлшерде Сүннетке қайшы келетін жеке мәселелер жиналса (жузъият),
- немесе ол жеке мәселеде қайшы келсе, бірақ өзгеге осы мәселенің негізінде жақсы көру, не жек көру танытса.

Ал тәспі қолдану т.с.с. келіспеушіліктер бар, немесе ол өзгелерге осының негізінде жақсы көру не жаман көру танытпайтын жеке

мәселелерге келер болсақ, онда бұлар адамды Сүннет пен сәләфиядан шығармайды. Ал Аллаһ бұл туралы жақсырақ біледі».

### **Төртіншісі:**

Кейбір адамдар маған айып тағатын тағы бір мәселе, бұл менің өзгелерді адамдармен имтихандауды («имтихана-биннас»), яғни адамдарды әлдебір адамдарға деген қатынасы арқылы тексеруді жоққа шығаруым (мыс).

Біріншіден, бұл мәселеде әһлу-Сунна ғалымдарының арасында бірмағыналы пікір жоқ екеніне нұсқағым келеді. Мысалы, имам Ибраһим ибн әл-Хусайнға ол өзі тексеруден өткізбеген адамдарға хадис жеткізетініне сөгіс білдірілген, және Абу Хатим әр-Рази (адамның Сүннетті ұстанатындығын анықтау үшін) емтихан өткізбей ешкімге хадис айтпайтынын хабарланған кезде, ол: *«Абу Хатим біз үшін – хадистегі амирул-муъминин. Бірақ емтиханнан өткізу – бұл хауариждердің діні! Кім Сүннеттің ұстанушысы болған күйінде менің сабағымда отырса, сол өзін қуантатын нәрсені естиді. Ал кім бидғаттарды жақтаушылардан болса, сол өзін түңілуге алып келетін (көңілінің қалуына алып келетін) нәрсені естиді!»*, – деген екен. Әз-Заһаби “әс-Сиярда” 13/189.

Ма’мардың сөздерінен Мухаммад ибн Сириннің былай дегені жеткізіледі: *«Адамның діндегі бауырына: «Сен мүминсің бе?», - деп сұрақ қоюы – хауариждердің тексеруі сияқты, бидғатшыл тексеру!»* Әл-Ләләкаи “Шарх усул әл-итикад”, 1804.

Сондықтан да кез-келген емтихандауды бидғат және хауариждердің ұстанымы деп бірмағыналы түрде айтуға да, кез-келген емтихандау – бұл сәләфтардың ұстанымы деп бекітіп айтуға да болмайды!

Сол сияқты шейх әл-‘Аббад та, Аллаһ оны есендікте сақтасын, былай деген: *“Әрбір білім алушыны «ол теріске шығарылған адамға немесе теріске шығарушы адамға қатысты өз ұстанымын анықтап алсын» деп емтиханнан өткізуге болмайды. Әрі егер ол олармен келіссе, онда олардан құтылды, ал егер келіспесе, онда олар оны бидғатта*

айыптайды және бойкот жариялайды. Ешкім аһлу-Суннаға бидғатта айыптау (табдиъ) және бойкот жасау мәселесінде мұндай анархияны жапсыруға хақысы жоқ! Сондай-ақ ешкім осы анархия жолына ілеспегенді ол бидғатқа немқұрайлылық танытады (мумайиъ) деп айыптауға да құқықты емес!" Қз.: "Рифқан әһл әс-Сунна би аһл әс-Сунна" 52.

Екіншіден, жоғарыда айтылғандардың барлығына қарамастан, біздің сеніміміз мұның рұқсат етілген екенінде, әрі бұл туралы біздің көптеген еңбектерімізде айтылған болатын. Олардың бірі «Сүннет негіздері» жолдауы, онда біз келесі сөздерді келтірген болатынбыз: «Ибн Абу Хатим, Аллаһ оны рахымына бөлесін, былай деп баяндайтын: «Бірде мен әкемнен 'Али ибн әл-Мадини мен Ахмад ибн Ханбал туралы, олардың қайсысы білімдірек екені жайында сұрадым. Ол: «Олар (білімі жағынан) бір-біріне жақын, алайда Ахмадтың ақыл-парасаттылығы жоғарырақ болатын. Әрі сен Ахмадты жақсы көретін адамды көрсең, оның Сүннетті ұстанушы екенін біл», - деп жауап берді»».

Әрі мен: «Біздің заманымыздың мухаддистеріне қатысты да дәл осылай. Егер сен әл-Әлбани, Ибн Баз және Ибн Усаймин секілді ғалымдарды жақсы көретін адамды көрсең, онда оның Сүннетті ұстанушы екенін біл!», - деген болатынмыз.

Алайда біздің ғалымдарымыз бізді адамдармен емтихандау туралы сөз болғанда, олардың еті және тәнімен емес, олардың сенімдері және манхажымен емтихандау меңзелетініне үйреткен болатын. Яғни Абу Хатим өз әкесінің: «Әрі сен Ахмадты жақсы көретін адамды көрсең, оның Сүннетті ұстанушы екенін біл», - деп айтқан сөздерін жеткізген кезде, ол имам Ахмадтың қаны мен тәнін емес, оның ақидасы мен манхажын меңзеген болатын.

Бұған дәлел имам әз-Заһаби өзінің кітабына келтіретін имам Ахмадтың өзінің сөзінен жеткізілетін мына оқиға болып табылады.

Абдуллаһ бин Мухаммад әл-Уаррақ былай деп баяндаған: «Бірде мен Ахмад бин Ханбалдің мәжілісінде болған кезімде ол бізден: «Сендер қайдан келдіңдер?» - деп сұрады. Біз: «Абу Қурайбтың мәжілісінен», - деп жауап бердік. Бұған ол: «Одан білімді жазып алыңдар. Ол салиқалы шейх», - деді. Бұған біз: «Ол сізді сөгеді (ғой)», - дедік. Бұған имам Ахмад: «Салиқалы шейх менімен сыналса, мен не істемекпін», - деді».

Сондай-ақ бұның мысалы ретінде шейх әл-Әлбани сынды қазіргі заманның ғалымын да келтіруге болады. Шейхқа, Аллаһ оны рахымына бөлесін: «Уа, шейхымыз, осында сізге дұшпандық танытатын әрі сіз туралы жаман сөздер айтатын бір адам бар. Біз онымен қарым-қатынасымызды үзсек қайтеді?» - деп сұраған кезде, ол кісі: «Ол адам әл-Әлбанидің жеке өзіне дұшпандық танытып жатырма, әлде шейх әл-Әлбани ұстанатын және насихаттайтын ақидаға ма? Құран мен Сүннетке негізделген ақидаға ма? Егер ол Құран мен Сүннетке негізделген ақидаға дұшпандық танытып жатқан болса, онда онымен сөйлесіп, оған түсіндіру қажет. Ал егер осыдан кейін сен онымен қарым-қатынасты ұзу пайдалырақ әрі дұрысырақ болады деп десең, онда оған бойкот жасалады. Ал егер ол әл-Әлбанидің өзіне жеке тұлға ретінде дұшпандық танытса, әрі сонымен бірге ол Құран мен Сүннетке ілесуде бізбен бір ортақ жолда болса, онда оған бойкот жасамау керек», - деп жауап берді. Қ-з: «Мухаддис әл-‘аср», 94.

Жоғарыда айтылғандардың барлығынан біз адамдарды

- белгісіз біреулермен,
- атаққұмар боскеуделермен,
- шала сауатты өзіндік білім алғандармен, яғни солармен санасындарды Сүннетте деп, ал олармен санаспайтындарды Сүннетте емес деп есептеп емтихандамауымыз керек.

Мен мұндайды ешқашан істеген емеспін, әрі істемеймін де, ин ша Аллах. Әрі мен өз сөздерімде дәл осындай адам туралы айтқан болатынмын.

Сол сияқты мен ешқашан әһлу-Суннадан болған әлдебір шейхқа қатысты, оның ақидасы мен манхажы себепті емес, бірақ оның қаталдығы және дәрежелігі т.с.с. себепті бір жақты пікірді ұстанатын адамды адасқан деп санамаймын. Аллах бізді адасушылықтардан сақтасын.

### **Маған айып тағылған бесінші нәрсе:**

Айыптаушы мен үлкен ғалымдарға ғана оралу қажет деп насихат жасағанымды айтып, мен туралы былай деген: «Ринат қолданатын осы сөздер хизбилердің әдістерінің бірі болып табылады, осы сөздер арқылы олар мұсылмандардың жүректеріне әһлу-Сунна ғалымдарына деген жекөрушілік салады әрі мұсылмандарды үлкен және атақты дәрежелері жоқ ғалымдарға салғырт қарауға тәрбиелейді, әрі соның салдарынан мұсылмандар оларға қатысты ешқандай қажеттілік сезінбейтін болады».

Осы мәлімдемеден оны жасаған тұлғаның маған деген жеккөрушілігі айқын көрінуде, әрі осы оны тағы да менің әл-Әлбани, Ибн Баз, әл-Усаймин, әл-Фаузан т.с.с. үлкен ғалымдарға «ән-нәуазил» (қазіргі заманда үммет дұшар болған күрделі мәселелер), жиһад, хуруж т.с.с мәселелерде оралу қажет деген сөздерімнен бір бөлігін жұлып алуға итермеледі.

Шейхул-Ислам Ибн Таймия былай деді: “Жиһад мәселелерінде, дүние істерінде де тәжірибесі бар шынайы білім иелерінің пікірін назарға алу міндетті (уәжіп) болып табылады. Ал дүние істерінде тәжірибеге ие, бірақ дін мәселелерінде дұрыс түсінігі жоқ адамдарға келер болсақ, олардың пікірі қабылданбайды, сондай-ақ діни білімге ие болып, бірақ дүние істерінде тәжірибеге ие болмағандардан да қабылданбайды!” Қз.: “әл-Ихтиярат әл-фиқһия” 311.



Сондай-ақ Ибн әл-Қайим де былай деді: “Аллаһтың Кітабын, Оның Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетін және сахабалардың айтқан сөздерін білуші – тек осындай адам ғана мұсылман үмметі душар болған күрделі мәселелерді (нәуазил) шешуге құзырлы болып табылады, және тек солардан ғана осы мәселелер бойынша пәтуа алуға болады”. Қз.: “И’ләмул-муаққи’ин” 4/212.

Бұл тармақты талдап жатқан кезде еріксіз есіме: «Базарда: «Ұрыны ұстандар!» - деп бәрінен қатты айқай салатын ұрының өзі болады», - деген мақал түсті. Міне, дәл сол хизбилердің өздері «үмметтің жағдайына қатысты салмақты пәтуалар үлкен ғалымдардан ғана алынуға тиісті» деген осы ережеге қарсы шығады.

Ал енді дінді үйретуге қатысты айтар болсақ, онда менің лекцияларымды тыңдаған әрбір кісіге менің білім талап етушілерден және үлкен ғалымдардың дәрежесіне жетпеген шейхтардан білім алуға бұрын да ынталандырғаным әрі қазір де ынталандырып жүргенім кең түрде мәлім, әрине, олар (яғни осы шейхтар) осы білімге лайықты түрде ие болса әрі оны Құран мен Сүннеттің және салиқалы әуелгі буынның түсінуінің негізінде жеткізетін болса. Ал егер мен ДІННІҢ БАРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІНДЕ түгелімен тек үлкен ғалымдарға ғана жүгіну керек, әрі сондай-ақ кибар (үлкен) ғалымдардың ауызынан естімейінше ЕШКІМНЕН ДІН МӘСЕЛЕСІНДЕ ЕШНӨРСЕ ҚАБЫЛДАМАУ керек дегенді меңзеген болсам, онда менің өзім қалайша адамдарға дінді үйретер едім?!

**Мен жаққа бағытталған тағы бір айыптау – менің «жарх уа таъдил» ғылымын, сондай-ақ онымен айналысатындарды жанама түрде қорлауым.**

ЖАНАМА ТҮРДЕ деген сөзге ерекше көңіл бұрыңызшы. Міне, осыда тіпті барлық шекаралар түгел бұзылып кеткен. Осы «ЖАНАМА ТҮРДЕ» деген әдіске сүйеніп, Сүннетте бірде-бір адам қалдырмауға

болады. Арабтар: «Кешегі күн бүгінгі күнге неңдей ұқсас», - деп айтады екен. Такфиршілердің әһлу-Суннаны олар солар сияқты баршаны қатарынан Исламнан шығармайтыны себепті таухид ғылымын жанама түрде қорлайды және муржилер болып табылады деп айыптайтыны еске түседі.

Ал менің сеніміме келер болсақ, онда мен «жарх уа таъдилді» исламдағы ең маңызды ғылымдардың бірі деп санаймын. Өйткені осы ғылымның себебімен, біздің ұлы ғалымдар Сүннетті бүкіл бұрмалаулардан қорғап келеді.

Әрі мен осы ғылыммен бір-ақ күнде осы ғылымның имамы болып шыға келгені ойына кірген кез-келген біреу емес, мамандар айналысуы керек деп сенемін. Міне, осылайша мен, (олар) мен туралы мәлімдегендеріндей, осы ғылымнан ЖАНАМА түрде сақтандырған емеспін, керісінше дәл сондай адамдар туралы айтқан болатынымын, әрі айтамын да. Бұл туралы шейх Рабиъ, оған «Адам осы ғылым арқылы қалай Аллаһ Тағалаға жақындай алады?» деген сұрақ қойылған кезде, өзінің таспасында: «Тіпті көне заманның өзінде де кез-келген танымал ғалым бұл ғылымдағы маман болып саналмайтын», - деп айтқанындай:

**Жетіншісі: Мені «Ринат бидғатшыларды мақтайды, оның қутбилерге қатысы бар, ол: «Бидғатшылар туралы жақсы ойлауымыз керек әрі оларға ақтау табуымыз қажет», - деп мәлімдейді, олармен қарым-қатынас жасауға шақырады» деген т.с.с сияқты нәрселермен айыптау.**

Мұның барлығы өтірік әрі жала жабу. Әрі егер біреу, өздері айтпақшы, менің сөздерімнен осындайды тауып жатса, онда мен мұның себебіне жоғарыда нұсқаған болатымын. Яғни не менің сөздерімнен әлдебір нәрселер үзіп алынған, не олар менің сөздерімнен өздерінің түсінген нәрселерін ұсынған. Ал маған келер болсақ, мен бидғатшыларды мақтамаймын да, ақтамаймын да. Әрі

Аллаһтан мені осындайдан қорғауын тілеймін. Мен өзімнің ихуандарға да, қутбилерге де, сурурилерге де, таблиғтарға да, хизбут тахрирлерге де, әрі солар сияқтылардың ешқайсысына қатысым жоқ екенімді мәләмдеймін. Әрі мен әрқашан олардан өзгелерді сақтандыратынмын, әрі болашақта да, ин ша Аллаһ, сақтандыруымды жалғастырамын.

Сонымен бірге мен егер әһлу-Сунна ғалымдарының арасында белгілі бір адамға қатысты табдиъ (бидғатшылықта айыптау) мәселесінде келіспеушілік орын алып жатса, әрі олардың кейбіреулері оны бидғатшы деп, ал басқалары әһлу-Суннадан деп айтып жатса, онда менің әл-Әлбани, Ибн Баз, Усаймин сынды ғалымдардан үйренген пікірім - мен әлдебір ғалымның бидғатшылықта айыптағанын қабылдамаған адамды бидғатты жақтаушы немесе бидғатшыны қорғаушы деп айыптауға болмайды деп санаймын.

Басқа да көптеген жалған айыптаулар бар. Алайда мен атап өткендеріммен шектелсем деймін, ин ша Аллаһ. Өйткені бұл ең маңызды мәселелер. Әрі бұл хат әлгі жалақор мен өтірікшінің мәлімдемелеріне берген жауабым емес, бұл - мұсылмандардың қалын жамағатына жалпы осы мәселелерді әрі өз жеке ұстанымымды түсіндіргім келгені.

Сонымен бірге, бұл, егер болашақта да басқа айыптаушылар пайда болып жатса, соларға әзірлегенім де, ал олар міндетті түрде пайда болады. Өйткені бұл Аллаһтың жер бетінде орнатқан тәртіптерінің бірі болып табылады. Аллаһ Тағала бұл туралы былай деп айтқанындай:

وَكَذَلِكَ جَعَلْنَا لِكُلِّ نَبِيٍّ عَدُوًّا شَيَاطِينَ الْإِنْسِ وَالْحَيَّةِ يُّوحِي بَعْضُهُمْ إِلَى بَعْضٍ زُخْرُفَ الْقَوْلِ غُرُورًا ۗ وَلَوْ شَاءَ رَبُّكَ مَا فَعَلُوهُ ۗ فَذَرْهُمْ وَمَا يَفْتَرُونَ

**«Осылайша әр пайғамбарға адамдардың және жынның шайтандарынан дұшпандар жасадық (сондықтан бұрыңғы пайғамбарлар сабыр еткендеріндей, сен де, Аллаһтан ұлы сыйға**

ие болу үшін, сабыр ет). Олар (тыңдаушыны) алдап, (оны тура жолдан адастыру үшін) бір-біріне (өтірікпен) сәнделген сөздерді сыбырлайды. Раббың қаласа еді, олар (шайтандар) оны жасамас еді (алайда бұл Аллаһтан келген сынақ ретінде болады). Оларды жасанды сөздерімен қойып қой (өйткені Аллаһ сен үшін олардың айла-қастықтарына қарсы жеткілікті)!» («әл-Әнғам» сүресі, 112-аят).

Соңында мен тағы да бір рет ескерткім келгені – егер мен әлдебір жерде шындығында да әлдебір нәрселерде қателескен немесе сөзден жаңылысқан болсам, онда мен бұл үшін Аллаһтан кешірім сұраймын, әрі білім талап етуші бауырларымыздан маған қателескен нәрселерімдегі дұрыстықты насихат жасауларын сұраймын, бірақ олардың насихаттары Құран мен Сүннеттен алынған дәлелдердің негізінде болуы керек деген шартпен, мен кейіннен өз қателіктерімді адамдарға жеткізуім және олардан сақтандыруым үшін.

Ринат Абу Мухаммад, 18.03.2012

## Кейбір бауырлардың ғалымдармен байланысы жоқ деген айыптау жайында

---

Кейбір кісілер білім талап етушілерді айыптап, олардың ғалымдармен байланысы жоқ деп айтады.

Біріншіден, бұл - бетсіз, айқын әрі жиіркенішті өтірік, не болмаса көріпкел-сәуегейлердің белгілерінен болған ғайып туралы мәлімдеме.

Екіншіден, сендер «ғалымдармен байланысы жоқ» деген сөздермен нені меңзеп тұрсындар? Яғни бүкіл аудио еңбектер немесе мақалалар Құран мен Сүннеттен дәлелдерсіз және ғалымдардың сөздеріне негізделмеген өз ойымыздан шығарған сөздер ғана деп айтқыларың келеді ме?

Үшіншіден, әділдік көзімен қарайықшы. Айыпталып жатқан бауырлар қай мәселелерде әлдебір шариғи үкімдер туралы белгілі ғалымдардың немесе білім талап етушілердің біреуінің сөздеріне сүйенбей сөйлегенін айтыңдаршы. Бірақ шынайы жағдай сендердің мәлімдемелеріңнің өтірік екеніне нұсқайды. Сабақтардың дерлік барлығы үлкен ғалымдардың лекцияларының аудармалары.

Төртіншіден, сендер айыптап жатқан бауырлар қажылық немесе умраға келіп, ғалымдарға бармайды дегенге келер болсақ, бұл да сендердің тараптарыңнан айтылып жатқан кезекті әрі әдетті болып қалған өтірік. Айтар болсақ, кейбіреулер ғалымдарға барып, жаубын қатардағы мұсылманның өзі дәлелдерімен білетін көпке айқын болған сұрақтарды қояды да, бірақ соны жазып алып, сосын осы сұрақтарды көпшілікке паш етіп жариялап шығарады, әрі адамдар осы таспаларды тыңдап, пәленнің шейхқа жеке түрде сұрақ қойғанынан басқа ешқандай жаңа нәрсе алмайды да.

Сондай-ақ ғалымдарға барып жауаптарды таспаға жазып алмайтын, немесе жазып алса да, оларды келесі себептермен шығармайтындар да бар:

- не өздерінің ықыластылығы бұзылуынан қорқып, риядан қашады;
- не осы жауапты өзінің болашақ сабақтарының бірінде атап кету үшін сақтап қояды, өткені ол оны жай шығарып қойғанның пайдасы көп болмайды деп санайды;
- не бұл мәселе қатардағы мұсылмандар үшін өте күрделі болғандықтан әрі оларға тиісті пайда келтірмеуі мүмкін болғандықтан, (оны жарияламайды).

Әрі мұндай себептер өте көп.

Бірақ осы жазба басқа маңызды тақырыпқа арналған, әрі мен оған білім талап ету жолына түскендер және білім талап етушілерге

«олардың ғалымдармен байланыстары жоқ» деп жала жабу арқылы оларға қарсы бағытталып жатқандар құлақ салады деп үміттенемін.

Әрбір білім талап етуші ғалымдарға сұрақ қоюдан бұрын оның жауабын өзіндік түрде іздеу үшін барлық күш-жігерін жұмсау керек екенін естен шығармауы керек. Бұл туралы келесі ғалымдар төмендегі сөздерді айтқан.

Шейх Салих Әли әш-Шейх, Аллаһ оны есендікте сақтасын, өзінің «Мухиммат фи таләб әл-илм» лекциясында, білім талап етуші шейхтардан сұраудан бұрын өзі жауап іздеуі керек деп насихат айтқан соң, шариғи қазылардың бірі шейх Мухаммад ибн Ибраһимге, өзі кездескен мәселедегі шариғи үкім туралы сұрап хат жазғаны туралы оқиғаны айтып берген болатын. Шейх Мухаммад ибн Ибраһим оған мынандай екі-ақ жолмен жауап берген екен: «Бұл мәселе БЕЛГІЛІ әрі білім иелерінің **БАРЛЫҚ КІТАПТАРЫҢДА АШЫП КӨРСЕТІЛГЕН.** Алайда сен **ЖАЛҚАУСЫҢ** әрі **ІЗДЕНБЕЙСІҢ.** Сәләм».

Сондай-ақ шейх Салих шейх 'Абдур-Раззақ әл-'Афифи туралы оқиғаны да баяндап берген болатын: ол кісі қажылықта болған кезінде, бір кісі оның жанында болған күйінде, оған бірінен соң бірін ізбе-із сұрақ қоя берді. Әрі шейх оған: «**БІЛІМ БҰЛАЙ ТАЛАП ЕТІЛМЕЙДІ.** Үкімдер туралы **ОҚЫ,** ғылыми әдебиетті **ОҚЫ,** кітаптар **ОҚЫ.** Ал содан соң әлдебір нәрсе **ТҮСІНІКСІЗ БОЛСА,** ол жайында сұра. Ал **ӘРБІР** үкім туралы: «**Мынаның үкімі қандай? Ананың үкімі қандай? Ал егер былай істесе қалай болмақ? Ал егер істемесе ше?»**, - деп сұрауға келер болсақ, сен **бұлайша БІЛІМ АЛА АЛМАЙСЫҢ**», - деп айтты.

Сондай шейх Мухаммад Базмул де, Аллаһ оны есендікте сақтасын, былай деген:

«Білім талап етуші туындап жатқан сұрақтарға жауап іздеуде өзін үнемі КІТАПТАРҒА ЖҮГІНУГЕ үйретуі керек. Ал түсіну толық болмаған немесе мәселе айқын болмаған жағдайларда ол ҒАЛЫМДАРҒА немесе білім талап етушілерге ЖҮГІНУІНЕ болады.

Бұған Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз сахабаларына нұсқайтын әрі оларға көп сұрақ қоюға ТЫЙЫМ САЛАТЫН. Олар сұрақтардан өздерін қалыс ұстайтын, сондықтан да олар әлдебір ақылды кісі келіп Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сұрақ қойғанын ұнататын. Имам Муслим өзінің „Сахихында“ Әнас ибн Маликтен, Аллаһ оған разы болсын, оның былай деп айтқан хадисін жеткізген: „Бізге Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әлдебір нәрсе туралы сұрауға тыйым салынған болатын, әрі сондықтан да біз шөл-дала тұрғындарынан әлдебір ақылды кісінің келіп оған сұрақ қойғанын және біз соны тындағанды ұнататынбыз...»

Бұл білім талап етушіні кітаптар мен ғалымдардың сөздерінен білім алудағы өз қабілеттерін ЖАҚСARTУҒА ДАҒДЫЛАЙДЫ, сондай-ақ бұл оған өзі жүгініп жатқан ғалымның дәрежесін АЖЫРАТЫП көруге мүмкіндік береді».

Міне, ғалымдарға (мысалы) сақал туралы кең танымал үкім жайында сұрақ қоятын әрі соны таспаға жазып алып интернетке шығарып қоятын адаммен ғалымдарға жүгінуден бұрын күндіз-түні жауап іздеумен өткізіп, әрі осы орайда ондаған, тіпті жүздеген жаңа мәселелерді біліп алатын адамның арасындағы айырмашылық та, дәл осыда. Осыған ұқсас нәрсе шейх әл-Әлбанимен де орын алған болатын. Бірде ол кітаптардың бірінде аталып кеткен бір мәселені іздеген болатын, әрі ол оны іздеу барысында мыңдаған беттерді оқып шығып, олардан пайдалы қорытындыларды жазып алады.

Аллаһ Тағала қатардағы мұсылмандардың көздерін ашсын, әрі оларды осы надан, бірақ өздерін білім талап етушілер ретінде

көрсететін, әрі шындығында да ғалымдармен байланысы бар және сол білімдерді қарапайым адамдарға жеткізетін кісілерден сақтандыратын адамдардың кесірінен сақтасын. Әмин!

## Дағуатшыларды «Ласковый май» тобымен теңестіретін адамға жолдау

---

Аса Жоғары Аллаһ Нух пайғамбар мен оның дағуаты туралы баяндап былай деді:

قَالَ رَبِّ إِنِّي دَعَوْتُ قَوْمِي لَيْلًا وَنَهَارًا فَلَمْ يَزِدْهُمْ دُعَائِي إِلَّا فِرَارًا إِنِّي كَلَّمَا دَعَوْتُهُمْ لِيَتَغَفَرُوا لِي فَأَصَابَهُمْ فِي آذَانِهِمْ وَأَسْتَعْشَوْا ثِيَابَهُمْ وَأَصْرُوا وَاسْتَكْبَرُوا اسْتِكْبَارًا ثُمَّ إِنِّي دَعَوْتُهُمْ جَهَارًا ثُمَّ إِنِّي أَعْلَنْتُ لَهُمْ وَأَسْرَرْتُ لَهُمْ إِسْرَارًا فَقُلْتُ اسْتَغْفِرُوا رَبَّكُمْ إِنَّهُ كَانَ غَفَّارًا

«(Нух) былай деді: "Раббым! Расында мен елімді күндіз-түні шақырдым. Бірақ шақыруым олардың қашуын ғана арттырды. Расында, мен оларды Сенің оларды кешіруің үшін шақырған сайын, олар саусақтарын құлақтарына тығып, киімдерін бүркенгенді. Олар қасарысып, паңданған сайын паңданды. Сосын, рас, мен оларды АШЫҚ түрде шақырдым. Одан кейін мен оларға ЕЛ АЛДЫНДА ДА, әрі өздеріне көмес түрде жасырын да айттым. (Сондай-ақ оларға): "Раббыларыңнан жарылқау тілеңдер. Өйткені Ол Өте Жарылқаушы", - дедім». («Нух» сүресі, 5-10 аяттар).

Аятта Нух пайғамбар (Аллаһтың оған игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһқа шақыруда барлық мүмкін болған құралдарды пайдаланғанына нұсқау бар.

Әрі бұда бізге адамдарды бірқұдайшылыққа шақыруда шамамыз келгенше мүмкін болған құралдардың барлығын пайдалану керек деген ғибратты сабақ бар. Сондай-ақ осыған ұқсаған нәрсе Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)



Сүннетінде әрі оның: «*Менен тіпті бір аят болса да жеткізіңдер*», - деген сөздерінде де келген. Әл-Бухари.

Яғни егер мұны сөзбен жасау мүмкін болса, онда сөзбен, егер қаламмен болса – қаламмен, егер интернетте немесе тікелей кітап, таспалар, мақалалар тарату арқылы мүмкін болса, онда осыны істеу үшін барлық мүмкін болған себептерді жасау керек. Адамдарды ширк пен Оттан құтқарыңдар, әрі жер бетінде бірқұдайшылықтың таралуына себеп болыңдар. Әрі ғалымдардың бірқұдайшылық туралы айтқан әрі орыс тіліне аударылған сөздерін таратуда ынта-ыждағат көрсетіп жатқан бауырларды, олар өте қорқынышты нәрсе жасады деп айыптап жатқан және оларды «Ласковы май» музыкалық тобымен теңестіріп жатқан әрқандай кімселерге көңіл бұрудың қажеті жоқ.

Олардың біреуі: «Ринат «Ласковый май» тобы сияқты барлық жерге өзінің кассеталарын таратумен өзіне жарнама жасап алды», - деп айтты.

Біріншіден, бұл адам менің бұны өзімді жарнамалау үшін істегенімді мәләмдеп, менің жүрегімде не болып жатқанына қол сұқты, ал бұл хауариждердің сипаты болып табылады, Аллаһ бізді олардың жамандығынан сақтасын. [www.toislam.ws](http://www.toislam.ws) сайтымен таныс болған адамдардың көбі бұл сайттың 2000 жылы ашылғанынан бастап шамамен 2005-2006 жж. дейін біз сайттағы лекцияларды лектордың атын атамай шығарғанымызды біледі, тек кейіннен, кейбір білім талап етуші бауырлар адамдар бұл кімнің лекциялары екенін білулері үшін лекторлардың аттарын жазу керектігін табанды түрде талап ете бастаған соң, (біз лекторлардың аттарын атап көрсететін болдық). Бауырлар осы жолда ыждағат-ынта танытқан осы жылдардың дерлік барлығының барысында, сен кәпір болатынсың, әрі «Ласковый май» тобының өз таспаларын қалай таратқанды туралы жан-жақты білетіңізге қарағанда, сен, бәлкім, сол кездерде «Ласковый май»

тобының жұмысы мен өмірбаянын егжей-тегжейлі оқып-талдаумен айналысқан боларсың.

Бәлкім сен Аллаһ Тағала олар туралы:

وَإِذَا ذُكِرَ اللَّهُ وَحْدَهُ اشْمَأَزَّتْ قُلُوبُ الَّذِينَ لَا يُؤْمِنُونَ بِالْآخِرَةِ وَإِذَا ذُكِرَ الَّذِينَ مِنْ دُونِهِ إِذَا هُمْ  
يَسْتَبْشِرُونَ

**«Бір Аллаһ зікір етілсе, АҚЫРЕТКЕ СЕНБЕГЕНДЕРДІҢ жүректері жиіркеніштерінен тітіркейді. Ал қашан Аллаһтан өзгелер зікір етілсе, олар қуанады»,** - деп айтқандардан шығарсың («әз-Зұмар» сүресі, 45-аят).

Бұл адамды бауырлар Аллаһ орыс тілді мұсылмандардың ішінен әйтеуір кімді болса да ширктен құтқарып Жәннатқа кіргізер деген үмітпен бірқұдайшылық туралы сабақтарды таратқаны өте қатты ызаландырған болар.

Бәлкім сен олар туралы шейх 'Усман әс-Салими, Аллаһ оны есендікте сақтасын: «Мен сендерге осы игілікте бола берулеріңді насихат етемін. (Сендерді) сынаушыларға көңіл бұрмаңыздар. Осы себепті сендер үшін жер беті тарылып жатпасын. Аллаһқа шақырыңдар, осы игілікке ілесулеріңді жалғастыра беріңдер, көңіл бұрмаңдар. Аллаһқа көмек сұрап жүгініңдер, егер игілікте болсаңдар, онда Аллаһ үшін істелген нәрселердің барлығы қалады. Бұл бүліктерді, бәлкім, олардың АРНАУЛЫ ҚЫЗМЕТТЕРІ таратып жатқан шығар...», - деп айтқан адамдардан шығарсың?

Ал егер сен біріншілердің, не екіншілердің қатарынан болмасаң, бұған мен де Аллаһ сені мұндайдан сақтасын деп дұға етіп, қатты үміт етемін, онда сен ең аз дегенде адамдардың арқасынан сөйлейтін ғайбатшысың, әрі демек адам етін жейтін кімселердің қатарынансың. Бұл туралы Аса Жоғары Аллаһ былай деп айтқанындай:

وَلَا يَغْتَبِ بَعْضُكُم بَعْضًا أَيُّحِبُّ أَحَدُكُمْ أَنْ يَأْكُلَ لَحْمَ أَخِيهِ مَيْتًا فَكَرِهْتُمُوهُ وَاتَّقُوا اللَّهَ

«... біреуді-біреу ғайбаттамасын. Біреулерің өлген туысының етін жеуді жақсы көре ме? Әрине, оны жек көресіңдер. Аллаһтан қорқыңдар» («әл-Хужурат» сүресі, 12-аят).

Сөз соңында осы адамға Фәләх Мандакардың, Аллаһ оны есендікте сақтасын, сөздерін айтқым келеді: «Егер сен оларға (яғни таухид пен Сүннетке шақырушыларға) КӨМЕКТЕСПЕСЕҢ ДЕ, онда, тым болмағанда, оларды өз кесір-жамандығыңнан аман етсейші! Бұл болуы тиісті нәрсенің ЕҢ АЗЫ». Егер сен оларға көмектеспесең, қолдау көрсетпесең, олардың сөздерін таратпасаң, онда ең азы, тым болмағанда, оларды өзіңнің жамандығыңнан аман ет. Біз Аллаһтан Ол бізді рахым етуін және біздің барлығымызды сендердің жамандықтарыңнан сақтауын сұраймыз!»

Мен сондай-ақ Аллаһтан бұл адамды тура жолға салуын және оған өз сөздері мен іс-амалдары үшін тәубе жасауды жүрегіне салуын және оған бүкіл күш-жігерін ТМД елдерінің тұрғындары арасында бірқұдайшылықты таратуға бағыттауына көмектесуін сұраймыз. Ал егер ол өзінің осы адамгершілікке қайшы іс-әрекеттерінде табанды түрде ыждағат танытатын болса, онда Аллаһтан оны осы дүниеде абыройсыз етуін және барлық адамдардың алдында қорлауын сұраймын.

Осы хабарламаны оқығанның әрбірін «Әмин» деп айтуын өтініш етемін.

Бүлік салушылардың біреуінің және оның айналасындағы жастардың:  
«Ринаттан барлық бауырлар бет

## бұрды», - деген «шаттанған» мәлідемелеріне жауап

---

Ибн әл-Қайим, Аллаһ оны рахымына бөлесін, былай деген:

«Егер сен дәлелге сүйенетін және оны түсінетін, ақиқатты қай жерде жолықтырса да, әрі ол кіммен болса да, оған ілесетін білім иелерінен болған бір кісіні кездестірсең, онда сен жалғыздықтан құтылып, оған (яғни осы ғалымға) деген сүйіспеншілік сезіне бастайсың, тіпті ол (әлдебір) нәрседе саған қайшы келсе де.

Әрі ол сенімен әлдебір нәрседе келіспей өз пікірінде қалса да, саған ақтау табады.

Ал әділетсіз наданға (жәхилге) келер болсақ, ол саған дәлелсіз қарсы келеді, әрі осы орайда сені дәлелсіз күпірлікте не бидғатта айыптайды.

Әрі (оның көзіндегі) сенің бар күнәң - сен олардың опат етуші жолына және жеккөрінішті көзқарастарына ілесуден бас тартқаныңда. Сондықтан да осы кеіптегі (адамдардың) көпшілік болуымен алданып қалма.

Ақиқатында, олардың қатарындағылардың мың мыңы білім иелерінен болған жалғыз адаммен тең келе алмайды.

Әрі ғалымдардың қатарынан болған бір-ақ кісі жер бетін толтырған бүкіл тобырдан жақсырақ». Қ-з: «Иъләм әл-муакқи'ин» 1/308.

p.s. Шынын айтсам, осындайларға ашуланып ренжуге де ұяласың.

## Әрбір айқайшыға көңіл бұрудың қажеті жоқ

---

Шейх әл-Әлбани, Аллаһ оны рахымына бөлесін, былай деп айтады:

«Білім талап етушіге әрбір айқайшыға көңіл бөле беруінің қажеті жоқ, өйткені бұл бітпейтін тақырып. Әлдебір кімсенің ойына қандай да бір идея келген сайын – әрі осы орайда оның өзі Абу Жәхлден де надан бола тұра – біз онымен санаса бастаймыз, оған көңіл бөлеміз, онымен айтысамыз әрі оған арнап лекция әзірлейміз т.с.с. (нәрселер істеп жатамыз)». Қ-з: «Силсилә әл-һуда уа ән-нур» 860.

## Дағуатшыға қуанышты хабар

---

Сен бұрын өзіңнің сабақтарыңа қатысқан немесе сенің лекцияларыңды тыңдаған, немесе мақалаларыңды оқып жүрген әрі осы сабақтарда атап айтылған аяттар мен хадистерді қабылдап, соңынан соларға амал еткен, ал кейіннен шайтанның немесе өздеріне Сүннеттен ешбір жаңа нәрсе үйретпеген біреулердің азғыруымен саған ашуланып және сені Исламнан немесе Сүннеттен шығара бастаған адамдарды көрсең, қайғырма, әрі Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Жақсылыққа нұсқаған кісіге сол (жақсылықты) істеген адамның саубы (тиісті) болады»*, - деп айтқанын ұмытпа. Муслим.

Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ былай деді: *«Тура жолға шақырған (кісі) өзіне ергендердің сауабындай сауап алады, әрі бұл олардың сауаптарын бір түйірге азайтпайды. Ал (өзгелерді) адасушылыққа шақырғанның мойнына оған ергендердің күналарының (ауыртпалығындай) күнә жүктеледі, әрі бұл олардың көтерген күналарының (ауыртпалығын) бір түйірге де жеңілдетпейді»*. Муслим.

Бұл адамдар сені қаншалықты жек көрсе де әрі қаншалықты ұнатпаса да, олардың сенен үйренген Сүннеттен жасап жатқан амалдары үшін сауап толығымен саған оралады.

Әрі еі қызықтысы – олардың сені жек көрсе де, мұнымен еш нәрсе істей алмайтынында. Олар сенің игі амалдарыңның жинақ

сандықшасына ағылып келіп жатқан осы сауаптарды тоқтата алмайды.

Әрине, тек олар, бұл жиі жағдайда мұсылмандарды қақысыз күпірлікте айыптайтындармен, немесе Сүннет иелерін бидғат пен хизбияда айыптайтындармен орын алатынындай, Исламнан немесе Сүннеттен бас тартатын айрықша жағдайдан басқа. Аллаһ бізді мұндайдан сақтасын.

## Жарх обасына шалдыққандар үшін

---

Сүннет иелерінен болған мұсылмандарды оп-оңай түрде жәбірлеп-ұрысатындар үшін. Әлі де болса әлдебір шейхтың жай сөздеріне емес, аят пен хадистерге иман келтіргендер үшін.

«Әй, иман келтіргендер...»

Пәк әрі Аса Жоғары Аллаһ былай дейді:

وَيْلٌ لِّكُلِّ هُمَزَةٍ لُّمَزَةٍ

«**Бүкіл қорлаушы, өсекшіге нендей өкініш!**» («әл-Һумаза» сүресі, 1-аят).

Ал Аллаһтың Елшісі болса (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деді: *«Кім Аллаһқа және Ақырет Күніне иман келтірген болса, жақсы сөз айтсын, не үндемесін»*. Әл-Бухари 6018, Муслим 48.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ былай деді: *«Маған өзінің екі жағының және екі аяғының арасындағысы үшін кепілдік бергенге, мен оның Жәннатқа кіретініне кепілдік беремін»*. Әл-Бухари 6478.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тағы да былай деді: *«Пенде Аллаһтың ашуын келтіретін бір сөз айтып, оған өзі көңіл де бұрмауы мүмкін, бірақ айтқан сөзінің себебінен ол Тозақта (төмен қарай) құлай береді!»* Әл-Бухари 6478.

Хадистің басқа бір нұсқасында: *«Оның айтқан сөзінің себебінен Аллаһ Қиямет Күні оны қарсы алғанда оған Өзінің ашуын жазады»*, - деп айтылған. Қз.: «әс-Силсилә әс-Сахиха» 888.

Сондай-ақ Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тілге (саусағымен) нұсқап, Му'азға: *«Мынаны тый (ұста)»*, - деді. Сонда Му'аз: *«Уа, Аллаһтың елшісі! Біз айтқандарымыз үшін сұраламыз ба?»*, - деп сұрады. Ал Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: *«Анаң сенен айырылып қалсын, я, Му'аз! Адамдарды өз тілдерінен тапқандарынан бөлек нәрсе үшін Отқа ет-бетімен тастаушы ма еді?»*, - деп жауап берді. Әт-Тирмизи 2616, Ибн Мәжаһ 3973. Хадис сахих. Қз.: «Сахих әл-жәми'» 5136.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ былай деп айтады: *«Адам өтірікшіге айналуы үшін естіген нәрсесінің барлығын әрі қарай жеткізуінің өзі жеткілікті»*. Муслим 1/10.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тағы да: *«Жорамалдардан аулақ болыңдар. Расында, ең өтірік сөз – бұл жорамалдар»*, - деді. Әл-Бухари 5143, Муслим 2563.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ былай деген: *««(Олар) мәлімдейтін» (деген сөздер) адам үшін нендей нашар мініс жануар болып табылады!»* Әл-Бухари «әл-Адаб әл-муфрад» 763, Абу Дауд 4972. Хадис сахих. Қз.: «әс-Силсилә әс-Сахиха» 866.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ: *«Басқаларды жыққан күшті емес, ашу-ызаға кенелген кезде өзін ұстаған күшті»*, - деп айтқан. Әл-Бухари 6114, Муслим 2609.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ өзінен өсиет сұраған кісіге: *«Ызаланба!»*, - деді де, осыны бірнеше рет қайталады. Әл-Бухари 6116.

Али ибн Аби Талиб (Аллаһ оған разы болсын): “Асығушы болмаңдар! (Бұзықтықтың) ұрығын таратушы болмаңдар”, - деді. Қ-з.: «Сахих әл-Адаб әл-Муфрад» 250.

Бұл игілікті мәтіндер тілді бүкіл әдепсіз нәрселерден тыюды бұйырады, тілді пайдалы білімдермен, Ұлы әрі Құдіретті Аллаһты зікір етумен шұғылдандыруды әмір етеді, тілді балағаттаудан, ұрысып-сөгуден, айдап салудан, жамандаудан, ғайбаттаудан, дұшпандық мақсатымен сөз жеткізуден қорғауды бұйырады.

## Жархшылар сектасы Аллаһтың шариғатына қол сұғып, отбасыларды бұзып жатқандығының жан түршігерлік мысалы

---

### **Бірінші бөлім. Америкада орын алған оқиға**

Осыдан бір-екі жыл бұрын шейх Салим әт-Тауилге бір сұрақ қойылған болатын. Оны оқыған кезде біздің ұлы дінімізді Иегова Куәгерлері сектасы сияқты бірнәрсеге айналдырған мұсылмандардың жағдайына байланысты тіпті үрей сезінесің.

Ендеше, әрбір саналы мұсылман осыны оқып, сүннилердің отбасыларына кіріп жатқан әрі мұсылман болып табылатын, бұған қоса Сүннет иелері болып табылатын ағайын-туысқандарды ажырастырып жатқан жархты жақтаушылар бүлігінің қауіптілігін сезінсін! Бұл бүлік – сиқыр мен оба сияқты, әрі оның Ислам үшін зияны хауариждердің бүлігінен кем емес. Әрі осыны оқыған кісі бұл олардан алыс немесе мүмкін емес болған әлдебір нәрсе деп ойламасын, мұндай жағдайлар Қазақстанда да, Ресейде де, ТМД-ның басқа елдерінде де орын алуда.



**Сұрақ:** «Мен – америкалықпын, жасым 60-қа тиіп қалды. Мен дағуатшымын, әрі Американың түрмелерінің бірінде діни наситтаушы болып жұмыс істеймін. Некеде болғаным 35 жыл болды, әрі менің жастары 21-ден 35-ке дейін болған бес қызым бар. Олардың екеуі Аллаһтың мейірімімен Аллаһтың Кітабын жаттап алды. Олардың екеуінің жастары жиырманың шамасында. Бірақ соңғы кездері қызымның екеуі әрі олардың анасы, менің ойымша, ал Аллаһ бұл туралы жақсырақ біледі, Исламға ешқандай қатысы болмаған манһаждың ықпалына түсіп кетті. Керісінше, өздерін «Айқын манхаж» деп атайтын әрі әһлу-Суннадан болған алғашқы салиқалы ұрпақтардың жолына ілесетін және біз олар туралы тек жақсылық пен салиқалы сәләфтарымыздың түсінуіндегі бірқұдайшылыққа және Сүннетке шақырудан өзге ешнәрсе білмейтін кейбір шейхтарды бидғатшылар деп атауға әрі олардан сақтандыруға міндеттейтін бұл (бұл жасанды жол) салиқалы әуелгі ұрпақтар ұстанған манһажға енгізілген жаңалық болып табылады.

Менің қыздарымның біреуінің күйеуі де осы манхаждың ықпалына түсіп, қызымды маған қарсы бағыттады, әрі ол менімен барлық қарым-қатынасын үзді (хажр жасады). Ол менің Аллаһқа шақырушы Сунни болғанымға қарамастан, қызыма маған бойкот жасауды әрі менімен бұл дүниеде ең жақсы қарым-қатынас жасауды тоқтатуды бұйырды.

Кейіннен барлық нәрсе тек өрши түсті. Өздерін осы манхажға телитін кейбір дағуатшылар менің қыздарымды адасушылыққа салып, әйелімді де маған қарсы айдап салды. Олар Сауд Арабиясы Королдігінде өмір сүретін бір шейхтың ықпалына түсті, әрі олар онымен Меккедегі Ахмад Базмуд, Мәдинадағы Усама Утайби, Кувейттегі Мухаммад А. және Ахмад С., тағы басқалар арқылы байланыс жасасып тұрады.

Олар сол кісілерге әһлу-Сунна ғалымдары бұдан үнемі сақтандыратын, дәл сол айыпты фанатизм(мен) соқыр және фанатикалық түрде ілесе бастады. Әрі, үлкен өкінішке орай, олар менің әйелім мен қыздарымды да, олар менен өз манхажым мен ұстанымымды түсіндіруімді, яғни Фаләх Мандакар, Ибраһим Рухайли т.б.с.с шейхтарды адасушылықта және бидғатшылықта айыптауымды талап етуге көндіре алды.

Мен өзімнің бұған келіспейтінімді бұлтартпас түрде көрсеттім, әрі оларға шейхтар жайында осылайша сөйлеуге рұқсат етілмейтінін және біз баяғыдан бері оқып келген нәрсе бұл емес екенін, сондай-ақ бұл біз білген Аллаһтың діні емес екенін, сондай-ақ бұл салиқалы сәләфтарымыздың жолы болып табылмайтынын түсіндірдім. Бұл манхаж салиқалы сәләфтарымыздың манхажына шақырудағы жаңадан шыққан бір жол, әрі бұның осындай екеніне күмән жоқ, және бұл өте қауіпті! Әрі ең аз дегенде, бұны әлгі шейхтарға қатысты ғайбат деп айтуға болады, ал ғайбат, Аллаһпен ант етемін, үлкен күнәлардың бірі!

Содан соң мен кенеттен олардың менің әйелім мен қыздарымнан олар мені бидғатшы деп атауын әрі менімен қарым-қатынастарын үзуін талап еткендерін білдім, Аллаһқа ғана көмек сұрап жүгінеміз, бұл тек мен олардың манхажымен келіспегенім үшін ғана.

Бірде, мен жұмыста болған кезімде, олар менен ешқандай рұқсат сұрамастан үйден кетіп қалды. Тіпті маған қайда бара жатқандарын, қай жерде тоқтайтынын, кімдікінде түнейтінін де айтпады. Мен түнімен оларды іздеп шықтым әрі тапқан соң үйіме қайтардым.

Келесі күні олар тура сол нәрсені қайта істеді. Мен жұмыстан шыққан соң тағы да оларды түнімен іздеумен болдым, әрі тапқан соң тағы да үйге қайырдым. Олар үйде қалғысы келмей қалатын. Тіпті менің қызымның біреуі өкінетінін әрі менің істеген ісіме разы емес екенін баян етіп түсіндірме жазған болатын.

Содан соң өзін салиқалы сәләфтардың манхажына жатқызатын бір дағуатшы өтірік және қақысыз түрде менен егер мен әйелім мен қыздарым үйімде қалсын десем, онымен сөйлесуімді және ол маған насихат айтуын, мені жауапқа тартуын, маған ақиқат пен өздері өздерін солай деп атайтын «айқын манхажды» түсіндіруін талап етті. Әрі осы орайда әлгі бауырдың өзі менің қыздарымның жасында. Біз Аллаһқа ғана көмек сұрап жүгінеміз.

Мен қазір үнемі алаңдаудамын. Әйелім маған қатысты өзгерді әрі мен қыздарымды жоғалтып аламын деген қауіптемін. Тұрмыстағы қызым менімен қарым-қатынасын үзді, тіпті босанған кезде мені бидғатшы деген сылтаумен немеремді көруіме рұқсат бермеді.

Уа, шейх, маған, менің әйеліме, қыздарыма және осы манхажбен жүріп жатқан барлық дағуатшылар мен бауырларға берер насихатыңыз қандай?

Оларға менің отбасыммен осылай істеуіне рұқсат етіледі ме?

Олардың әдісі шындығында да салиқалы сәләфтардың манхажы болып табылады ма?

Әйелді өзінің күйеуне, тек ол кейбір белгілі шейхтарды бидғатшы деп атамағандығы себепті ғана, қарсы бағыттауға рұқсат па?

Құрметті шейх, мен, Аллаһ-ул-Муста'ан, біздің жан-жағымыздан бүліктер қаптаған Америкада өмір сүретінімізді әрі біздің ең мұқтаж болған нәрсеміз – отбасымыздың, әсересе қыздарымыздың көз алдымызда болуы екенін тағы бір рет қайталағым келіп тұр.

Уа, Аллаһ, мен — жәбірленушімін, ендеше маған көмек көрсетші! Уа, Раббым, менің басма қайғы түсті, ал Сен – Мейрімдісің! Уа, Аллаһ менің әйелім мен қыздарымды сақтай гөр! Уа, Аллаһ менің отбасымнан оның бұзылуына алып келуі мүмкін болған барлық нәрсені алыстата гөр! Уа, Аллаһ мені олардан Өзің қалағаныңдай

құтқара гөр! Уа, Аллаһ, ақиқатында, Сен барлық нәрсенің үстінен Құдіреттісің!

Сіздің америкалық бауырыңыз».

Шейх Салим былай деп жауап берді:

«الله المستعان و حسبنا الله و نعم الوكيل»

**«Олар қайта тірілетіндіктерін ойламай ма? Сол ұлы күн үшін. Ол күні адамдар бүкіл әлемдердің Раббысының алдында тұрады»** («әл-Мутаффифин» сүресі, 4-6 аяттар).

Бұл - мен өзімнің бұрынғы мақалаларымда атап өткен нәрсенің дәл өзі. Бұл адамдардың белсеңділігінің ең үлкен деңгейі Батыс елдерінде (орын алуда), өйткені ол жерде ғалымдар жоқ, ал білім талап етушілер өте аз. Бұл елдерде білімсіздік етек жайған, сондықтан да олардың америкалықтар мен еуропалықтар арасындағы белсеңділігі осындай болуда.

Мынандай сұрақ туындайды: Сонда бұл адамдар Аллаһ олардан кек алады деп қорықпайды ма?!

Олар жәбірленген адамның дұғасы мен Аллаһтың арасында бөгет жоқ екенін білмей ме?

Осындай істер Аллаһ Тағалаға жақындатады ма?

Неліктен олар адамдардың істеріне араласады?! Не үшін олар өздерімен айналыспайды әрі адамдарды жайларына қойып, оларға өздерінің кесірін тигізуден тыйылмайды?

Мен бұл кісіге берер насихатым: осы қайғыға қатысты сабырлық таныту, Аллаһқа дұға етіп жалбарыну және осыда салғырттық танытпау, өйткені дұғаның ықпалы ұлы. Әрі ол игілікке қуансын, өйткені игі нәтиже тақуаларға болмақ.

Сіз өз оқиғаңызды жария еткеніңіз арқылы оны оқыған адамдарды осы түсініксіз адамдар тобына қарсы, Аллаһ мұсылмандарды олардың жамандығынан сақтауды және осы қасіретті сізден әрі басқа да жәбірленгендерден алып тастауды, сондай-ақ сендерді біртұтастыққа келтіруді тілеулері (үшін), Аллаһқа дұға етуге бағыттайтыныңыз шүбәсіз.

Осы оқиғаға қатысты сізге және басқаларға ішінде жеңілдік (болатыны туралы айтылатын) бір хадисті келтіргім келеді:

Әл-Хаким «әл-Мустадрак» кітабінде (7302) Абу Хурайрадан, Аллаһ оған разы болсын, бірде бір кісі Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп, көршісіне шағымданғанын жеткізген. Ол: «Уа, Аллаһтың Елшісі, көршім маған қолайсыздық жасай береді», - деді. Бұған Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: «*(Үйіңнен) заттарыңды сыртқа шығар да, сол жерде тұр*», - деді. Бұл кісі тура солай істеді, яғни заттарын көше шығарып, өзі қасында тұрды. Әрі оның жанынан өткен әрбір адам одан: «Не үшін бұл жерде тұрсың?», - деп сұрады. Ол бұл (сұраққа): «Ақиқатында, мен Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзімнің көршіме шағымданған едім, әрі ол маған заттарымды сыртқа шығарып, сол жерде тұруымды бұйырды», - деп жауап бере берді. Әрі адамдар (оның бұл көршісі туралы): «Уа, Аллаһ, оны лағынетте, уа, Аллаһ, оны қорлай гөр», - деп айта бастады. Бұл хабар оның көршісіне жеткен кезде, ол (оған): «Өз (үйіңе) қайтшы, Аллаһпен ант етемін, мен енді ешқашан саған зиян тигізбеймін», - деді.

Бұл Муслимнің шарттарына сәйкес келетін, бірақ олар (Бухари мен Муслим) оны өздерінің жинақтарында келтірмеген сахих хадис. Сондай-ақ Муслимнің шарттарына сәйкес келетін басқа да осындай хадис бар, бұл туралы әл-Хаким айтқан, ал әз-Зәһаби «әт-Талхис»-та (оған келісіп) үнсіздік танытқан.

Сондай-ақ шейх әл-Әлбани «Сахих әт-Тарғиб уа-т-Тархиб» кітабында (2558) хадисті келтіріп, ол (оны растайтын) басқа да хадистердің бар болуына байланысты сахих деп атаған. Абу Жуһайфадан, Аллаһ оған разы болсын, оның былай деп айтқаны жеткізіледі: «Бірде бір кісі Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп, көршісіне шағымдана бастады. Бұған Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған: *«(Үйіңнен) заттарыңды сыртқа шығар да, сол жерде тұр»*», - деді. Бұл кісі тура солай істеді, әрі заттарын сыртқа шығарды. Ал адамдар оның жанынан өткенде, оның (көршісін) лағынеттеп жатты. Әрі ол (көршісі) Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) келіп, оған: *«Уа, Аллаһтың Елшісі, мен адамдардан жәбір шегіп біттім»*», - деді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) одан: *«Сен олардан не жәбір шегіп біттің?»* - деп сұрады. Әлгі адам: *«Олар мені лағынеттеп жатыр»*», - деп айтты. Сол кезде Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Сені адамдар лағынеттеп бастаудан бұрын Аллаһ лағынеттеп қойған болатын»*», - деді. Осыдан кейін әлгі адам: *«Мен енді бұлай істемеймін»*», - деді. Сөйтіп ол оның үстінен Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шағымданған кісіге барды да, оған: *«Өз заттарыңды алып, (үйіңе) қайтшы. Расында, бұл мен үшін жеткілікті болды»*», - деді.

Әт-Табарани мен әл-Баззар жақсы иснадпен осы шамалас хадисті келтірген, бірақ онда: *«...заттарыңды жолдың үстіне шығарып қой»*, немесе: *«...жолдың ортасына....»*, - деп айтылған. Ол тура солай істеді. Әрі адамдар өтіп бара жатып одан: *«Сен бұл жерде не істеп тұрсын?»*, - деп сұрайтын. Бұған ол: *«Көршім маған зиян тигізуде»*, - деп жауап беретін. Сол кезде олар оған қарсы дұға ететін. Сонда оның көршісі келіп, оған: *«Заттарыңды жинашы. Расында, мен енді ешқашан саған зиян тигізбеймін»*, - деп айтты.

Басында да, соңында да Аллаһқа мадақ, Оған жария да, жасырын да мадақ. Пайғамбарға, оның сахабаларына және оның отбасына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын».

Сілтеме: <http://www.saltaweel.com/articles/379>

Салиқалы сәләфтарымыз: «Басқаның басына түскен нәрседен сабақ алған адам - бақытты», - деп айтпақшы, осы оқиға әрбірімізге сабақ болсын.

Күндердің бір күнінде сіздерге де тура осылай жасалмасын десеңіз, балаларыңызды, қыздарыңызды және әйелдеріңізді, шайтандар олардың бастарын осындай қоқыспен толтырып тастамауы үшін, олар кімдермен сөйлесіп-араласатынына, кімдерден білім алатынына бақылау жасаңыз.

## Жархшылар сектасы Аллаһтың шариғатына қол сұғып, отбасыларды бұзып жатқандығының жан түршігерлік мысалы

---

Екінші бөлім: Ресейде орын алған оқиға

Фанатик-жархшылар Аллаһтың шариғатына қастандық жасауының және отбасыларды бұзуының адамгершіліксіз көрінісі. Енді Ресейде де.

Осы күндер аралығында таң қалдырарлық әрі сәләфияға ғана емес адамдыққа қайшы келетін оқиға орын алды. Алайда жархшылармен және олардың шырмауына түскен бейшара-міскіндердің барлық оқиғалары адамдыққа қайшы және жиіркенішті.

Бұл оқиға Башқұртстанда орын алды әрі оның отын өрбіткен сол баяғыдан "боқ бықсытумен" және сәләфилерді бидғатшылықта айыптап жала-өсек таратумен танылған Мысырдағы Субк әл-Ахад деген ауылда тұратын өздерін шейх Мухаммад Саид Раслянның шәкірттері ретінде көрсететін бүлікші фитнашылар.

Бір сәләфи бауырды қайын ағасы қонаққа шақырады. Әңгіме барысында қайнағасы одан өздерінің отанында дінге шақырумен айналысып жүрген бір ересек кісіні бидғатшы деп айыптауды талап етеді. Әлгі жігіт қайнағасына: "Мен одан бидғатшы деп айыптауға және әһлу-Сунна қатарынан шығаруға лайық болатындай еш нәрсе көрмедім" деп оның талабын орындамай қояды. Ал қайнағасы болса оған Субкідегі орыс тілді білімгерлер бұл адамның жағдайын шейхтарға, нақты айтқанда Саид Расләнның ұлы Абдуллаһқа жеткізгендігін, әрі ол мұндай адамнан білім алу харам және ол адасқан бидғатшы деп үкім шығарғанын айтады. Бірақ біз бұл бұзық және сұмырай арамза адамдардың өздерінің шейхтарына өздерімен келіспейтіндерді жаман көрсетіп, қалай ақпарат жеткізетінін өте жақсы білеміз.

Сонымен, әлгі уәлисымақ қайнаға әлгі бауырдың әйелін алып кетеді, әрі осы орайда өзінің мысырға бұл туралы хат жазғанын әрі ол жерден күеу баласы пікірін өзгертпейінше қарындасын жібермей ұстауына болатыны туралы жауап алғанын айтады. Осылайша олар оның әйелін тартып алады.

Бұл байғұс жігіт бұл мәселеге тұтас ғалымдардың делегациясы жауап берді деп ойлаған болар, алайда соңында бұл "пәтуаны" ешқандай ғалым да емес, бар болғаны шейх Раслянның өтірікші және Саудияның ғалымдарын "сиырлар" деп атайтын ұлы Абдуллаһ екені анық болады. (Оның ғылыми еңбектерді ұрлағанын мойындағанын және мұндайды шейх Усаймин де істеген деп ақталғанын қараңыз: [https://vk.com/video-103281467\\_172217269](https://vk.com/video-103281467_172217269))



( [https://vk.com/wall-103281467\\_281](https://vk.com/wall-103281467_281)).

Орын алған оқиға тез арада орыс тілді мұсылмандар арасында тарап үлгерді, әрі тіпті араб тілді ортада да мәлім болды. Сөйтіп башқұртстандық бұл бауырлар умрада жүрген бір бауырға осы мәселе бойынша ғалымдарға жүгінуді өтініш етті. Аллаһтың рахымымен бұл бауыр үшін атақты шейх-мухаддис Уасыюллаһ 'Аббасқа сұрақ қоюына мүмкіндік туындады:

Сұрақ: «Шейхымыз, мен Ресейденмін, әрі бауырлар сізге сұрағын жеткізімді өтініш еткен болатын».

Шейх: «Айтағой».

Сұрақ: «Бір ресейлік сәләфи бауыр бар, әрі оған қатысты ешқандай бидғат бар екені белгісіз. Алайда ол нақты бір кісіні оған қатысты ол бидғатшы болатындай айқын дәлел болмауы себепті бидғатшы деп айыптамайды».

Шейх оның сөзін бөліп: «Мен сен айтқың келіп тұрған сұрақты түсіндім», - деді.

Сұраушы: «Жоқ. Шейх, оның жархпен айналысып жүрген қайнағасы оның әйелін, күеуі пәленді бидғатшы деп айыптамағы үшін, өз үйіне алып кетіп, оны күйеуінен бөліп, күеуіне қайтып оралуына тыйым салады».

Шейх: «Бұл оның қайнағасы - қиянатшылдардан болған қиянатшыл адам! Оның өзі бидғатшы. Оның өзі бидғатшы!"

Сұраушы: «Олардың некесі бұзылған болып саналады ма?"

Шейх: «Жоқ, жоқ. Бұзылмады, өйткені ол оған талақ бермеді».

Сұраушы: «Аллаһ сізге береке берсін, шейх».

Айтпақшы, сұрақты қойған бауыр, Аллаһ оған мұсылмандарға көмектескені үшін сауабын жазсын, тура осы сұрақтың алдында шейх Уасьюллаһ Харам Мешітінде сабақ өтіп жатып жархтау және өздерімен келіспейтіндерді бидғатшы деп айыптау фитнасы қаншалықты қатты тарағандығы жөнінде айтқан болатын деді. Ал осыдан шейхтың сұрақ қойған бауырдың сөзін не себепті бөлгендігі де түсінікті болады. Ол әнгіменің не туралы болып жатқанын түсінгенін әрі жоғарыда аталған жәбірленушінің қайнағасының өзі қиянатшыл және бидғатшы екенін айтты.

Міне, сіздерге, құрметті мұсылмандар, жаңадан шыққан жархшылар сектасының айқын секташылдығының кезекті мысалы. Расында, мұндай өз бетімен кетушілікті қыздары немесе әпке-қарындастары нақты мұсылмандарды бидғатшы деп айтыптаудан өзін қалыс ұстайтын адамдардың ғана емес, ихуандардың идеологтарының әйелдері болып табылатын кейбір қазіргі заман жархшыларының жетекшілері де өздеріне рұқсат етпейтін.

## Бүлік-фитна қалай жойылады

---

Міне, осылайша дәлелдер мен шынайы білімдер арқылы көбік жоқ болып жойылады, ин ша Аллаһ.

Шейхтың: «Маған сиқа (сенімге лайықты кісі) хабарлады», - деген сөздері туралы.

<http://islam-forum.ws/viewtopic.php?f=112&t=18551>

P.S. Кейбір бауырлар әлеуметтік жүйелерде әртүрлі топтар ашып, соларда (негізсіз жарх обасын жұқтырып алған) білімсіз адамдарды келеке етіп, олармен айтысып және олардың үстінен келемеж жасап жүрген істеріне келер болсақ, бұл дұрыс емес әрі ізгі әуелгі ұрпақтардың манһажына сәйкес келмейді.

Аллаһтан қорқындар әрі Құран мен Сүннетке шақырындар. Тек осылайша ғана адамдарды адасушылықтан сақтап қалуға болады. Әрі бұл туралы Аллаһ Тағала «әл-’Анкабут» сүресінің 51-аятында:

أَوَلَمْ يَكْفِهِمْ أَنَّا أَنْزَلْنَا عَلَيْكَ الْكِتَابَ يُتْلَىٰ عَلَيْهِمْ إِنَّ فِي ذَٰلِكَ لَرْحَمَةً وَّذِكْرَىٰ لِقَوْمٍ يُؤْمِنُونَ

«Әрине, оларға оқылып жатқан Кітапты саған түсіргеніміз өздеріне жетіп аспай ма? Расында, онда иман келтірген ел үшін, әрине, игілік және үгіт бар», - деп айтқанындай, олар біз үшін жеткілікті.

## Кіммен дос болып жүргеніңе қара

---

Олар туралы «әл-Фурқан» сүресінің 27-29 аяттарында:

وَيَوْمَ يَعَضُّ الظَّالِمُ عَلَىٰ يَدَيْهِ يَقُولُ يَا لَيْتَنِي اتَّخَذْتُ مَعَ الرَّسُولِ سَبِيلًا يَا وَيْلَتَىٰ لَيْتَنِي لَمْ أَتَّخِذْ فُلَانًا خَلِيلًا لَقَدْ أَضَلَّنِي عَنِ الذِّكْرِ بَعْدَ إِذْ جَاءَنِي وَكَانَ الشَّيْطَانُ لِلْإِنْسَانِ خَذُولًا

«Ол күні әр залым өз қолын шайнап: "Әттеген-ай! Пайғамбармен бірге жол тұтқан болсам еді. Нендей өкініш маған. Әттең! Мен пәленбайды дос тұтпаған болса едім. Шынында, ол Құран келгеннен кейін мені одан адастырды", - дейді". Негізінде, шайтан адам баласы үшін опасыз», - деп айтылғандардың қатарында болып қалмауың үшін,

- кімнің парақшаларына жазылғаныңа,
- қандай топтарға қатысатыныңа,
- достарыңның тізімінде кімдер бар екеніне қара.

Егер сен олардан тек:

- Аллаһ айтты,
- Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) айтты,

деген сөздерді еститін топтарда немесе адамдармен бірге болсаң, онда бұл Аллаһтың мейірімі.

Ал егер олар:

— күпірлік,

— көпқұдайшылық,

— бидғаттар,

— пасықтық,

— балағатаулар,

— жамандаулар т.с.с. нәрселер айтушылардан болса, онда ажал сағатың жетіп келгенше мұндай топтардан қаша жөнел, әрі мұндай достармен қарым-қатынасыңды үз. Өйткені біздің ешқайсымыз ажалымыз қашан жететінін білмейміз.

## ТМД елдерінің Сүннет ұстанушы мұсылмандарына кезекті жолдау

---

Соңғы кезде кейбір мұсылман бауырларымыздан, өзін Сүннеттің ұстанушыларымыз деп есептейтін мұсылмандардың Сүннетті ұстанушы басқа адамдарға қатысты істеп жатқан тірліктерінен түңілген сөздерін естуге болады. Бауырларымыз сөгу, ұрысу, кінә тағу, белгі салу, бойкоттау түріндегі осы бассыздық ешқашан бітпейді деп ойлайды. Тіпті олардың кейбіреулері осыған көніп, сол қылмыскерлердің қатарына қосылып, соларға ұқсап жатыр, әрі тура сондай опат етуші күнәлар жасай бастады.

**Біріншіден,** мен осындай қылмыстармен айналысатын адамдарға былай дегім келеді:

Уа, бауырлар, әр-Рахман (аса Мейірімді), әр-Рахим (ерекше Рахымды), әл-Халим (Байсалды), әл-Ғафур (Кешірімді), әт-Таууаб (тәубені Қабыл Етуші) Аллаһ Тағала Мухаммадты (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әлемдерге мейірім етіп жіберген, мейірімді жаратып, оны 100 бөлікке бөліп, 99-ын Өзінде ұстап қалдырып, әрі бір бөлігін жерге түсірген, әрі осы бір бөліктің нығметімен ақыл-санадан жұрдай болған жануар екеш жануар да өзінің баласына мейірімін көрсететін бола тұра, я бауырлар, біздің дініміз соншалықты қатал, қатыгез, қылмысты болуы мүмкін емес. Мұсылман адам басқа мұсылмандардың ортасында өмір сүре тұра, басқалар оны араласып жүрген ортасы жек көретін әлдебіреудің қасынан көріп қоюуынан, немесе оның солар жек көретін интернет паракшасына кіргенін біліп қоюуынан, немесе оның солар жек көретін лекцияларды тыңдайтынын естіп қоюуынан қорқып жүруі мүмкін емес.

Әрі егер, Аллаһ сақтасын, олар осы секілді нәрсені көрсе, немесе естісе, немесе біліп қойса, онда оны бірден айыптап, бойкот жариялайды, жұмыстан шығарады, (ал егер ол солардың туысына үйленген болса) ажырасуды талап етеді, сауда келісімдерін үзеді әрі т.б. осы сияқты іс-әрекеттер жасауға барады.

Дінді осылайша ұстану адамның көрінген адамнан ол оның үстінен жала жауып арыздануынан, және соның салдарынан ол «халық жауы» деп аталып, қуғын-сүргінге ұшырауынан есі кете қорқатын сталиндік НКВД дәуірін еске салады.

Аллаһтың атымен ант етемін, бауырлар мен әпке-қарындастар, бұл – Аллаһтың діні емес. Сүннетке оралыңыздар, біздің Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қандай болғанына қараңыздар. Сахабалар мен табиғиндердің жалпы адамдарға деген әрі нақты мұсылмандарға деген мейірімділігі мен рахымшылдығына назар салып үнілу үшін, олардан жеткен хабарларға оралыңыздар.

Аллаһ Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әрі оның сахабаларын былай деп суреттеді емес пе?

مُحَمَّدٌ رَّسُولُ اللَّهِ وَالَّذِينَ مَعَهُ أَشِدَّاءُ عَلَى الْكُفَّارِ رُحَمَاءُ بَيْنَهُمْ

«Мухаммад – Аллаһтың Елшісі. Онымен бірге болғандар кәпірлерге қатал, ал ӨЗАРА ТЫМ МЕЙІРІМДІ» («әл-Фатх» сүресі, 29-аят).

Ерекше атап кеткім келетін жайт – мен қазір бидғаты анық, әрі олардың бидғатшы екенінде тіпті екі Сүннеттің жақтаушысы өзара тартыспайтын рафидилер, жәхмилер, сопылар т.с. сияқты бидғатшылар туралы айтып отырғаным жоқ.

Әрі егер Сүннетті ұстанушылардың қатарына жататын әлбіреу қателессе, оны түземеу керек деп те айтпаймын. Түзеу керек, қателерді көрсетіп-нұсқау керек. Алайда Сүннеттің ұстанушысының қателігі мен бидғаттың ұстанушысының қателігі арасында үлкен айырмашылық бар екенін ұмытпау қажет әрі, тиісінше, оларды түзеу әрекеттері де әртүрлі болуы керек.

Шейх Муқбил ибн Хади былай дейтін: «Егер сүннетті ұстанушы адам қате жіберсе, бұған көз жұма қарау керек. Ал оның ақиқатқа оралуы туралы айтар болсақ, бұл адамгершіліктен!» Қз.: «Қам' әл-Му'анид» 475.

Шейх Раби' әл-Мәдхали былай дейтін: «Сендерден біреу Сүннеттің жалауын көтеруші бола тұра, біз оны қателігі үшін орынан құлатсақ, онда бұл хауариждердің мәһабы болып табылады». Т-з.: «Жәласа ма'а фадыләту-шшейх Раби'», «В» жағы.

Бірақ, қалай әрі нені түзету – бұл кез-келген (дінге қатысты) қызғанышы бар мұсылманның емес, білім иелерінің ісі болып табылады.

Сондықтан да мен бұл жерде өзін Сүннеттің жақтаушысымын деп, өзін мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарының жолын ұстанушымын деп, өзінің дінін Құран мен Сүннет деп айтатын, ғалымдарын – әл-Бухари, Муслим, Абу Дауд, әт-Тирмизи, Ибн Тәймия, Ибн әл-Қайим, Ибн Кәсир, әз-Заһаби, Мухаммад бин Абдул-Уаһһаб, Ибн Баз, әл-Әлбани, әл-Фаузан және т.с.с. әһлу-Суннаның имамдары деп санайтын адамдар туралы айтып отырмын.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өздерін рафиди, жәһми немесе сопы етіп көрсетпеген, алайда өздерін Пайғамбардың әрі оның сахабаларының жолында екенін айтқан екіжүзділердің сыртқы Исламын қабылдады емес пе?!

Қабылдады!

Бұл аз болса, ол олар үшін кешірім сұрайтын, әрі олардың жаназа намаздарын орындайтын, бұл Мәдинадағы екіжүзділердің басшысымен орын алған жағдайдағыдай!

Усама бин Зәйд (Исламның) шаһада (куәлік) сөздерін айтқан адамды өлтіргенінде, Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тарапынан қатты сөгіске ілінген жоқ па еді?! Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Усаманың (Аллаһ оған разы болсын) әлгі адам тарапынан сырттай танытылған Исламын қабыл етпегені үшін сөккен еді, алайда Усама әлгі адам мұны тек қылыштан өлуден қорыққандығы себепті істеді деп ойлаған болатын.

Ендеше, неліктен біз осы мәселелерде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) соңынан ілеспейміз?

Неліктен біз адамдардың сырттай мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарының жолын ұстанатынын танытуын қабылдамаймыз?!

Маған осы сұраққа жауап беріңіздерші, тек шынымен! Егер сендердің елдеріңнің басшылары сендерге осы әһлу-Суннадан болған, бірақ

сендер оларды жақтырмайтын әрі әһлу-Сунна деп санамайтын, және адасушылықта айыптайтын осы адамдарды өлтіруге құқық берсе, сендер, немесе сендер болмасаңдар да, сендердің араларыңдағы біреу-міреу осылай істемейтін едіңдер ме? Мен сендердің мұсылмандарға деген жеккөрушіліктеріңе қарап, солай істейтіндеріңе әбден сенімдімін!

Ояныңдар, уа бауырлар! Бұл шайтанның айласынан екенін түсініңдер. Бұл туралы Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) 1400 жыл бұрын: *«Ақиқатында, шайтан араб түбегіндегі намаз орындайтындардың оған құлшылық етуінен күдер үзді, бірақ ол олардың арасында алауыздық (отын) тұтатуға барынша тырысады»*, - деп айтты емес пе? (Муслим).

Әрі біз соңғы кездері ғалымдардың осы бүлік-фитналардың көбісі батыстық арнайы қызметтердің ісі болып табылатыны туралы, (олар) Исламның тарихын зерттеп-танып, мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарының жолын ұстанушылармен идеологиялық күрес жүргізу зая екенін түсініп, әрі сондықтан да мұны олардың бірін екіншісіне айдап салу арқылы іске асыратындықтары, әрі сонысымен шайтанға қызмет ететініні туралы айтқан сөздерін қаншалықты жиі естудеміз.

Бұл бүлік-фитналар Сүннеттің жақтаушылары ИШИМ (ИГИШ), рафидилер, құраншылар, сопылар, ихуандар, хизбуттар, таблиғтер сияқты нағыз бидғаттың жақтаушыларын тастап қоюуының себебіне айналғанына ой жүгіртіңіздер.

Бұрын осы ағымдардан сақтандыру үшін мақалалар мен дәрістер көп болатын, ал қазір олар өздерін толық қауіпсіздікте сезінеді. Аллаһу Муста'ан.

Бауырлар, шейх әс-Суһаймидің соңғы кітабын оқыңыздаршы, өйткені онда қазіргі және бұрынғы ғалымдардың осы мәселеге қатысты дәлелдері мен сөздері өте көп.



<https://yadi.sk/i/gPdz7So53XAKTJ>

[https://vk.com/doc281299690\\_420089412?hash=2c3ea5218b3b881c70&dl=f821c647a61aaf9c90](https://vk.com/doc281299690_420089412?hash=2c3ea5218b3b881c70&dl=f821c647a61aaf9c90)

Ойланыңдаршы, бауырлар, егер сіздердің істеп жатқандарыңыз зұлымдық пен әділетсіздік болып табылатын болса, онда (бұның жазасы) Ақыреттің қорқынышты азаптарын айтпағанның өзінде, осы дүниенің өзінде-ақ келіп жетпей ме, бұл туралы Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деп айтқанындай: *«Аллаһтың адам үшін Ақыретте әзірлеп қойған (жазасымен) БІРГЕ, оның бұл дүниеде де ЖЕДЕЛ жазалануына туысқандық қатынастарды үзү және ЗҰЛЫМДЫҚ ЖАСАУ секілді күнәлар лайықты болады»* («Сахих әл-Әдаб әл-Муфрад»).

**Ал, екіншіден,** мен осындай әділетсіз шабуылдарға ұшырап жүрген бауырларымызға Аллаһ Тағаланың келесі сөздерін еске салғым келіп тұр:

وَكَذَلِكَ جَعَلْنَا لِكُلِّ نَبِيٍّ عَدُوًّا مِّنَ الْمُجْرِمِينَ وَكَفَىٰ بِرَبِّكَ هَادِيًّا وَنَصِيرًا

**«Сол сияқты Біз әрбір пайғамбар үшін ҚЫЛМЫСКЕРЛЕРДІҢ ҚАТАРЫНАН ДҰШПАН жасадық. Раббың жетекшілік және көмекшілікте саған жетіп асады».**

Егер тіпті пайғамбарлардың өздерінде адамдар мен жындар қатарынан дұшпандары болған болса, олар сенде болмауға тиіс деп ойлайсың ба?

Ол сондай-ақ былай дейді:

وَمَا أَرْسَلْنَا مِن قَبْلِكَ إِلَّا رِجَالًا نُّوحِي إِلَيْهِم مِّنْ أَهْلِ الْقُرَىٰ أَلَمْ يَسِيرُوا فِي الْأَرْضِ فَيَنْظُرُوا  
كَيْفَ كَانَ عَاقِبَةُ الَّذِينَ مِن قَبْلِهِمْ وَلَدَارُ الْآخِرَةِ خَيْرٌ لِّلَّذِينَ اتَّقَوْا أَفَلَا تَعْقِلُونَ

«Сенен бұрын да Біз елшілер етіп, оларға уахи еткен, кент тұрғындарынан тек еркектерді ғана жібердік. Ендеше, олар жер бетін кезбеді ме, әрі өздерінен бұрын өмір сүргендердің соңы не болғанын көрмеді ме? Расында, Ақырет мекені тақуалар үшін қайырлы. Сонда да олар түсінбейді ме?»

حَتَّىٰ إِذَا اسْتَيْأَسَ الرُّسُلُ وَظَنُّوا أَنَّهُمْ قَدْ كُذِّبُوا جَاءَهُمْ نَصْرُنَا فَنُجِّيَ مَنْ نَشَاءُ وَلَا يُرَدُّ بَأْسُنَا عَنِ الْقَوْمِ الْمُجْرِمِينَ

«Ал елшілер ТОРЫҒЫП (ҚАЖЫП), өздерінің жасынға шығарылғанын түсінген кезде, оларға жәрдеміміз КЕЛЕТІН, әрі Біз кімді құтқаруды қаласақ, солар құтқарылатын. Жазамыз күнәһар қауымнан қайтарылмайды!»

لَقَدْ كَانَ فِي قَصَصِهِمْ عِبْرَةٌ لِأُولِي الْأَلْبَابِ مَا كَانَ حَدِيثًا يُفْتَرَىٰ وَلَكِن تَصْدِيقَ الَّذِي بَيْنَ يَدَيْهِ وَتَفْصِيلَ كُلِّ شَيْءٍ وَهُدًى وَرَحْمَةً لِّقَوْمٍ يُؤْمِنُونَ

«Әрине, олар жайындағы қиссаларда ақыл иелері үшін өнеге бар. Бұл (Құран) - бір ойдан шығарылған сөз емес, бірақ өзінен бұрыңғы (Кітаптардың) растауы, әр нәрсенің түсіндіруі, тура жол және иман келтірген ел үшін игілік» («Юсуф» сүресі, 109-111 аяттар).

Сондықтан да - сабыр әрі тағы да сабыр. Әрі адамдардың жек көруі сендерді әділетсіздікке итермелемесін, әрқашан әділетті болыңдар әрі адамдардың емес, ақиқаттың жақтаушылары болыңдар. Өзгелерге дұрыс насихат беруге де, басқалардан дұрыс насихатты қабылдауға да әзір болыңдар. Қылмыскерлердің жасап жатқан істерін оларға қарсы қайталап, солар секілді қылмыскерлерге айналмаңдар. «Айыпты нәрсені айыпты нәрсемен түзеуге болмайды» деген қағиданы ұмытпаңдар.

Үшіншіден, әділетсіз «жархтан» қорлық көріп жүргендердің КЕЙБІРЕУЛЕРІНІҢ өздері де жархшыларға айналып кеткендерін айтқым келіп отыр. Өзінің пікірімен келіспейтін әлдебіреуді сөгіп-жазғыратындардың көбісі өздері де тура солай істеп жатады, әрі осы орайда Аллаһ Тағаланың (мына) сөздерін ұмытады:

وَيْلٌ لِّلْمُطَفِّفِينَ الَّذِينَ إِذَا أَكْتَالُوا عَلَى النَّاسِ يَسْتَوْفُونَ وَإِذَا كَالُوهُمْ أَوْ وَّزَنُوهُمْ يُخْسِرُونَ أَلَا يَظُنُّ<sup>١</sup>  
أُولَئِكَ أَنَّهُمْ مَبْعُوثُونَ لِيَوْمٍ عَظِيمٍ

**«Өлшеу, тартуда кеміткендерге нендей өкініш! Адамдар оларға өлшеген кезде (өзіне тиістісін) толық өлшеп алғысы келеді де, ал өздері басқаларға өлшесе немесе тартса, оларға шығын келтіреді. Олар Ұлы Күні қайта тірілеміз деп ойламайды ма?» («әл-Мутафиффин» сүресі, 1-5 аяттар).**

Тек бір ғана мысалмен шектелейін. Осы күндері мұсылмандар арасындағы өзара жеккөрушілік пен дұшпандықтың бір себебі билеушілер мәселесі болды. Сіздердің көбіңіз бұл мәселеде мұсылман бауырлардың екі топқа бөлінгенін білесіздер: біріншілері шариғат бойынша билік жүргізбейтін билеушілерді заңды деп санайды, ал екінші топтағылар оларды заңды деп санамайды. Мен бұл жерде бұл мәселені талқыламақ емеспін. Оның үстіне көпшілік менің егер билеуші өзін мұсылман деп есептесе, ол заңды (билеуші) болады, әрі біз оның алдында ант беруіміз қажет, тіпті ол бұған шақырмаса да, тіпті ол бұл туралы білмесе де деген пікірді ұстанатынымды жақсы біледі. Бұл мен үшін баласының өзіне қатысты ізгі-қайырымды болуы міндетті екендігін білмейтін, әрі сол себепті балаға бұл туралы ешқашан айтпайтын, әрі оны бұған шақырмайтын бейхабар ата-ананың жағдайындай. Алайда бұл ешбір жағдайда баланы ата-анасына ізгі-қайырымды болу міндеттілігі мен жауапкершілігінен босатпайды.

Сонымен, менің ұстанатынымдай пікірді ұстанатын кейбір жас әрі білімсіз бауырлар басқа пікірді ұстанатын бауырларымызды «хауариж» деген сияқты өте қорқынышты атаулармен атап, оларға тап берді де, Сүннеттен шығарды. Бұны мен дұрыс емес деп әрі адасушылық деп есептеймін. Мен жоғарыда айтып өткенімдей, бидғаттың жақтаушысы мен Сүннеттің жақтаушысының қателерінің арасында айырмашылық бар. Себебі мұндайды такфирші, немесе ИГИШ-ті қолдаушы, немесе хауариж айтқанында, мен күндіз-түні одан әрі оның қателерінен сақтандырар едім. Себебі оның негізінің (кім екенін) білемін, әрі ол мұнысымен не айтқысы келетінін және оның мақсаттары қандай екенін де білемін.

Әрі осы жерде мен шейх Суләйман әр-Рухәйлидің сөздерін мысал ретінде айтып өткім келеді:

Шейх Суләйман Аллаһтың шариятымен үкім етпеу мәселесіне түсіндірме жасай отырып, былай деді: *“Сосын, бұл жерде менің атап айтып өткім келген бір жайт бар. Адамдар арасында Аллаһтың шариятымен үкім етпеу мәселесіне егжей-тегжейлі қарамайтындар бар екені туралы сөз болуда. Одан қалса, (олар) Аллаһтың шариятымен үкім жүргізбеу кез-келген жағдайда үлкен күпірлік болып табылады деп санайды. Біз оны айыптап, ол туралы жаман айтуымыз қажет пе? Біз оны бидғаттың жақтаушысы деп айыптауымыз керек пе? Жауабы: «Жоқ!» Алайда біз оның сөздеріндегі өзінің негізіне қараймыз. Егер оның түп-негізінде бұзылған мәнһаж жатса, әрі ол такфиршілер, лаңкестер қатарынан болса, онда ол – бидғаттың кесірлі жақтаушысы! Ал егер бұл оның пікірі бола тұра, бірақ осы орайда Құран мен Сүннеттің мәтіндеріне қатысты, әрі Сүннетке ілесудегі және нақты тұлғалар туралы үкім шығарудағы мәнһажы дұрыс болса, мен оны қателесуде деп есептеймін, алайда біз оған жарх жасамаймыз, оны бидғатшы деп айыптамаймыз. Мен бұны айтып отқанымның себебі - бір білім талап етушінің аузынан көпке танымал ғалымдардың біріне қатысты осы мәселе бойынша танытқан*

*дәрекілігін естігендігім. Мен бірде осындай білім талап етушіден, Аллаһ мені және оны Сүннетке бастасын, үлкен ғалымдардың біріне қатысты: «Осы заманның такфиршілерінің басшысы!», - деп айтқанын естідім. Неге? Ол: «Өйткені ол бұл мәселеде еш шектеулер қоймайды», - деді. Сүбхан-Аллаһ! Сен осы шейхтың қанша таспасын тыңдап едің? Ол барлығынан артық такфирге қарсы жауласады. Бірақ бұл оның осы мәселедегі өз ижтиһады, алайда оның нақты жағдаяттарға қатысты үкім етудегі мәнһажы дұрыс болып табылады”.*

<https://islam-forum.ws/archive/mp3/ulama/sheih-suleiman-hukm.mp3>

Бірақ бұл туралы мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарының жолын ұстанушы айтып отырған кезде, тіпті мен онымен келіспесем де, оны айыптауға асықпаймын, оны Сүннеттен шығармаймын, оны хауариж деп атамаймын, оған өзімнің дәлелдерімді жеткізуге тырысамын, ең үлкен ғалымдарға жүгіне отырып, ортақ шешімге келуге тырысамын, мен бұны қазіргі уақытта солай істеп жатқанымдай, яғни шейх Салих әс-Сухәймимен ол арқылы осы мәселемізді, Аллаһ қаласа, «Тұрақты Комитеттің» ғалымдарына ұсынатындығым туралы келісіп, осыған талпынып отырмын. Әрі ол маған бұл сауалдың оларға жетіп баруын жеке бақылайтынына, әрі маған олардың жауабын хабарлайтынына уәде берді.

Бірақ мен сондай-ақ басқа, яғни «шариғатпен үкім етпейтін елбилеуші заңды емес» деген пікірді ұстанатын әлгі жас жігіттермен де келіспеймін, әрі олармен келіспейтінім – олар басқа пікірді ұстанушы адамдарды құрметтемейтіні, әрі олардың елбилеушілеріне тіл тигізіп және кір жағатыны, өздері сол елдің азаматы ма, жоқ па екендіктеріне қарамастан, елбилеушілердің кемшіліктері туралы адамдарға сөз

ететіні, әртүрлі жаңалықтарды көшіріп (таратып), солардың негізінде тілдеріне ерік беретіні<sup>2</sup>.

Аллаһтың атымен ант етемін, мен үшін сендер өздеріңді айыптайтын қылмыскерлер қандай болса, тура сондайсыңдар. Әрі тіпті сендердің араларыңда өзі соны білмей, батыстық арнайы қызметтерге жұмыс істейтіндер бар болуы да мүмкін. Мен сендерге кезінде маған Франциядан қоңырау шалып, мені өз билеушіме қатысты ұстанатын сенімдерім үшін жазғыра бастаған адамға айтқан сөздерімді айтамын. Мен бұл бауырларымызға да тура соған айтқанымдай: Сіздер менің заңды деп есептейтін елбилеушімді талқыға салатындай кімсіңдер?! Мен өзімнің елбилеушімді сендерден және сендер сияқтылардан қорғаймын. Егер шариғат бойынша үкім жүргізуді қаласаңдар, өздеріңнен және өз отбасыларыңнан бастаңдар. Өз елбилеушілеріңді

---

<sup>2</sup> Аудармашыдан: Шейх Мухаммад бин Салих әл-Усаймин (Аллаһ оны рахымына бөлесін) әмірлерге (ел басшыларына) қарсы шығуға қатысты сұрақтарға берген жауаптарының бірінде былай деді: *«Кездескен сайын әмірлер туралы әңгіме қозғау, олардың жақсы қасиеттері мен жетістіктерін айтпастан, намысын қорлау және олардың кемшіліктері мен қателіктері туралы мәліметтерді жаю кейбір адамдар үшін әдетке айналды. Мұндай әрекеттер, әрине, жағдайды қиындатады, ешқандай мәселелерді шешпейді және әділетсіздіктің жойылуына ықпал етпейді, әрі жаңа қасіреттерге әкеп соқтырады, әмірлерге деген өшпенділікті туындатады және адамдарды орындауға тиісті бұйрықтарды орындамауға итермелейді».*

Шейх Салих әл Фаузан (Аллаһ оған есендік берсін) өз жиындарында елбилеушілерінің кемшіліктерін талқылайтын жастар туралы қойылған сұраққа берген жауабында басқа нәрселер қатарында мына да айтады: *«...Әмірлердің қателіктері мен жаңсақтықтарын олардың мәртебесін түсіру немесе қоластындағылардың оларға деген өшпенділігін ояту үшін пайдалану Сүннет пен келісімнің жақтаушысы (әһлу-Сунна уәл-жамаға) болған біздің салиқалы ата-бабаларымыздың әдістерімен еш ортақтығы жоқ. Сүннет пен келісімнің жақтаушылары (әһлу-Сунна уәл-жамаға) адамдарды әмірлерге бағынуға, оларды жақсы көруге және бірлікті сақтап тұруға талпындырады, ал бұл қажетті нәрсе болып табылады.*

*Әмірлерді балағаттауға және олар туралы сөз тасуға келер болсақ, онда бұлар - көпқұдайшылықтан кейін қатаң тыйым салынған нәрселердің қатарына кіреді, өйткені араздыққа алып келіп, адамдардың жүрегінде ашыну сезімін туғызады».*

Бұл сөздердің толық нұсқасымен әрі осы мәселеге қатысты басқа да үлкен ғалымдардың пікірлерімен танысу үшін: «Мұсылман діндар ғалымдарының қазіргі заманның үндеулеріне қатысты жауаптары» (құрастырушы шейх Мухаммад бин Хусайн бин Саад әл-Суфран әл-Қахтани, редакциясын басқарған Сауд Арабиясы Королдігі Ең ірі ғалымдары Комитетінің мүшесі, шейх Салих бин Фаузан әл-Фаузан, Кувейт, 2008 ж.) кітабынан оқысаңыз болады. <https://yadi.sk/i/mHq4IMFPmobPi>

талқыламаңдар. Егер сендер бұл пікірмен келіспесеңдер, ауыздарыңды жұмып қана қойыңдар, бұны үлкен ғалымдар айтсын. Сендердің көбің «әрбір елбилеушінің мәселесін үлкен ғалымдарға тапсыру керек» деген ғалымдардың сөздерін басқа бауырлардың бетіне сұқпаламаушы ма едіңдер? Ендеше, неліктен сендер басқалардан осыны талап етіп, өздерің осыған амал етпейсіңдер, әрі кәзір жасап жатқандарыңды жасап жүрсіңдер?! Сендер осындай тірліктеріңмен өздерің осы мәселеде солардың пікірін жарым-жарты ұстанатын білім талап етушілердің атына кір келтіріп беделін түсіретіндеріңді түсінбейсіңдер ме? Сендер солардың пікірлеріне сүйенетін бауырларымыз күндіз-түні хурудың тыйым салынғанын, елбилеушілерді талқыға салу жаман екенін айтып жатқанына, әртүрлі бейнероликтер шығарып, әрі ғалымдардың сөздерін аударып, хурудың нәтижелері туралы айтып, одан сақтандырып жатқанына қарамастан, өздеріңді нағыз хауариждер мен такфиршілер сияқты іс-әрекет жасап жатсыңдар.

Сол себепті әрқайсысыңызды Аллаһтан қорқуға шақырамын. Әрқайсысыңызды өз орындарыңызды білуге үндеймін! Әрқайсыларыңызды осындай ғаламдық мәселелерге қатысты үкім шығаруды әрі талқылауды тастауға, әрі бұны үлкен ғалымдарға ұсынуға, сондай-ақ ол туралы Аллаһ Тағала былай деп айтқан қылмыспен айналыспауға шақырамын:

قُلْ إِنَّمَا حَرَّمَ رَبِّيَ الْفَوَاحِشَ مَا ظَهَرَ مِنْهَا وَمَا بَطَنَ وَالْإِثْمَ وَالْبَغْيَ بِغَيْرِ الْحَقِّ وَأَنْ تُشْرِكُوا بِاللَّهِ مَا لَمْ يُنَزَّلْ بِهِ سُلْطَانًا وَأَنْ تَقُولُوا عَلَى اللَّهِ مَا لَا تَعْلَمُونَ

“«Күдіксіз, Раббым арсыздықтарды, Оның көрнеу-көмесін, күнәны, орынсыз озбырлықты, оған байланысты ешбір дәлел түсірілмеген нәрсені Аллаһқа серік қосуларыңды және БІЛМЕЙТІН НӘРСЕЛЕРІҢДІ Аллаһқа қарсы СӨЙЛЕУЛЕРІҢДІ тыйым салды», - де” (әл-Әғраф» сүресі, 33-аят).

Аллаһ куә, мен бұл сөздерді әлдебіреудің қысуымен, немесе біреуден қорыққанымнан жазғаным жоқ. Мен өзім нық сенген нәрсемді жазып отырмын. Әрі мені әлдебіреудің ризашылығы немесе наразылығы уайымдатпайды.

Егер жоғарыда айтылған сөздер ақиқатқа сай келсе, онда бұл Аллаһтың маған (берген) мейірімінен әрі көмегінен. Ал егер мен бірдеңеден қателесем, бұл менің өзімнен және шайтаннан. Аллаһ Тағаладан мені тура жолға салуын әрі сол жолда табанымды нығайтуын сұрап-тілеймін.

Жазған Абу Мухаммад Ринат Қазақстани.

27.12.2015

## «Сунна-пресс» жаңалық порталы және дағуаттағы манхаж туралы Ринат Абу Мухаммадпен болған байыпты сұхбат

---

### Кіріспе

Әссаләму аләйкум уа рахматуллаһи уа баракатуһ!

Мен соңғы кезде орыс тілді мұсылмандардың тікелей не жанама түрде бір жағынан Ринат Абу Мухаммад, Аьмаш бауыр сияқты (бәлкім басқа да) өздеріне танымал болған білім талап етушілер мен екінші жақтағы «Сунна-Пресс» порталының жақтаушылары арасындағы келіспеушіліктерге тартылғандығын тек есту арқылы ғана емес білгендігім себепті, осы туралы бұл егестегі екі тараптың бірі болып табылатын өзімнің күйеуіммен болған сұхбатпен бөліскім келді.

Бәлкім, ол басқа мұсылмандарға да пайдалы болар, әрі олар оның ішінен өздерін мазалайтын сұрақтарға жауаптарын табатын шығар.



Біздің ниеттеріміз осындай, әрі «бізден - іс-амал, ал нәтиже тек Аллаһтан» деген сенімге негізделіп, біз кез-келген істе Аллаһ Тағалаға ғана тәуекел етеміз.

Бұл сұхбат мен кәуеімнің ВК-дағы ресми парақшасын қарап жатып оның бір жазбасын оқығанымда туындаған еді. Ал оның постскриптумы келесі сөздер болатын:

*«P.S. Жоғарыда айтылғандардан шыға келе, «Сунна-Пресс» жобасын басқаратын сәләфи бауырларымызға тағы да бір рет: «Өздеріңнің осы іспен жатқан істеріңді Сунна деп атуға Құран мен Сүннеттен қандай дәлел бар?», - деп сұрақ қойғым келуде.*

*Әрі атап айтқым келгені – мен, кейбір адамдар ойлайтындай, жаңалық порталын ашу харам деп санамаймын, өйткені бұл тұрмыстық мәселе болып табылады, ал тұрмыстық мәселелердегі негіз – (тыйым салынғанына дәлел келмеген нәрсенің барлығына) рұқсат етілгендік.*

*Бірақ мен: «Ненің негізінде сендер өз жобаларыңды Сунна деп атайсыңдар?» - деп сұраймын. Барака Аллаһу фикум.*

*Бауырларды осы жолдауды өздеріне қарсы жасалған шабуыл немесе сол сияқты бір нәрсе деп қабылдамауын сұраймын. Біз – бауырлармыз, әрі Аса Жоғары Аллаһ бізге бір-бірімізге ақиқатты насихаттауды бұйырады. Біз жақсылыққа шақыруға және жамандықтан қайтаруға міндеттіміз. Әрі сіздердің жобаларыңыз интернет жүйесінде болғандықтан, көп адамдар сендердің парақшаларыңа жазылған және сайттарыңа кіреді.*

*Біздің қаламайтынымыз – тек болашақта біреулер кейбір сәләфилердің амалдарына сүйеніп, дінге Аллаһ Тағаладан ешқандай нұсқау келмеген әртүрлі жаңалықтарды енгізуі».*

Маған көбірек «тиіп кеткен» әрі ізінен сұрақтар туындатқан жерлерді мен жуан шрифтімен белгілеп қойдым. Бұдан тыс, мен осы мәселеде де, осыған ұқсас басқа мәселелердегідей бейтарап ұстанымда

болғанымды атап айтқан артық болмас. Әрі менің бұл тақырыпқа деген қызыққандығым біртараптылықтан толық таза әрі осы егестегі тараптардың ешқайсысына байланбаған. Мені тек мәселенің мәнінің өзі әрі оның дініміздің негіздеріне сүйенген шешімі қызықтырды.

Әрі мен осы алғысөзімде өзімнің бақытты жар әрі тура сол сияқты Аллаһқа солар үшін көп шүкіршілігімді айтып тауыса алмайтын мен үшін өте сүйікті болған төрт перзенттің бақытты анасы ретінде, әдетте көпшілік алдында сөйлеуден әрі интернет кеңістігінде немесе күйемнен басқа кіммен болсын осындай «қызу» тақырыптарды талқылаудан алыс екенімді атап айтқым келеді. Менің жеке пікірім, бұл қаншалықты «шовинистик» болып естілсе де, - осы пікірсайыстар мен сөз шайқастарының барлығы әйелдердің жұмысы емес. Әйел кісінің өмірі мүлде басқа мән-мазмұнға толы, әрі сенің энергияң түгелімен дәл соған, яғни күйеуңе, балаларыңа, үйіңе сарп етіледі, әрі менің ойымша, оның басым бөлігін осындай сыртқы іс-әрекетке сарп еткен жөн емес. Бұған уақыт та мүлде жоқ қой, тіпті сен осымен айналыссаң да, бұл сенің негізгі қызметтерің мен міндеттеріңе зиян тигізеді. Сондықтан да, менің көзқарасыма сәйкес, бұл бәрібір көбірек ер кісілердің саласы әрі ерекше құзыреті болып табылады. Сондықтан да бұл менің күйеуімнің өтінішіне деген жауап әрі осы тақырып солар үшін көкейтесті болып жүрген мұсылмандарға пайда келтірем деген бір рет орын алған акция ғана.

### Сұхбат:

Осы хабарламаның авторы Ринатқа (А): Менде сенің «Сунна-Пресс»-ке қатысты жазғандарыңды оқыған соң кейбір ойлар бар.

Ринат Абу-Мухаммад: Қандай?

(А): Сен: *«Ненің негізінде олар өздерінің жаңалық порталы мен істеп жатқан істерін Сунна деп атайды?»*, - деп жазыпсың? Ия?

Ринат Абу-Мухаммад: Ия.

(А): Олар мұны тек атауында ғана Сунна деп айтады ма, немесе тағы басқаша да ма? Яғни сен олар өздерінің істерін сунна деп айтып жатыр деген кезінде не нәрсеге негізделесің? Сен ненің негізінде олар өздерінің істерін Сунна деп атайды деп, әрі дәл шариғи мағынадағы Сунна деп атайды деп шештің?

Ринат Абу-Мухаммад: Атауынан. Бұл біріншіден.

(А): Ал егер бұл тек әдемі атау ғана болса ше? Мысалы, біреулер кафелерін «Фирдаус» немесе «Сәлсәбил» деп атап жатады емес пе? Әрі біз өз кафелерін осылай атаған адамдар оны шариғи тұрғыдағы фирдаус деп санайды деп айтпаймыз ғой.

/Бұл сұраққа жауап төменде келеді, оны жоғалтып алмаңыздар./

Ринат Абу-Мухаммад: Ал екіншіден, олар өздерінің әдісін, яғни жаңалықтарды келтіріп, астынан аят немесе хадиске сілтеме жасауды жақсы әрі «жаһилдер» мен шенеуніктер үшін ыңғайлы деп санайды. Яғни олар мұны адамдарды дінге шақыруда (шариғи тұрғыдан) заңды манхаж деп санайды.

(А): Яғни егер жаңалық арнасы бұл тұрмыстық мәселе болса, онда сен олар өздерінің ісін тұрмыстық мәселе емес, ғибадаттың бір түрі деп санайтынын қайдан алдың?

Ринат Абу-Мухаммад: Дінге шақыру (дағуат) – бұл тұрмыс па, әлде ғибадат па?

(А): Дағуат – бұл ғибадат.

Ринат Абу-Мухаммад: Міне. Ал Пайғамбар болса (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Кім біздің осы ісімізге одан болмаған бір нәрсені енгізетін болса, ол қайтарылады»*, - деген.

(А): Ал олар өздері туралы: *«Біз дағуатпен айналысып жатырмыз»*, - деп айтады ма?

Ринат Абу-Мухаммад: Енді мұны тұрмыстық дағуат (шақыру) деп санау үшін, олар жарнамалық қызметпен айналысып жатқан жоқ қой?

(А): Ал жай қарапайым адамның дінге шақыруының олардың шақыруынан айырмашылығы неде? Мысалы, бір адам көршісіне жаңалықтарды айтып жатып, кейде арасында аят-хадистерді келтіреді. Сонда ол осынысымен бидғат жасайды ма? Әрине, жоқ. Бірақ оны шарифи мағынадағы дағуатшы деп те атай алмайсың ғой? Ол жай ғана адам. Немесе әлдебір адам өзінің блогын жүргізеді де, әрі оның ішінде жаңалықтар да, хадистер де болады. Біз оны дағуатшы деп айтпаймыз ғой? Олар өздері туралы «біз дін уағыздаушылармыз» деп айтады ма?

Ринат Абу-Мухаммад: Қарашы, «уәсила» (құрал) мен «ғая»-ның (мақсаттың) арасында айырмашылық бар. Міне, сен «адам көршісіне жаңалық айтып жатады» деп айтып жатсың ғой. Егер ол оған жай ғана жаңалықтарды айтып жатса, ал содан соң сөз барысында аят-хадистер келтіріп жатса, міне, көршісіне дағуат жасап жатқан адам, оның мақсаты аят-хадистерге шақыру ма, әлде ол оларды жай ғана келтіріп жатыр ма? Әлде оның о бастағы мақсаты: «мен қазір көршіме барамында, оған жаңалықтар арқылы (дін) айтамын» дегендей еді ме?

Егер ол осы жаңалықтарды өздігінше «ғая» (мақсат немес манхаж) етіп алған болса, онда ол бидғатқа (дінде жаңалық жасауға) түсіп кетті. Яғни азан сияқты, біз білетін және айтып жүрген азан сөздерінің үлгісі «ғая» деп аталады, ал азанды микрофон арқылы айту немесе оны мұнара үстінен шақыру – бұл уәсилә, яғни құрал. Осы уәсиләда, яғни қандай әдістерді қолдануда, проблема жоқ, өйткені ол өздігінше мақсат болып табылмайды. Ал азанның сөздеріне келер болсақ, ол – «ғая», әрі оны: «Субхан Аллах, Субхан Аллах. Әл-хамдулиЛләһ, әл-хамдулиЛләһ, Аллаһу Акбар, Аллаһу Акбар», - деп айтып шақыруға болмайды. Әрі әлгі адам да тура осы сияқты. Олар жаңалықтарды

(мақсат) етіп алды, жаңалық порталын жасап, дәл соны мақсат етіп қойды, өйткені олар: «Адамдар, әсіресе шенеуніктер, жаңалықтар оқуды жақсы көреді, жаңалықтарға қатты қызығады, әрі біз жаңалықтар арқылы дағуат жасаймыз», - деді. «Ихуан-әл-муслимин»-дер, мысалы: «Жастар футбол ойнауды өте қатты жақсы көреді, сондықтан да біз дүйсенбі мен сәрсенбі күндері футбол жасайтын боламыз, мысалы, футбол жиындарын жасаймыз да, арнайы соған жиналатын боламыз, әрі сол жерде, футболда, ойын барысында немесе үзілістерде дағуатпен айналысатын боламыз. Яғни олар футболға дағуат үшін жиналады. Ал бұл адамдар болса жаңалықтарды дағуат үшін басып шығарады. Ал, сен айтпақшы, өзінің блогын жүргізетін адам, онда егер ол Аллаһқа шақырып жатса, онда ол дағуатшы болып есептеледі, тіпті егер білімі болмаса да, өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Менен тіпті бір аят болса да жеткізіңдер»*, - деп айтқан. Сондықтан да өзіне қол жетімді шеңберде дағуатпен айналысушы адам үшін оның ғалым немесе білім талап етуші болуы шарт болып табылмайды.

(А): Яғни сен олар бұл істі дағуаттың құралы (манхажы) ретінде таңдап алды да, сөйтіп осы тұрғыдан бидғатқа түсіп кетті дегенді табанды түрде айтып тұрсың ғой, ия?

Ринат Абу-Мухаммад: Ия, мен дәл осы тұрғыдан осылай деп санаймын. Олар мұны дағуаттың құралы ретінде таңдап алды, ал мұндайды Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) істеген жоқ болатын, ал екіншіден, олар «Сунна» деген атауды қолданды. Ал сенің «Фирдаус» немесе «Сәлсәбил» деп атап жатыр деп айтқаның – бұл дұрыс емес қияс (ұқсастық бойынша теңестіріп үкім шығару). Бұл тұрмыстық әлдебір нәрсені Намаз, немесе Ораза, немесе Қажылық, немесе басқа да рәсімдердің атауымен атау сияқты.

Мысалы, біреу саябақ ашып: «Адамдар, біздің саябағымызға умра жасаңдар! Біз шариғи тұрғыдағы умраны меңзеп тұрған жоқпыз, біз

жай «умра» сөзінің тілдік мағынасы «зиярат» дегенді білдіретінін меңзеудеміз, әрі біз тұрмыстық мағынаны меңзеп тұрмыз. Сондықтан да біздің саябаққа умра жасауға келіңіздер», - деп жатса, бұл бидғат болады ғой? Сондықтан да әлдебір нәрселерді, егер олар Сүннет болып табылмаса, Сүннет деп атау дұрыс емес. Пәк әрі Аса Жоғары Аллаһ Құранда былай дейді:

ذَلِكَ وَمَنْ يُعِظْكُمْ شَعَائِرَ اللَّهِ فَإِنَّهَا مِنْ تَقْوَى الْقُلُوبِ

**«Осылайша! Әрі кім Аллаһтың рәсімдік аят-белгілерін құрметтесе, онда бұл жүрек тақуалығынан»** (аят). «Сунна» сөзі «шағаир»-ден — яғни Аллаһтың рәсімдік аят-белгілерінен.

(А): Ал егер мұны дағуат құралы деп атамағанда, онда проблема болмас еді ма?

Ринат Абу-Мухаммад: Бұл мәселеге қатысты айтар болсақ, онда бұлай емес, яғни онда олар мұны не деп атап жатқанына емес, олар мұны қалай алға тартып жатқанына қарайсың. Өйткені, ғалымдар айтпақшы, шариғи ереже былай дейді: «Заттардың атауларымен емес, олардың мәнімен санасу қажет» (Ләйса әл-ибрата бил-асма, уа ләкин бил-маани), яғни атауларға емес, мән-мағынаға қарау қажет. Мысалы, егер біреу арақты «Буратино» деп атаса, ол мұнымен арақ болуын тоқтатпайды, тура сол сияқты егер таблиғ жамағаты: «Үш күнге, қырық күнге шығу – мұның барлығы түбегейлі емес, бұл құрал әрі мақсат болып табылмайды, бізге ең бастысы дағуат», - деп айтса, біз оларға: «Жарайды, онда келіңдер, біз сендердің үш күндеріңді алты күнге, ал қырық күндеріңді жиырма бес күнге ауыстыра саламыз, әрі сендер осы дәл үш және қырық күндеріңді ұстанбайтын боласыңдар десек, олар бұған келіспейді, әрі бұдан бас тартпайды. Олар бізге: «Сендер де сабақ өтетін кездеріңде, немесе университетте сабақ кестесі жасалатын кезде, дүйсенбі тәпсір, сейсенбі хадис болады деп айтасыңдар ғой», - деуі мүмкін. Алайда бұл мақсат болып

табылмайды, бұл біз үшін түбегейлі емес, біз дүйсенбіде хадис сабағын, ал сейсенбіде тәпсір өтуіміз мүмкін. Ал сендердің үш және қырық күндерің сендер үшін түбегейлі болып табылады. Тура осы сияқты «Пресс»-шілер үшін де өздерінің жаңалықтары олар үшін түбегейлі. Сол себепті де олар оны «Пресс» деп атады. Сондықтан да егер олар осы сайтты, мысалы, «Гамет-Пресс» деп атап, онда жай жаңалықтар жарияласа, бұл тұрмыстық сайт, бұл тұрмыстық мәселе болар еді.

Міне, <http://toislam.ws/podcasts/formuli> — сен мына сабақты тыңдап көрші. Әрі мен мынаны да айтқым келген. Олардың проблемасы тағы мынада. Сен қиссашылар туралы, олар не үшін бидғатқа түсіп кеткенін әрі не үшін ғалымдар оларды сөгетінін білесің ғой. Өйткені олар қиссалар айтуды өз дағуаттарының жолы (манхажы) етті. Олар жер бетін кезіп, түрлі оқиғаларды жинап, қызықты қиссаларды айтып береміз, әрі осы арқылы оларды тартамыз да, сол қиссалардың арасында аят-хадистер айтамыз дейді. Әрі бұлар «қуссас» деп аталды, және сәләфтар оларға өте қатты сөгіс білдірген болатын, барака-Лаһу фикум.

(А): Мен сабақты тыңдап шықтым, бірақ менде бәрібір сұрақтар қалды.

Ринат Абу-Мухаммад: Сұра ендеше.

(А): Мен келесі тармақтар бойынша келісемін: сенің қуссастармен қияс жасағаның, ия, мен бұған келісемін; және рәсімдік аят-белгілерді де ұлықтау керек, әрі кез-келген нәрсені шариғи терминдермен атай бермеу керек екендігіне де. Менде тағы бір-екі сұрақтар қалды. Мен не себептен дағуат мақсатымен футбол ойындары өткізілетін кезде сен ғая (мақсат) - футбол деп айтатыныңды түсінбедім. Ал менің түсінуімде мақсат – бұл дағуат.

Ринат Абу-Мухаммад: Өйткені олар басқаша дағуат жасауға болмайды деп есептейді. Яғни олар қандай жағдайда футболдан «ғая» (мақсат) жасап алды? Егер олар футболсыз дағуат жасау мүмкін емес деп санаса. Яғни үш, немесе қырық, немесе төрт айға шықпай дағуат жасау мүмкін емес деп санайтын таблиғ жамағаты сияқты. Тура сол сияқты олар да: «Егер біз футбол ойындарын ұйымдастырып тұрмасақ, жастарға басқаша дағуат жасау мүмкін емес», - деп санайды. Жастарды тек футболға ғана тартып шығаруға болады. Басқаша еш болмайды. Сондықтан да, көріп тұрсың ба, олар футболдан «ғая» (мақсат) жасайды.

(А): Яғни олар белгілі бір аудиторияға футболсыз дағуат жасау мүмкін емес деп санайды ма?

Ринат Абу-Мухаммад: Ия. Ия. Ал Құран мен Сүннет олардың мәлімдемелерінің орынсыз екеніне нұсқайды. Сондықтан да Пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әрі басқа пайғамбарлар да адамдарға футболсыз-ақ дағуат жасады ғой?

(А): Ал таблиғшылар қырық күнге шықпай ешкімге дағуат жасау мүмкін емес деп санайды ма?

Ринат Абу-Мухаммад: Ия. Таблиғ жамағаты да осылай деп санайды. Олар үш күнге, қырық күнге, төрт айға шығу тәртібінсіз дағуат жасау мүмкін емес деп санайды, сондықтан да олар осы мерзімге шықпай дағуатпен айналыспайды. Олар: «Келіңдер, дағуатқа шығайық», - дейді. Оларға: «Не үшін міндетті түрде үш, немесе қырық күнге шығу керек?» - десек, олар осындай шығусыз дағуат жасау мүмкін емес деп айтады.

(А): Жарайды. Мен мұны түсіндім. Енді келесі сұрақ. «Сунна-Пресс» қанша жылдан бері бар?



Ринат Абу-Мухаммад: Білмеймін. 3-4 жыл болар, бәлкім, одан көбірек те шығар.

(А): Ия. Ал Мағжан («Сунна-Пресс» порталының иесі) саған келген кезде, ол өзінің идеяларымен бөлісетін еді ғой, әрі ол саған өзінің сайты осылай деп атағысы келетінін және сол сияқты нәрселерді айтқан шығар? Ал не үшін оған енді ғана сөгіс айтылатын болды? Не себепті сол кезде оған осылай істеудің қажеті жоқ деп айтылмады?

Ринат Абу-Мухаммад: Ия. Ол келді. Бірақ мен оның бұл тура осындай сайт болатыны туралы, яғни жаңалықтар арқылы дағуат жасалатыны туралы айтқанын естімегенмін.

(А): Ал ол қалай деп айтқан еді?

Ринат Абу-Мухаммад: Осыдан шамамен үш жыл бұрын (кездесу тәпсір бойынша даурада орын алған болатын) мен Мағжанның серігі Раминге олардың сайттарын бидғат деп санайтынымды айтқан болатынымын. Ол менен мен олардың өздерін бидғатшы деп санаймын ба деп сұрады. Мен жоқ деп, бірақ олардың ісін бидғат деп айттым. Ол маған шейхтардан бұл туралы сұрағандықтарын айтты. Сол кезде мен олар шейхтарға сайттың мәнін толық деңгейді жеткізбеді деп ойладым. Кейіннен тура солай (яғни мен ойлағандай – ред.) болып шықты. Мен шейхтардың біреуінен (шейх Уалидтен) Рамин одан қалайша сұрағандығы туралы жеке сұрадым. Ол жай жаңалық порталын ашу туралы сұрады деді. Сосын мен шейхқа олар мұны дағуат құралы жасап жатыр дедім. Яғни жаңалық арқылы дағуат жасап жатыр дедім. Шейх, егер бұл осылай болса, онда бұған рұқсат етілмейді деді.

Сондай-ақ «Пресс»-тік бауырлар олардың жобаларын шейх Рушайдан қолдағанын алға тартады. Бірақ кейіннен мединалық студент бауырлар шейхпен кездесіп, оған сайттың жасап жатқан істері туралы

жан-жақты баяндап берген кезде, шейх мұндайға сөгіс білдіріп, оған бұны басқаша көрсетілгендігі туралы айтты.

Айтпақшы, бұл дағуаттың құралы екенін маған Мәдина Университетінің түлегі (азербайжандық бауырымыз) Самин де айтқан болатын. Ол осы жобаның немесе азербайжан тіліндегі осы іспеттес жобаның басында тұрушылардың бірі болып табылады. Біз Самин бауырмен бірге басында олардың жобасы туралы телефоннан сөйлескен болатынбыз, әрі мен не үшін олардың жобасын сөгетінімді түсіндірген болатынмын. Кейін біз Шарджада шейх Сулейман әр-Рухайлидің даурасында жүздестік те, талқылауымызды жалғастырдық. Кейін ол менің көзімше шейхтың алдына барды да, одан өздерінің сайты туралы сұрай бастады. Шейх оған өз сұрағын егжей-тегжейлі етіп оның е-майлына жазып жіберуін айтты. Ал мен болсам Самин бауырымыздан ол сұрақты шейхқа жіберуден бұрын маған көрсетуін өтініш еттім. Біз, соңынан өзара түсінбеушілік орын алмауы үшін, сұрақтың дұрыс құрастырылу керектігіне келісіп алдық. Бірақ бірнеше ай өтіп кетсе де, мен бауырлардан естіген бір-ақ нәрсе - олар шейх Сулейманға барып одан Султанды хизбияда айыптау үшін рұқсат сұрап алғандығы ғана болды.

(А): Онда мынандай сұрақ: енді, жаңалық порталын жүргізу – бұл тұрмыстық нәрсе болып табылатынынан әрі сондықтан да рұқсат етілген іс екендігінен шыға келе, ол бидғат болмауы үшін онда Ислам туралы бірде-бір сөз болмауға тиіс па? Әйтпесе ол дағуат болып, әрі сол себепті де ғибадат болып есептеледі ме?

Ринат Абу-Мухаммад: Жоқ, олай емес. Бұл іс бидғат болмауы үшін, әрі тұрмыстық мәселе болып қала беруі үшін, ол дағуатты жүргізу үшін міндетті құрал етілмеуі керек. Яғни негіз – бұның жай жаңалық порталы болуы керектігінде. Әрі әлдебір жерде сөз арасында осы жаңалық порталында қандайда бір аяттар немесе хадистер айтылып жатса, әрі «біз жаңалықтар арқылы дағуат жасаймыз» деген

мәлімдемелер болмаса, онда бұда тұрған проблема жоқ, және сонда бұл жаңалықтардың үкімі «шиър» (поэзия) үкіміндей болады. Ал ол туралы Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сұрақ қойылған кезде ол: *«Жақсы поэзия – жақсы, ал жаман поэзия – жаман»*, - деп айтқан болатын.

Сосын, екінші жайт, олар үнемі абай болуға тиісті. Яғни бұл істің үкімі тұрмыстық мәселенің үкіміндей болады, ал тұрмыстық мәселе қандай үкімдердің астына кіреді? Олардың таратып жатқандары

— не харам,

— не макрух (құпталмайтын)

— не мубах (рұқсат етілген)

немесе тағы да басқаша болуы мүмкін.

Аллаһ Құранда былай деп айтқанындай:

وَإِذَا جَاءَهُمْ أَمْرٌ مِّنَ الْأَمْنِ أَوْ الْخَوْفِ أَدَّعَوْا بِهٖ وَلَوْ رَدُّوهُ إِلَى الرَّسُولِ وَإِلَىٰ أُولِي الْأَمْرِ مِنْهُمْ  
لَعَلِمَهُ الَّذِينَ يَسْتَنْبِطُونَهُ مِنْهُمْ وَلَوْلَا فَضْلُ اللَّهِ عَلَيْكُمْ وَرَحْمَتُهُ لَاتَّبَعْتُمُ الشَّيْطَانَ إِلَّا قَلِيلًا

**«Қашан оларға аманшылықтан немесе қауіп-қатерден хабар келсе, олар оны жайып жібереді. Егер олар оны, Пайғамбарға не өздерінің іс басындағыларына ұсынса еді, олардан оның мән-жайын білер еді. Егер сендерге Алаһтың кеңшілігі, мейірімі болмаса еді, шайтанға ермегендерің өте аз болар еді»** («ән-Ниса» сүресі, 83-аят).

Яғни Аллаһ Тағала таратуға тыйым салатын хабарлар, ол туралы ғалымдар не айтатынын немесе билік иелері ол туралы қандай үкім шығарғанын білмей жатып таратуға болмайтын хабарлар да болады. Екінші жағдай – бұл *«Адам өтірікшіге айналуы үшін естіген нәрсесінің барлығын жеткізетіні жеткілікті»* деген хадистің үкіміне түсіп қалмау үшін, міндетті түрде мұны бақылау астында ұстау керек.

Яғни бауырлар өздеріне өздері: «Осы нәрселерден қалай құтылуға болады?» - деп сұрақ қоюлары қажет. Сондықтан да, жаңалықтармен жоғарыда келтірілген аяттың негізінде айналысқан жөн болады, бұл мемлекеттік құрылым болуға тиіс. Өйткені егер мемлекеттік деңгейде әлдебір мәлімдемелер жасалып жатса, олар (бақылаудан) кейін ғана жаңалықтар лентасына жіберіледі. Онда проблема жоқ. Әйтпесе бұл аятқа сәйкес қалай өмір сүруге болмақ? Осы аятты таратылып жатқан жаңалықтармен қалайша үйлестіруге болмақ?

Әрі екінші мәселе – тура сол сияқты, *«Адам өтірікшіге айналуы үшін естіген нәрсесінің барлығын жеткізетіні жеткілікті»* деген хадистің үкіміне қалайша түсіп қалмау. Яғни олар мұны қалай істейді? Материалды өздері алғаш тапқан дереккөздерден жинайтын, немесе жаңалықтарды басқа порталдардан әшейін көшіріп алатын журналистер бар емес пе? Әлдебір ихуандардың немесе сопылардың сайттарынан да жаңалықтарды алатындар бар ғой? Яғни, міне, осы мәселені міндетті түрде ескеру қажет. Ғалымдардан: «Біз осы аталған хадиске түсіп қалмайтындай етіп қалайша жаңалықтар таратумен айналыса аламыз?» - деп сұрау керек. Барлық жаңалықтарды қатарынан тарата беруге тыйым салатын аяттың үкіміне түсіп қалмау үшін.

Тағы бір маңызды мәселе. Ғалымдарда мынандай ереже бар. Ғалымдар үкімдерге қатысты былай дейді: «Жеке түрде рұқсат етілмейтін нәрселер ілеспе түрде рұқсат етіледі» (Яжузу табаан, ма лә яжузу стикләән). Яғни қалайша саған дұрыс айтсам екен? Кейде әлдебір нәрселер басқа бір нәрселерге ілескен түрде рұқсат етіледі де, бірақ жеке түрде рұқсат етілмейді. Мысалы (арнайы) дұға жасау үшін жамағат болып жиналу – бұл сүннет емес, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұндайды істемеген. Яғни мешітке жиналып, сосын имам дұға етіп, ал жамағат қолдарын жайып: «Әмин, әмин», - деу, бұл сүннет емес, бұл сүннетке

қайшы келеді. Өйткені бұған дәлел болмағандытан осылайша жеке (арнайы) түрде жасалмайды. Алайда егер, мысалы, әлдебір ғалым, немесе білім талап етуші, немесе ұстаз сабақ беріп жатса, әрі сабақ біткен кезде: «Уа, Аллаһ, осы жиналғандарды жарылқай гөр», - деп дұға жасаса, бұл шариғи тұрғыдан заңды болады. Өйткені олар арнайы дұға жасау үшін емес, сабақ үшін жиналды, ал бұл рұқсат етілген нәрсе. Яғни олар сабақтан кейін басқа нәрселерге қосымша түрде дұға жасайды, ал бұда проблема жоқ. Сенің бұны істеуге болады деген сұрағың да тура осы сияқты. Яғни олар бұл дағуатты «истиқлалән» яғни өздігінше арнайы түрде істемей, басқа нәрселерге ілеспе түрде істеп жатса, онда бұда проблема жоқ. Әрі сондықтан да өздерінің сайты «Сунна» деп атап жатса, және тіпті олардың біреуі: «Біз де мұны осылай істеп жатырмыз, біз мұны «истиқлалән» істеп жүрген жоқпыз», - деп айтса, онда біз оған: «Онда оны «Сунна» деп атамай-ақ, өзінің атауымен, мысалы, «Гамет-Пресс», немесе өз республикаларыңның атауымен, мысалы, «Азер-Пресс» деп атаңдар дейміз. Ал содан соң сендер әлдебір нәрсені «табаһан» (ілеспе түрде) істеп жатсаңдар, бұда проблема жоқ. Аллаһу аъләм.

(А): Жарайды. Онда мен мен мынаны түсіндім: Олардың порталы және іс-әрекеті тұрмыстық мәселе санатына өтуі үшін, олар жаңалықтар арқылы дағуат жасаймыз деп мәлемедеме жасамауы, әрі екіншіден, өздерінің сайтының атын өзгертулері керек. Әрі өздері жай тұрмыстық жаңалық порталы болған соң, сен атап кеткен аят пен хадистің үкіміне түсіп қалмаулары үшін, бақылау жасаулары керек.

Ринат Абу-Мухаммад: Ия. Бәрі дұрыс.

(А): Сонда проблема олардың сайтының мазмұнында емес, оның атауы мен авторларының дағуаттағы манхажға деген тәсілінде болып тұрғой, ия? Мен мұны бірінші сатыда деп меңзеп тұрмын.

Ринат Абу-Мухаммад: Жоғарыда аталған аят пен хадистің үкіміне түсіп қалмау үшін, тағыда бір рет айтқым келгені – олар мемлекеттік

жаңалық порталдарына ілесуі дұрыс болады. Не үшін? Өйткені олардағы ақпарат жоғарыдағы инстанциялардың талдауынан және мақұлдауынан кейін шығады. Өйткені көптеген оппозициялық деп аталатын жаңалық порталдарында, тіпті біздің Қазақстанды алсақ та, ол жерлерде өте көп өтірік әрі біздің елбасымызды жамандау т.с.с. нәрселер болады. Әрі осы нәрселердің барлығынан аулақ болу керек. Ал сенің «проблема олардың сайтының мазмұнында емес» деген сөздеріңе келер болсақ, бәлкім мазмұнында да бар шығар, дәл біз айтқандай, олар мұны дағуат құралы ретінде пайдаланатыны. Тек кішкене абай болу керек. Әрі тағы да бір айту қажет болған маңызды жайт та бар, бұл да болса кейбір бауырлардың мәселе жеке дұшпандықта болып тұр ойлайтыны. Жоқ, уа-Ллаһи, мен осы туралы Раминге алғаш рет айта бастағанымда да, қазір де, ин ша Аллаһ, ешқандай жеке қастығым болмаған. Егер сәләфилер осындай нәрселерге көздерін жұма қарайтын болса, ал содан соң тағы да біреу әлдебір жаңа нәрсе ойлап шығарса, сосын тағы да басқасы (онда не болмақ)? Әрі біз білім талап етушілер ретінде, әлдебір мухалләфаттарды (Сүннетке қайшы келушіліктерді) көріп жатсақ, адамдарды сақтандыруымыз керек. Яғни осындайды істеп жатқан бауырлардың өздерін сақтандыру қажет. Сондай-ақ менің осы сайттың Сүннетке қайшы келетіні туралы айтуым ешбір жағдайда мен оларды ихуандар, немесе хизбилер, бидғатшылар деп айыптап жатқанымды білдірмейді. Аллаһ бізді мұндайдан сақтасын. Адамды Сүннеттен және сәләфиядан шығару оны Исламнан шығарғандай қауіпті нәрсе. Әрі мұның салдары кесірлі болуы мүмкін. Бауырлар – жай қате түсінушілер (мутаауилюн), олар жақсылықты қалады, бірақ қателесті.

Осыған тағы бір маңызды жайтты қосқым келуде. Жалпы осы мәселеге қатысты. Шейх әл-Әлбаниде оған әртүрлі жамиаттар (фондтар), түрлі қаржы мәселелері, адамдарға қаржылай көмек көрсету, қоғамдық жұмыстар т.с.с. нәрселер туралы сұрақ қойылатын аудиотаспа бар,

бұған ол мұның барлығымен білім талап етушілер айналыспауы қажет дейді, өйткені бұл олардың көңілін басқа жаққа бұрады әрі көп уақытын алады, әрі мұнымен жай адамдар айналысқаны жөн дейді. Тура осыдан шыға келе, ал «Сунна-Пресспен» айналысатындар өздерін білім талап етушілер деп таныстырады ғой, Гамет те, Мағжан да, Рамин де (Назратуллах та басқарушылар тобында деп айтады) әрі басқалар, олар осы іспен айналыспаулары қажет, олар білім талап етумен айналысу керек, білім талап етушілер, яғни Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мұрагерлері, айналысуға тиісті болған нағыз шынайы мақсатпен айналысуы керек, мен мұны шейх әл-Әлбаниден естігенімдей.

Бұдан тыс осындай жаңалық порталдарынан келетін тағы бір зиян – олар көптеген адамдарды, әсіресе жастарды, пайдалы білімнен көңілдерін бұрады, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Адамның Исламының жақсы болуы – оның өзіне қатысты емес нәрсені тастауы»*, - деп айтқан.

(А): Ал енді олар ғибадат (манһаж және құлшылық) мәселесінен шықса, бірақ аят пен хадистегі осы екі аспектіге ұқыпсыз қараса, онда олар бидғатқа емес, күнаға ғана түседі, ия?

Ринат Абу-Мухаммад: Ия, егер олар ғибадат мәселесінен шықса, бірақ аят пен хадистегі осы екі аспектіге ұқыпсыз қараса, онда олар, мен бұл туралы айтып кеткенімдей, тағы да бір рет қайталаймын, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) поэзия туралы айтқанындай, жақсы поэзияда проблема жоқ, ал жаман поэзия - бұл жаман іс. Тағы сұрақтар бар ма?

(А): Онда егер олар қазірше сайтының мазмұнында ешнәрсе өзгерпесе, бірақ оның атауын өзгертсе, және бұл ешқандай дағуаттың құралы емес, жай Гаметтің, Мағжанның немесе Раминнің қызығушылығы деп айтса, онда бірінші проблема шешіледі ғой?

Ринат Абу-Мухаммад: Ия, біріншісі шешіледі. Бір қайшылықтан аман болады.

(А): Бодды. Мәселе мен үшін бітті.

Ринат Абу-Мухаммад: Әлхамду лиЛләһ.

Сұхбат бітті.

-----

### **Ринат Абу Мухаммадтың соңғы сөзі:**

Менің Исламдағы қарындасыма, ал содан соң әйеліме, ол өз күйеуне деген сүйіспеншілік пен эмоциялардың әсерімен бұлынғыр болған біржақты қатынастың емес, бейтараптық ұстанымның негізінде осы мәселедегі ақиқатқа жетуге ұмтылуды санасына салған Аллаһ Тағалаға мадақтар болсын. Өйткені көп адамдар өз ұстанымдарын ұлттық немесе туысқандық, немесе ерлі-зайыптылық, немесе басқа да сол сияқты нәрселердің негізінде құрып алатын кезде жиі жағдайда біржақты қатынас орын алады ғой. Адам тек дәлелге ілесуі керек әрі Аса Жоғары Аллаһтың Қиямет Күні туралы мына сөздерін естен шығармауы қажет:

يَوْمَ يَفِرُّ الْمَرْءُ مِنْ أَخِيهِ

«Сол күні адам өз бауырын тастайды,

وَأُمِّهِ وَأَبِيهِ

Өз анасын және әкесін де,

وَصَاحِبَتِهِ وَبَنِيهِ

Әйелі мен балаларын да» (аят).

Сондай-ақ Оның мына сөздерін де:

وَكُلُّهُمْ آتِيهِ يَوْمَ الْقِيَامَةِ فَرْدًا



«Олардың әрбірі Оның алдына Қиямет Күні жалғыз болып келеді» (аят).

Сондай-ақ Оның мына сөздерін де:

وَيَوْمَ يَعَضُّ الظَّالِمُ عَلَى يَدَيْهِ يَقُولُ يَا لَيْتَنِي اتَّخَذْتُ مَعَ الرَّسُولِ سَبِيلًا

«Сол күні залым өз қолын тістеп: «Әттең, мен Елшінің жолымен жүргенімде ғой», - дейді».

يَا وَيْلَتَى لَيْتَنِي لَمْ أَتَّخِذْ فُلَانًا خَلِيلًا

«Қасірет маған! Мен пәленді дос етіп алмағанымда ғой!»

لَقَدْ أَضَلَّنِي عَنِ الذِّكْرِ بَعْدَ إِذْ جَاءَنِي وَكَانَ الشَّيْطَانُ لِلْإِنْسَانِ خَذُولًا

«Маған Зікір (Құран) жеткеннен кейін ол мені одан бұрып жіберді». Расында, шайтан адамды қолдаусыз қалдырады» (аят).

Әрі осындай мәселелерді байыпты түрде талқылаған өте ұнамды нәрсе. Мен осыған барлық сәләфи бауырларымызды, әсіресе білім талап етушілерді шақырамын. Әрі сондықтан да мен барлық білім талап етушілерді келіспеушіліктер туындаған жағдайларда байыпты түрде отырып, өздері келіспеген мәселелерді талқылауға ынталандырамын. Әрі айыптау мен үкім шығаруға асықпауға үндеймін, тіпті олар бірінші кездесулерінде ортақ пікірге келмей жатса да.

Әрі Гамет істегендей істемеу керек деп насихат етемін. Оны сұхбатқа шақырсаң, ол: «Сендер хизбисіңдер, ал мен хизбилермен отырмаймын», - дейді. Бұлай іс істелмейді. Бұл дұрыс емес. Барака Аллаһу фикум.

## Жаңа кейіптегі такфиршілдік

---

Әлемдердің Раббысы – Аллаһқа мақтау-мадақтар, Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасы мүшелеріне және барлық сахабаларына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын.

Содан соң:

Мен 2008 жылы Мысырдан Қазақстанға оралған кезімде, «такфиршілдік» деген қорқынышты құбылыспен кездескенім есімде. Ол, әсіресе, еліміздің батыс аймақтарында кең таралған болатын, дегенмен, басқа облыстарда да оның тамыр жаюы аз емес еді.

Оның Қазақстандағы негізгі уағызшылары Халил атты біреу, Саид Бурятский деген біреу, сондай-ақ солар секілді басқалар болатын. Осы аталған тұлғалар әһлу-Сунна уәл-жама'а дағуатын ұран етіп, такфиршілдік идеяларын тарататын.

ӘлхамдулиЛләһ, Аллаһтың мейірімімен білім талап етуші бауырлар бұл індеттің тамырын жоя білді. Бірақ бұл күндері осы әлеуметтік дерттің негізінде жатқан кейбір қауіпті ауытқушылықтар шайтанның айласымен басқаша көрініс табуда. Сол кездері адамдар мән-мағынасын бір жақты етіп түсінген адасушылықты ол малғұн қазір басқаша кейіпте ұсына білді. Әрі бүгінгі күні бұл дерттің жаңа толқыны біздің республикамызды, әрі оған қоса басқа аймақтарды да қаптай бастады. Бірақ бүгінде ол бұрыңғыдай мұсылмандарды оңды-солды негізсіз күпірлікте айыптауда көрініс тауып жатқан жоқ. Жоқ, бүгінгі күнгі бұл ауру артық кетіп, шектен шығушылыққа түсіп жүрген мұсылмандар тарапынан Сүннетті ұстанушыларды және оған шақырушы білім талап етушілерді негізсіз жарх жасауда (яғни Сүннет пен мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарының жолынан ауытқушылықта, бидғаттарда, жікшілдік-хизбияда айыптауда – ауд.) және бойкоттауда (олармен қарым-қатынасты үзуде) әрі өзгелерді олардан сақтандыруда көрінісін табуда.

Әрі өз кезінде такфиршілер «әһлю-Сунна» атағын иеленуге талаптанғандай, бұл індеттің жетекшілері де нағыз мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарының жолын ұстанушылар және қорғаушылар деген атақты иеленуге талпынады.

Өз кезінде такфиршілер өздерінің идеяларын әһлю-Суннаның идеялары ретінде ұсынып таратқандарындай, бұл секта да өздерінің идеяларын мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарының жолын ұстану манһажы ретінде таратуда.

**Ал енді дәйексіз сөйлейтіндерден болмас үшін, сөздерімізге дәлел келтірейік. Бұл сондай-ақ әрбір кісі осы дәйектерге қарап, өзінің осы дертті жұқтырған-жұқтырмағанын және өзі байқамаған күйінде осы сектаға кіріп кеткен-кетпегенін білу үшін де қажет.**

Шейх әл-Әлбани былай деген: *“Мен күмәнсіз бір ақиқатқа нұсқағым келіп тұр, ал ол Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Кім мұсылманды күпірлікте айыптаған болса, сол өзі күпірлікке түсті», - деген сөздері. Бұда күмән жоқ. Тура осы нәрсе мұсылманды бидғатшылықта айыптауға да қатысты! Не айыпталған адам бидғатшы болып табылады, не болмаса айыптаушының өзі соған (бидғатшыға) айналады!”* Тз.: *“әл-Бид’а уәл-мубтади’ун”*.

Шейх ‘Абдуллаһ әл-‘Убәйлән былай деп айтқан: *“Ал, осы жолға түскен кейбір бауырлар мен шейхтар (ұстанатын) (жархқа қатысты) сол ережеге келер болсақ, ол қате! Ол жаңа жол болып табылады! Бұл дегеніміз не? Яғни менің нық сенген нәрсем әрі сөйте тұра Аллаһтың алдында дінді ұстанатын нәрсем – бұның бидғат екені және бұл манһаж бидғатшыл екені! Яғни осы күні орын алып жатқан «жарх уә таъдил» мәселелерінің үстіне құрылған манһаж. Әрі тіпті оларға қатысты ақида мәселелерінде ешқандай шағым-сөгіс болмаған құрметті шейхтар да одан аман қалмады. Ал бұл манһаж қайдан шықты? Бұл туралы шейху-Ислам Ибн Таймия: “Хауариждер: «Али мен Усман кәпір болып табылады, ал кімде-кім оларға сүйіспеншілік танытса, ол да солардан деп есептеледі де, кәпірге айналады»,*

- деді. Бұл манһаж көбірек хауариждердің манһажына ұқсайды”, - деп айтқанындай, бұл манһаждың негізі хауариждердің идеяларынан бастау алады”.

[http://www.youtube.com/watch?v=L2Yu\\_Zo82iA](http://www.youtube.com/watch?v=L2Yu_Zo82iA)

Аллаһқа сиына отырып, оқырманның назарын «жарх жамағаты» мен «такфир жамағаты» арасындағы ұқсастықтарға қаратқым келеді:

Қазіргі кездегі негізсіз жарх жасауға салынғандар өздерінің көптеген іс-әрекеттерімен елімізді 2000-2010 жылдары қаптап кеткен такфиршілерден айнымайтынын білесіздер ме?

**1) Такфиршілер әрқашан Сүннет иелерін Ислам дінінен шығаруға ұмтылатын, өйткені соңғылары олардың сандырақ идеяларымен және адасушылықтарымен келіспейтін.**

Бұлар да дәл солардай, сәті туындап жатса өтірік-шын жолдармен өздерінің ауру және сектанттық көзқарастарымен келіспейтін мұсылмандарды бидғатшылықта және хизбияда (жікшілдікте) айыптауға ұмтылады.

**2) Такфиршілер «кәпірді кәпір дегеннің өзі кәпір» деген «тізбекті такфир» ұғымын қолданып, өздері кәпірге шығарған адамды кәпір деп айыптамағандардың, немесе олармен келіспегендердің, немесе тіпті осыған күмәнданғандардың әрбірін күпірлікте айыптайтын.**

Бұлар да тура солар сияқты. Негізсіз жарх жасауға салынғандар тура сол әдістерді қолданады, бірақ «тізбекті табдиғ» түрінде, яғни олар өздерімен келіспегендердің, немесе өздері бидғатшы деп санаған адамды бидғатшы деп есептемейтіндердің әрбіріне қатысты «бидғатшыны бидғатшы демейтіннің өзі бидғатшы» деп, бидғатшылықта айыптайды.

Шейх әл-Әлбаниге: «Шейх, егер әлдебір мұсылман ғалымы нақты бір кісіге күпірлікте (такфир), бидғатшылықта (табдиғ) немесе бұзақылықта (пасықтықта) айыптау мәселесіне қатысты дәлел келтірген болса, адамның сол ғалымға ілесуі міндетті ме, әлде оған жеке өзі дәлелді жеткізгенінен кейін оны айыптай алады ма?», - деген сұрақ қойылған болатын.

Шейх әл-Әлбани былай деп жауап берді: *“Жоқ, бұл шарт емес. Алайда, ол күпірлікте, бидғатта немесе бұзықтықта айыпталып жатқан тұлғаның үстінен дәлелдің орнатылғанына көзі жеткен болуы міндетті болып табылады. Әйтпесе бұл тізбектің соңы болмайды”*.

Кейін одан: *“Уа, шейх, кейбір жастар қолданып жүрген белгілі бір ережелер бар, олардың қатарынан: «Кәпірді кәпір санамайтынның өзі кәпір», ал содан соң «Бидғатшыны бидғатшы деп санамайтынның өзі бидғатшы», сондай-ақ «Кім бізбен бірге болмаса – сол бізге қарсы», - деген ереже де. Сіздің осы ережелерге қатысты пікіріңіз қандай, я, шейх?”*, - деп сұрады.

Шейх әл-Әлбани былай деп жауап берді: *“Бұл ережелер қайдан келген?! Әрі оларды орнатқан кім?!”*

*Бұл менің елім Әлбанияда айтылатын бір күлкілі хикаяны есіме түсіреді. Оны менің әкем, Аллаһ оны рахымына бөлесін, отырыстардың бірінде айтқан болатын. Бұл хикаяда былай деп баяндалады: «Бірде ғалымдардың қатарынан болған бір кісі досын зиярат етіп оның үйіне келеді. Алайда досының үйінен шығып жатып-ақ оны күпірлікте айыптайды. Одан: «Не үшін?!», - деп сұрайды. Біздің елімізде бір салт бар, әрі мен бұл салт басқа да араб емес елдерінде бар болған деп ойлаймын, ал ол болса – елге байланысты ерекшеленіп тұратын кейбір әдет-ғұрыптарда ғалымдарға ізет-құрмет көрсету. Олардың қатарынан – мысалы, егер үйге (осындай) кісі келген болса, ғалым кетер кезде аяқ киімі, ол оны өзіне ыңғайлы етіп бұрамын деп қиналмауы үшін, оны бірден киіп алатындай етіп қою. Сөйтіп, осы ғалым(сымақ) досын зиярат жасап болып, кетуге жиналып*

жатқанда аяқ киімінің (өзі шешкендегідей) түрінде тұрғанын көреді. Яғни оның аяқ киімі бұрыңғы қалпында қалып, оған құрметсіздік танытылғандай болды. Міне, сол кезде әлгі ғалым: «Ол (яғни досы - ауд.) күпірлік танытты», - деді. Не үшін?! Өйткені ол (мұның ойынша) ғалымға құрметсіздік көрсетті! Ал кім ғалымға құрмет көрсетпесе, сол оның біліміне құрмет көрсетпегені емес пе?! Ал кім оның біліміне құрмет көрсетпесе, сол осы білімді алып келгенге құрметсіздік танытқаны. Ал бұл білімді алып келген –Мухаммад ғой (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын). Осылайша, ол осы тізбекті Жәбірейілге дейін, ал одан әлемдердің Раббысына дейін жеткізді. Демек, (оның тұжырымы бойынша) бұл адам кәпір.

*Аталған мәселе мен осы ережелер осы өтірік оқиганы менің есіме салды.*

*Егер әлдебіреу басқа біреуді күпірлікте айыптап, оның үстінен дәлелді орнатқан болса, басқа адамдардың оны (осы) такфирде қолдауы мүлде шарт емес. Өйткені бұл адам қателікпен бұрыс түсінушілерден болуы мүмкін, әрі сондықтан да басқа ғалым оны күпірлікте айыптауға болмайды деп есептеуі ықтимал. Бидғатшылық пен бұзақылықта айыптаудың мәселесі де тура осындай. Шын мәнісінде, бұл біздің заманымыздың фитналарының және өзін білімге телитін жастардың кейбір бөлігінің асығыстығынан.*

*Қорытынды: бұл тізбек немесе осы міндеттемелер мүлде міндеттеуші болып табылмайды! Бұл ауқымды мәселе. Ғалымдардан әлдебіреу әлдебір үкім-ережені міндетті деп есептеуі мүмкін, алайда басқасы оны мұндай деп санамайды. Ғалымдар әрқашан, бұрын да, қазір де бір-бірімен келіспеушілікке түсетін, өйткені бұл ижтиһад мәселелері болып табылады, әрі ешкім өзге тарапты өзінің пікірін алумен міндеттемейтін. Ал мойнына (мұндай айыптауды қабылдау) міндеті жүктелетін адамға келер болсақ, ол білімі жоқ соқыр ілесуші (муқаллид); әрі мұндай адам ғалымдарға ілесуге міндетті. Ал күпірлікте немесе бидғаттылықта немесе пасықтықта айыптаған (ғалымдай) басқаша санайтын ғалымға*

келер болсақ, оның әлгі (айыптаушы) ғалымға ілесуі мүлде міндетті емес". Тз.: «Силсиләтул-һуда уа-ннур» № 778.

**3) Такфиршілер діндегі «такфир» деген үкім мен тәсілді мақсатқа айналдырды да, Аллаһқа мойынсұнушылық танытпайтындарды күпірлікте айыптауды дұрыс деп санап, мұны дінге деген қызғаныштары себепті істегендеріне қарамастан, адасушылыққа түсті.**

Бұлар да солар секілді. Олар бидғатқа деген жеккөрушілігімен ақталып, "жарх" деген ғылымды мақсатқа айналдырып алды, әрі осы себепті қателік жасаған мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарының жолын ұстанушы мен шектен шыққан бидғатшының арасындағы айырмашылықты көрмейтін болды.

Имам Ибн әл-Жәузи былай дейтін: *«Ібілістің хадис білгірлерін алдауының қатарынан – олардың бір-бірінен өш алып, бірін-бірі қаралауы және осыны бұрын бұл үмметтің алғашқы буындары шариятты қорғау үшін қолданған «әл-жарх уә-тта’дил» ұстанымы деп көрсетуі. Ал Аллаһ ниеттер туралы жақсырақ біледі!»* Қз.: «Тәлбису иблис» 2/689.

**4) Такфиршілердің басшылары мен уағызшылары өздерінің ілесушілерінің бойында мұсылмандарды күпірлікте айыптауды тәрбиелейтін, алайда өздері ешқашан бұл туралы ашық мәлімдемейтін. Кейін олардың ілесушілері, әсіресе, жастар, өздеріне айыптаушылардың рөлін жүктеп алатын.**

Бұлар да тура осылай істейді. Жархқа салынғандардың жетекшілері өздерінің ілесушілерін Сүннет иелерін бидғатшылдықта айыптауда тәрбиелейді, алайда өздері бұл туралы ашық мәлімдемейді. (Олардың біреуі тіпті: «Мен пәленді бір жерде бидғатшы деп айтқан болсам, көрсетіңдер, мен тәубе жасаймын», - деп айтуы да мүмкін.)

Кейін олардың шәкірттері мен ілесушілері, әсіресе, олардың жастары мен жаңадан қосылғандары, үлкен ынта-құлшыныспен

мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарының жолын ұстанушыларды бидғатшылдық пен хизбияда айыптап, Сүннеттен шығарып жатады, ал олардың ұстаздары болса оларға тіпті сөгіс те айтпайды, әрі муққалид адамға дін мәселесінде ижтиһад жасау харам болатынын түсіндірмейді де.

**5) Такфиршілер кәпірлерге қатысты түскен шариғи мәтіндерді мұсылмандарға қатысты қолданып, оларды күпірлікте айыптайтын.**

Бұлар да солар сияқты, жаһмилер, муътазилер, қадарилер, жәбрилер т.с.с. шектен шыққан бидғатшыларға қатысты айтылған шариғи мәтіндер мен салиқалы мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарынан жеткен хабарларды (асарларды) Сүннетті ұстанушыларға және мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарының жолын ұстанушыларға қатысты қолданып, оларды бидғатшылдықта айыптай бастайды. Шейх ‘Абдуллаһ әл-‘Убайләһ былай деді: *“Діннің негіздеріне жатпайтын кейбір мәселелер үшін бидғатшылдықта айыптау – жаңадан шыққан нәрсе. Шейхул-Ислам Ибн Таймия: «Адам бидғат нәрсені айтуы, бірақ осы орайда бидғатшы болмауы мүмкін!» - деген. Сондай-ақ мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарынан болған кейбір имамдардың белгілі бір уақытта айтқан сөздері біз үшін Құран мен Сүннет сияқты шариғат болып табылмайтынын да атап кету қажет! Олар мұндайды айыпты нәрсені айыптау үшін айтатын, бірақ айыпты нәрсені түзету, бұл туралы шейх Ибн әл-Қайим түсіндіргендей, жағдаяттар мен уақытқа байланысты ерекшеленіп тұрады емес пе?!”*. Тз.: “Шарх әл-Исбах фи манһаж әс-саләф”.

**6) Такфиршілер өздерінің идеяларын соқыр түрде ұстанады.**

Бұлар да тура солар сияқты өздерінің идеяларына соқыр түрде ілеседі де, өздерімен немесе өздері ерекшелеп қойған шейхпен әлдебір нәрседе келіспегеннің әрбірін «жеп қоюға» дайын.



Шейх Ибн ‘Усаймин былай дейтін: «Әрі біз шейхтардың бірінің алдында отырып, сол шейхты бүкіл шын-өтірікті қолдану арқылы қорғайтын кейбір білімгерлерді көрудеміз. Олар басқаларымен жауласады, оларды адасушылықтар мен бидғатшылдықта айыптайды, әрі өздерінің шейхын түзетуді алып келетін ғалым деп, ал басқаларды не адасқандар, не бұзықтықты таратушылар деп санайды. Әрі бұл – үлкен қателік! Өйткені сөзі Құранға, Сүннетке және сахабалардың сөздеріне сәйкес келетін адамның сөзін қабылдау міндетті ғой!». Қз.: «Фатауа Ибн ‘Усаймин» 26/239-240.

**7) Егер такфирші өзі кәпір деп санайтын адамнан бір дүниелік пайда көрсе, жеке кездескен кездерінде оған жұмсақ болатын.**

Бұлар солардай. Біреуді сырттай бидғатшы санауы мүмкін, бірақ онда өздері үшін бір дүниелік пайда көрсе, онымен дос болады, оған жұмсақтық танытады, әрі мыңдаған ақтаулар табады.

**8) Такфиршілер әрқашан тәзкияларына (өздеріне қатысты мінездемелерге – ауд.) сүйенетін, әрі оларды жамылып өздерінің сандырақ идеялары мен сенімдерін тарату үшін, сол тазкияларды адамдар арасында тарататын (бұл өз кезінде Умар ибн әл-Хаттабтың өзінен тәзкияға ие болған, бірақ кейіннен Али ибн Аби Талибті өлтірген Абдуррахман ибн Мулжаммен орын алғанындай).**

Бұлар да солар сияқты. Олар такфиршілерден айырмашылығы жоқ, әрі тура соны істейді, яғни ғалымдар тарапынан жақсы мінездемесі бар деген адамдардың мәртебесін пайдаланып, істейтіндерін істеп жатыр. Бұдан қалса, олар ұялмай және өтірігі әшкере болуынан қорықпай өздеріне өтірік тазкиялар мен ижазаларды телуден де тайынбайды, ал шын мәнінде оларға мұндай тәзкияларды ешкім бермеген де екен. Әрі олардың «Менің пәлен ғалымдардан тазкиям бар, ал пәлен ғалымдар маған пәлен кітаптардан ижаза берді» деген сияқты өтіріктері әшкере болып жатса да, олар өздерінің өтірігін жай

сөзден жаңылысу деп айта салады. Ал егер мұндайды өздерімен келіспейтін басқа кез-келген біреу істесе, олар оны «жерден алып, жерге салатыны» айдай айқын-ақ.

**9) Такфиршілер өздеріне әлдебір нәрседе қайшы келетінінің әрбірін теріске шығарады және олардың қателіктерін ақтарады, әрі осы орайда өтірік айтудан да жиренбейді және өзгелердің оларға сын айтуына жол бермейді, ал егер олардың ауыздарынан шыққан өтіріктері әшкере болып қалса: «Адамдар бізді дұрыс түсінбеген ғой, біз басқаны меңзеген болатынбыз», - деп, өздерінің өтіріктерін сол үшін тәубе етіп, адамдардан кешірім сұрайтындай айып деп санамайды.**

Мыналар да солар секілді, тура соны істейді.

Шейх әл-Фаузанға: «Такфир және табдигпен, ғалымдардың және дінге шақырушы Сүннетті ұстанушы мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарының жолын ұстанушылардың қателіктерін ақтарумен айналысатын білімгерлерге айтар насихатыңыз қандай? Бұл іс оларды білімнен көңіл бұрғызды! Әрі олар осынысында шейх Салих әл-Фаузанның және басқа да білім иелерінің жолына ілесетіндерін алға тартады», - деген сұрақ қойылған болатын.

Шейх былай деп жауап берді: «Бұл – бүлік (фитна)! Аллаһ сақтасын! Адамдардың қателіктерін ақтарумен айналысу, ғалымдардан, білім талап етушілерден және Аллаһқа шақырушылардан бет бұрғызу – бұл бүлік! Бұлай істеуге де, осылай істейтіннің ізінен ілесуге де болмайды. Өзара насихат айту міндетті болып табылады, өйткені дін – тілектестік болып табылады. Ізгілік пен тақуалық істерінде өзара көмектесу міндетті болып табылады. Білімге сәйкес амал ету міндетті болып табылады. Ал бүкіл уақыт бойы пәлен және пәленмен айналысу, кейін одан бет бұрғызу – бұл ауыр күнәлардың қатарына жататын өсек, әрі ол еш нәрсені түземейді, керісінше, бұзып, алауыздық тудырады. Біз біреуден қателік немесе кемшілік көрсек,

оған не жазба түрінде, не ауызша насихат жасаймыз. Ал, мәжілістерде бас қосып, оны ғайбаттауға келер болсақ, бұл харам! Бұл мұсылмандардың арасында алауыздық тудырады, әрі адамдарды білім талап етуден алыстатады. Бұл рұқсат етілмейді, ешқашан! Әрі бұл адамдар пәлен (ғалымның) жолы осындай деп айтуларымен бізге және өзгелерге жала жабады. Жоқ! Біз өз лекцияларымызда, кітаптарымызда мұндайдан сақтандырамыз! Біз мұндай жолдан сақтандырамыз!»

<http://safeshare.tv/w/ybmWokVfBm>.

**10) Такфиршілер өздеріне қайшы келгендерге қатысты ешқашан әділдік танытпайды, тіпті ақиқат соңғыларымен болса да.**

Бұлар да солар сияқты. Тура соны істейді.

Шейх Ибн ‘Усаймин былай дейтін: «Сәләфилік – бұл Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және оның сахабаларының манһажына ілесу, өйткені олар біздің алғашқы ұрпақтарымыз және алдыңғы буындарымыз. Оларға ілесу, міне, осы – сәләфилік. Алайда, біздің кезімізде өздерін сәләфтардың жолын ұстануға жатқызатын кейбіреулер өздеріне қайшы келетіннің әрбірін адасушылықта айыптай бастады, тіпті ақиқат басқалармен болса да! Кейбіреулер тіпті өздерін Исламға телитін өзге партиялар секілді партияға (хизбияға) айналып кетті. Бұл – айыпталуға тиісті әрі мақұлдауға болмайтын нәрсе. Ал «сәләфия» сөзін көрінгенді адасушылықта айыптайтын белгілі бір партия құру үшін қолданатындарға келетін болсақ, бұл адамдардың іс жүзінде мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарының жолын ұстануға еш қатысы жоқ». Қз.: «Лиқаат Бабул-мафтух» № 1322.

**11) Такфиршілер бүкіл ақиқат тек солармен бірге деп, ал бүкіл адасушылықтар ғалымдар арасында орынды келіспеушіліктері**

**бар мәселелерде өздеріне қарсы келетіндермен бірге деп санайды.**

Бұлар да солар сияқты, тура соны істейді.

**12) Такфиршілер тек өздерін ғана мұсылман деп санайды.**

Бұлар да солар секілді, тек өздерін жақтайтындарды және бүкіл нәрседе солармен бірге болатындарды ғана мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарының жолын ұстанушылар деп есептейді.

Шейх Ибн ‘Усаймин былай дейтін: «Расында, кейбір адамдар өздерімен келісуді немесе келіспеуді жақсы көру мен жек көрудің (әл-уәлә уәл-бара) мән-мазмұнына айналдырады. Сен басқа біреуді, ол адам онымен басқа бір адамды өзімен келіспегені себепті одан бас тартатынында бірге болғаны үшін жақсы көретін адамды көре аласың». Қз.: “Китаб әл-‘илм” 106.

Егер мен қателесіп отырсам, онда олар өздерінің тобынан немесе өздерінің білімгерлерінің айналасындағылардан болмаған, бірақ сонда да олар оны жақсы деп санайтын үш орыс тілді дінге шақырушыны атасыншы? Мен өзі байқамай осы індетке шалдыққанның әрбіріне: «Маған осындайлардың үшеуің, не тым болмаса екеуін атап айтыңдаршы?», - деп айтамын.

**13) Такфиршілер өздерінің барлық мәжілістерін тек такфир туралы әңгімелермен толтырады да, діннің әртүрлі салалары туралы сөз етпейді.**

Орынсыз жархтың жетекшілері мен олардың ізбасарлары да сондай. Олардың мәжілістері мұсылмандарды бидғатшылдықта, хизбияда т.с.с. нәрселерде айыптау туралы сөздерге толы. Адамдар солардың жанынан оралған кісілерден олардың таухид немесе Сүннет туралы жаңа білімдермен бөлісіп жатқандықтарын естімейді, бірақ олардың

жанынан оралғандар кім хизби әрі бидғатшы, ал кім ондай еместігі туралы сөздерді естіп жатады.

**14) Такфиршілер партиялық қағидамен өмір сүреді (мутахаззибун).**

«Жарх жамағаты» да солар секілді, тіпті олардан да жаман. Тіпті бұл тармақта олар такфиршілерге ұқсайды деп емес, такфиршілер бұларға ұқсайды деп айтуға болады. Яғни жархшылар барлық жерде жар салып сөйлейтін хизбиямен күресеміз деп, өздері хизбияға түсіп кетті. Өйткені егер «хизбия» сөзінің сәләфи ғалымдары тарапынан берілген анықтамасына қарайтын болсақ, онда ода дәл солардың сипаттарын көре аламыз.

«Хизбия» партияшылдықты, қандай да бір топқа қатыстылықты білдіретін «хизб» сөзінен шыққан. Және бұл партия жүйелі ме, әлде бытыраңқы ма – айырмашылығы жоқ. Хизбия деп мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарының манһажына қайшы келетіннің барлығы аталады. Аллаһ бұрынғы өткен адасқан қауымдарды «ахзаб» деп атады. Құран мен Сүннетке қайшы келетін белгілі бір адамның идеяларына соқыр түрде ілесу – міне, осы хизбия. Белгілі бір адам үшін немесе белгілі бір жамағат үшін дұшпандық және өшпенділік таныту – бұл хизбия. Мұсылмандардың алғашқы ұрпақтары ұстанбаған идеяларға негізделген топтарды, партияларды немесе көпшілік «жамағаттар» деп атайтын ұйымдарды құру – хизбия. Сенің идеяларыңды ұстанатын адамға немесе жамағатқа, тіпті егер ақиқат олармен болмаса да, көмектесу – хизбия!

**15) Такфиршілер үнемі білімді тек саны қатаң түрде шектелген шейхтардан ғана алуға болады, ал басқалардан білім алуға болмайды деп мәлімдейді.**

Бұлар да тура соны істейді. Көптеген ғалымдар мен білім талап етушілерге толы болған Мәдина қаласы олар үшін тек 4-5 шейхпен ғана шектеледі. Тіпті олардың ілесушілеріне пәлен ғалым былай деп

айтты десең, олар: «Тоқтай тұр, біз өзіміздің шейхымыздан бұл ғалымнан білім алуға болады ма, әлде жоқ па сұрауымыз керек», - деп жауап береді.

Немесе оларға: «Жүріңдер, пәлен ғалымның алдына ол бізге төрелік жасау үшін барайық», - деп айтса, олар: «Жоқ, біз тек пәлен шейхқа ғана барамыз», - деп, өздерінің таңдап алған шейхтарын ұсынады, тіпті бірінші шейх екіншісінен жасымен де, білімімен де үлкен болса да.

Шейх Зәйд әл-Мадхали былай деді: “Ал сенің, уа, сұраушы: «Біздің кезімізде еліміз Сауд Арабиясындағы белгілі бір тұлға немесе тұлғалар туралы: «Пәлен жарх пен таъдилдің туын көтеріп жүруші», - деп айтуға болады ма?» - деген сөздеріңе келер болсақ, онда мен: иә, белгілі бір тұлғалар туралы, олар жарх пен таъдилдің туын көтеріп жүрушілер деп айту дұрыс болады. Өздерін Ұлы Кітапқа және оның ғылымдарына бағыштағандығымен танылған, өздерін саф Сүннет пен оның ғылымдарына, оны тарату мен қорғауға бағыштағандығымен танылғандарды. Әрі Аллаһ оларға дінді жалпы түсінуді де, Аллаһқа шақырудың (дұрыс әдіснамасын) түсінуді де, әрі нақты алғанда қазіргі заманның салмақты оқиғаларын түсінуді де сыйлады.

Әрі сен үшін мысал ретінде олардың тірі жүргендерімен шектеліп, кейбіреулерін атамай кетуге себеп жоқ:

1. Шейх Салих ибн Фаузан әл-Фаузан;
2. Шейх Абдул-Азиз Әли әш-Шейх;
3. Шейх Салих әл-Лухайдан;
4. Шейх Абдуллаһ әл-Ғудаян;
5. Шейх Ахмад ән-Нәжми;
6. Шейх Рабиа ибн Хади әл-Мадхали;
7. Шейх Абдул-Мухсин әл-Аббад;

8. Шейх Салих ибн Абдул-Азиз Әли әш-Шейх;
9. Шейх Убәйд әл-Жәбири;
10. Шейх Салих әс-Сухайми;
11. Шейх Мухаммад ибн Хади әл-Мадхали;
12. Шейх Сулейман ибн Абдуллаһ Абәл-Хәйл.

Олардың барлығы – әрбірі Сүннеттің, оның ғылымдарының сақталуына әрі қорғалуына үлесін қосқан ғалымдар, мәртебе иелері. Олардың әрқайсысы дұрыс ақида мен ұлы ислам манһажын адамдардың арасында таралған адасқан топтардан қорғап, оларды теріске шығаруға өз үлесін қосты. Әрі мен есімдерін осы атақты ғалымдардың қатарында атамаған, бірақ олардың замандастары болып табылатын әрі Сүннетке қамқорлық жасауға және әуесқұмарлықтар мен адасқан идеяларға ілесушілерді теріске шығаруға үлестерін қосқан (басқа да ғалымдардан) кешірім өтінемін. Өйткені мен тек мысал ғана келтіргім келген”. Қз.: «әл-Әжуиба әл-асария алә әл-масаил әл-манһажия» 59-60.

**16) Такфиршілер өздерін теріске шығаратынның әрбірін Аллаһтың және мұсылмандардың дұшпаны деп санайды.**

Бұлар да солар сияқты, өздерімен келіспейтіндерді немесе оларды теріске шығаратындарды сәләфия мен сәләфиердің дұшпаны деп санайды.

**17) Такфиршілер өздерінің істеп жатқанының дұрыс екеніне сенімділігі соншалықты – өздерінің сенімдерін көктен түскен уахи сияқты көруге дейін жетіп қалады.**

Негізсіз жархтың жетекшілері де тура солардай, немесе олардан да жаман. Олар өздерінің қате-кемшіліксіз екендігіне сенімді. Ал олардың ізінен ілесушілер оларға құлшылық ету дәрежесіне дейін жетті. Егер олардың қатарынан болған әлдебіреу олардың сөзін

келтірген соң, оған: «Бұған дәлел қандай?», - деп сұрасаң, ол ашу мен ызаға бөленіп: «Бұны пәлен толиб айтты, ал ол ауадан алмайды ғой», - дейді. Яғни ізбасарлары оларды Аллаһ Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сипаттаған сипатпен сипаттайды:

﴿ وَمَا يَنْطِقُ عَنِ الْهَوَىٰ ﴾

«Ол өз ойынан сөйлемейді».

﴿ إِنَّ هُوَ إِلَّا وَحْيٌ يُوحَىٰ ﴾

«Сөйлегені көкейіне салынған уахи ғана» («ән-Нәжм» сүресі, 3-4 аяттар);

18) Такфиршілер мұсылмандарды күпірлікте айыптауда шектен шығушыны өздерінің дінінің қамал-бекінісі мен қуаты деп есептейді.

Бұлар да солардай. Мұсылмандарды бидғатшылдық пен адасушылықта айыптайтындарды Сүннеттегі қамал-бекініс және қуат деп есептейді.

19) Такфиршілер өздерін үнемі бөтен (ғураба) санайды, әрі қара өгіздің терісіндегі ақ қылшыққа теңейді. Олар осынысымен өздерінің ғана шынайы мұминдер, ал Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қалған бүкіл үмметі кәпірлер екендігін, әрі «ғураба» туралы айтылатын хадистер дәл оларды нұсқайтынын меңзейді.

Бұлар да тура солар секілді, тек өздерін ғана құтылған топ деп, әрі құтылған топ туралы хадистер дәл солар сияқтыларды меңзейді деп санайды.

20) Такфиршілер Исламға шақырушыларды қарапайым білімсіз мұсылмандардан да, әрі тіпті бидғатқа батып кеткендерден



**қатты жек көреді, әрі олармен соңғыларына қарағанда көбірек жауласады.**

Бұлар да солар секілді. Олар көп жылдар бойы таухид пен Сүннетке шақырып жүрген адамды сопы немесе таблиғшыдан, немесе өздерінің мешітінде дағуат жүргізіп жатқан матуриден де бетер жек көреді.

**21) Қарапайым мұсылмандар Сүннетті ұстанушылардың қатарынан болған дінге шақырушыларға такфиршілерге қарағанда едәуір көбірек жұмсақтық пен мейірімділік танытады.**

Тура сол сияқты оларға қарағанда, қарапайым білімсіз мұсылмандар білім талап етушілерге жұмсақтау әрі мейірімді.

Шейх Фәлах Мандакар шектен шыққан жархшылар туралы сөз етіп, былай деді: «Мен олардың тарапынан бауырымызға қатысты нендей қаталдықты байқап тұрмын?! Бұл адамдар кәпірлерге немесе пасықтарға, немесе қабірлерге табынушыларға келсе, оларға қатысты, ма ша Аллаһ, жұмсақтық, ізгілік пен ізет-құрмет т.с.с. қатынас танытатынын көруің мүмкін. Біз өзіміз мұндайды көрген болатынбыз... Аллаһпен ант етемін, мұндай адамдар пасық күнәхарларға, тіпті кәпірлерге немесе бидғатшыларға, немесе қабірлерге табынушыларға келсе, ма ша Аллаһ, бірден нендей жұмсақ, нендей мейірімді және ізет-құрметті (бола қалатынын көресің)?!»

Бұл сөздерді шейхтың мына ұзын диалогынан тыңдап шығуға болады:

Жүктеу (13 МБ) <https://islam-forum.ws/archive/mp3/ulama/falah-tunis.mp3>

**22) Такфиршілер өздерінің «шейхтарының» біреуінен әлдебір нәрсе жеткізетін болса, әрі одан: «Мұны саған кім айтты?», - деп сұрасаң, ол: «Аманат», - деп жауап береді.**

Бұлар да солар сияқты. Мені Сүннеттен ауытқушылықта айыптағандардың біреуінен ол мұны ненің негізінде істегені туралы сұрағанда, ол: «Бір сиқа (сенімге лайықты кісі) айтты», - деп жауап берді. Ал бұл «сиқаның» кім екендігін сол бойы атаған жоқ.

Бәлкім, ол «хадис» ғылымында «мәжһул айн» – белгісіз тұлға және «мәжһул хәл» – жағдайы белгісіз тұлға сияқты ұғымдар бар екенін, әрі егер хабарды жеткізудің тізбегінде осы екеуінің біреуі бар болса, мұндай хабар қабылданбайтынын оқымаған, немесе оқыса да ұмытқан болар. Ал бұл айыптаушының оқиғасында осы екі жағдайдың ең нашары, яғни хабарды жеткізу тізбегінде «мәжһул айнның» болуы орын алуда;

**23) Кім Құранды оқу мен оның мағынасын түсінудің арасындағы айырмашылықты білгісі келсе, хауариждер мен сахабаларға қарасын. Хауариждер Құранды оқитын, ал сахабалар оны түсінетін. Сондықтан да сахабалар дінге қызмет ететін (خدموا الدين), ал хауариждер дінді бұзатын (هدموا الدين).**

Бұлар да хауариждер мен такфиршілер сияқты Құран мен Сүннетті және ғалымдардың кітаптарын оқып жатып, оларды түсінбейді, әрі сондықтан да мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарының жолына шақыру дағуатын бұзады. Олар ихуандарды, сопыларды, таблиғтарды, хизбуттарды, қутбилерді және сурурилерді және басқа да секталарды жайына қалдырып, күндіз-түні мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарының жолын ұстанушыларға өтірік жапсырады, жала жабады, шабуыл жасап, оларды қаралайды. Тура сол сияқты хауариждер де кәпірлерді жайына қалдырып, мұсылмандарды өлтіретін. Ал егер олар Құран мен Сүннетті түсінетін болғандарында, дінге қызмет етіп, өздеріне шақырмай, дінге шақырушы басқа да мұсылмандардың алғашқы ұрпақтарының жолын ұстанушылармен бірігіп, Құран мен Сүннетке шақырып, дағуатты нығайтар еді. Бауырлар, Аллаһ Тағала бәрін көріп естуде. Әрі олар өздерімен өздері

әуестеніп алданбасын және бетімен кетушілігінің соңы болмайды деп есептемей-ақ қойсын.

Әрі соңында мен жүрегінде осы жаңа сектантық идеямен бұзылмаған тірі еті қалған әрбір ер және әйел мұсылманды өзіне және өзінің сенімдеріне назар салуға шақырамын. Оларда Сүннетте Тозақтың иттері деп аталған такфиршілер мен хауариждермен ұқсастығы жоқ па екен! Әрі, уа мұсылмандар, осы сектанттардың тиісулерінен қорықпаңыздар!

Әрі осы жаңа сектаның негізі адамдарды қаралау екенін де ескертіп кеткім келеді. Ал Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «*Мұсылманды балағаттау – пасықтық, ал онымен соғысу – күпірлік*», - деп айтты емес пе?! (әл-Бухари 48, Муслим 64).

Әрі Аллаһ Тағала да пасықтық туралы:

﴿ يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا لَا يَسْخَرُ قَوْمٌ مِّن قَوْمٍ عَسَىٰ أَن يَكُونُوا خَيْرًا مِّنْهُمْ وَلَا نِسَاءٌ مِّن نِّسَاءٍ عَسَىٰ أَن يَكُنَّ خَيْرًا مِّنْهُنَّ وَلَا تَلْمِزُوا أَنفُسَكُمْ وَلَا تَنَابَزُوا بِالْأَلْقَابِ بِئْسَ الْأِسْمُ الْفُسُوقُ بَعْدَ الْإِيمَانِ وَمَن لَّمْ يَتُبْ فَأُولَٰئِكَ هُمُ الظَّالِمُونَ ﴾

«Әй, иман келтіргендер! Бір ел бір елді тәлкек қылмасын. Бәлкім, олар өздерінен жақсы шығар. Сондай-ақ әйелдер әйелдерді келемеждемесін. Бәлкім, олар өздерінен жақсы шығар. Бір-біріңді міндемеңдер; жаман ат тағыспаңдар. Иман келтіргеннен кейін пасық аталған нендей жаман! Ал кім тәубе етпесе, міне, солар залымдар» («әл-Хужурат» сүресі, 11-аят).

Уа, Аллаһ, бізге хақты хақ етіп көрсет әрі оған ілесуімізге көмектесе гөр. Әрі бізге өтірікті өтірік етіп көрсетіп, одан аулақ болуымызға көмектесе гөр. Әмин!

## Кәшкентай насихат

---

Бауырлар мен әпке-қарындастар,

- адамдарды айыптауды,
  - өсекті,
  - ғайбатты,
  - «пәлен айтты, түген жеткізді» дегенді,
  - «ал сендер естідіңдер ме?» дегенді,
  - «ал сендер көрдіңдер ме?» дегенді,
  - бүліктермен айналысуды,
  - «разборкаларды»
- тастаңдар да,
- өздеріңмен және өз отбасыларыңмен айналысыңдар.

Білім айналысумен айналысыңдар.

- Құран мен Сүннетті оқып-үйреніңдер.
- Араб тілін оқып үйреніңдер.
- Таухид туралы кітаптарды оқып-үйреніңдер.
- Құран мен Сүннеттің түсіндірме-тәпсірлерін ғалымдардың ауызынан араб тілінде тыңдаңдар, сонда кімнің тура жолда ал кімнің адасушылықта екенін түсінесіз.

Сүннетке сәйкес

- намаз оқуды,
- ораза ұстауды,
- зекет беруді,
- қажылық жасауды оқып-үйреніңдер.

Пайғамбарлық мінез-құлықты және сахабалардың мінез-құлықтарын оқып-үйреніңдер.

Олардың айналада болып жатқан барлық нәрселерге деген көзқарасы қандай болғанын оқып-үйреніңдер.

Осы жоғарыда айтылғандарды өздері де оқып үйренбейтін, әрі сіздердің олардан айырықша болуын қаламайтын, әрі соларсияқты надан болып қала берулеріңізді қалайтындарды тастаңдар.

Арабтың бір ақыны былай деп айтқан екен:

*Кез-келген ұры баршаның ұры болғанын қалайды,*

*Өйткені осылайша оны ешкім ұры деп айыптамайды.*

*Бұзық әйел де, ешкім оған «зинақор» деп айтпауы үшін,*

*Барлық әйелдің бұзық болуын армандайды.*

## Дағуат туралы

---

Аллаһ Тағала былай дейді:

قُلْ إِنَّ هُدَى اللَّهِ هُوَ الْهُدَى

**«Айт: «Аллаһтың жолы – бұл Тура жол» («әл-Бақара» сүресі, 120-аят).**

Тура жол дегеніміз – бұл Аллаһтан және Оның Елшісінен келген нәрселер. Сондықтан да адамдар дінге шақыруда ойдан шығарған:

- нашидтер (діни тақырыптағы әндер);
- қиссалар мен әлемдік жаңалықтардың негізінде дағуат жасау;
- «ислами» деп аталатын фильмдер т.с.с әдістер ТУРА ЖОЛ болуы МҮМКІН ЕМЕС.

Имам Малик, Аллаһ оны рахымына бөлесін, былай деген: «Сол күні (яғни Пайғамбар мен оның сахабалары өмір сүрген кезінде - ауд.) дін болмаған нәрсе ешқашан дін болмайды».

Әрі ең таң қалдыратыны әрі қорқыныштысы – бұл осыны білетін адамдардың мұны тез ұмытып қалатыны.

Осыдан екі не үш жыл бұрын бір бауыр басқаларға ішінде бір арабтың өз түсін айтып беретін христиан туралы видеосын жіберетін бір дағуатшыға сөгіс білдіріп сөйлеген еді. Ол видеода бұрын христиан болған әлгі адам өзінің қағаздан жасалған оригамиді көріп Исламды қабылдағанын айтып беретін.

Әрі Аллаһтың мейірімімен осы бауыр сол дағуатшыны дағуаттағы осы манхаждың Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) манхажына сәйкес келмейтініне әрі мұндайды істемеу керек екеніне сендірген болатын.

Ал осы күні сол бауырдың өзі өз сайттарында оңбағандықтарды таратып, ауыздарына келген нәрселерді айтып дағуат жасап жүргендерді қорғап жүр. Әрі осының барлығы Сүннет және Исламға шақыру деген ұрандармен бүркелуде. Аллаһтан қорлыққа түсуден сиынамыз.

Бауырлар, Аллаһтан жүректерімізді дұрыс ақида мен манхажда бекем етуін сұраңдар!

## Бидғатшылар істей аламаған нәрсені істемендерші!

---

Сіздер ихуандар, таблиғтар, такфиршілер, жиһадшылар, сопылар, т.с.с. хизбилер мен бидғатты ұстанушылар не нәрсені бәрінен артық көксейтіні туралы білесіздер ме?

Олардың барлығы сәләфилердің ешқашан мінберлерге көтерілмеуін тілейді, мейлі ол мешіттердің мінберлері немесе интернеттегі мінберлер болсын. Өйткені олар егер сәләфилер мінберлерде тұратын болса, олар адамдарға әуелгі ізгі ұрпақтардың түсінуіндегі Құран мен Сүннетті жеткізетінін және адамдар бидғат пен әуес-қалауларды ұстанушылардың шынайы бетін танитын болатынын біледі әрі түсінеді.

Жоғарыда аталған секталар осы үшін қаншама күш жұмсағанын және жұмсап жатқанын білесіздер ме? Бірақ бұған қарамастан олардың қолдарынан ешнәрсе келмеді, әрі келмейді де.

Бірақ өздерін осы ардақты шақыруға, яғни сәләфия дағуатына телитін жастар келді, әрі олардың жүректерінде не бар екенін бір Аллаһ біледі, өйткені олар бидғаттың жақтаушылары істей алмаған нәрсені жасады.

Бұл бауырлар сәләфилерге мінберлерге көтеріліп адамдарға Құран мен Сүннетті үйретуге кедергі жасап қана қоймады, олар осы мінберлерді қиратып жатыр. Олар әуелгі ізгі ұрпақтардың жолын ұстанушылардың арасына іріткі салды. Олар адамдарды білімді адамдардан және пайдалы білімдерден алыстатуда! Олар өздерінің іс-әрекеттерімен осы ардақты шақыруға кір келтіруде әрі адамдардың сәләфиядан бет бұруына себеп болып жатыр.

Уа бауырлар! Аллаһтан қорқындар! Сендер мәңгі емессіздер! Қиямет Күні болады!

*«Ақиқатында, Қиямет Күні менің үмметімнің ішінен дәрменсіз жарлы (муфлис) болатын – ол намаздарымен, оразасымен және зекетімен келетін, бірақ біреудің намысын қорлағаны, басқаға жала жапқаны, өзгенің мал-мүлкін иемденгені, біреуді ұрып соққаны (анықталған) адам болады. Сонда оның жақсы амалдарынан (әлгі одан зиян шеккен) пәленге және пәленге берілетін болады, ал егер оның*

*жақсы амалдары ол есептесіп болғанша бітіп қалса, онда (одан зиян шеккендердің) күнәларынан әлдебір нәрселер алынып оның мойнына қойылады да, сосын ол Тозаққа тасталады»,* - деген Муслим жеткізген хадисті естеріңе алыңдаршы. Хадисте қарапайым мұсылманға көрсетілген зұлымдық пен әділетсіздіктің өте нашар салдары туралы сөз болуда, ал енді ғалымдарға, білім талап етушілерге, дінге шағырушыларға немесе дағуаттың өзіне жасалған әділетсіздік пен зұлымдық туралы не айтуға болады. Әрі әлгі залымды оның оқыған намаздары да, ұстаған оразалары да, берген садақалары да құтқара алмағанына назар аударыңыз, міне, тура сол сияқты сендер алған және таратып жатқан білімдерің де сендерге көмектеспейді!

Уа, бауырлар! Сендер мына аятта айтылатындардың қатарынан болып қалудан қорықпайсыңдар ма?

**«Ал енді кімнің таразысы жеңіл тартса, міне олар өздерін зиянға ұшыратқандар. Олар тозақта мүлде қалады. Олардың беттерін от өртеп, олардың онда тістері ақсиып қалады. (Оларға:) "Өздеріңе аяттарым оқылғанда оны жасынға шығармадыңдар ма?" (- деп айтылады). Олар: "Раббым! Сорымыз жеңіп, адасқан бір ел екеміз ғой", - дейді. "Раббымыз! Бізді бұдан шығар! Сонда егер қайта күнәкар болсақ, шын залымбыз", (- дейді). Оларға: "Сонда сіңіп, жоғалыңдар! Маған сөйлемеңдер", - деп айтылады. Құлдарымнан бір бөлігі: "Раббымыз! Иман келтірдік, бізді жарылқа! Және бізге мәрхамет ет. Сен мәрхамет етушілердің ең жақсысысың", - дейтіндер бар еді. Сонда сендер оларды келемежге алып едіңдер. Тіпті оларға күлдерің Мені еске алуларыңды мүлде ұмыттырған еді. Рас бүгін Мен оларды сабыр еткендіктері себепті сыйға бөледім. Олар анық мұратқа жеткендер»** («әл-Муминун» сүресі, 103-112 аяттар).

Ал егер сендердің Ақыретке деген имандарың әлсіз болса, онда мына хадисті еске алыңдар: *«Адам үшін Ақыретте дайындалып қойылған*



*жазаға қоса Аллаһтың бұл дүниедегі жылдам жазалауына бәрінен көбірек туысқандық қатынасты үзу және әділетсіздік (зұлымдық) секілді күналар лайықты болады». Қ-з: «Сахих әл-адаб әл-муфрад».*

Уа, бауырлар, өздеріңді өздерің аясаңдаршы! Осының барлығы сендер үшін жазасыз қалады деп ойлайсыңдар ма? Тарихта дағуатты бұзғандар және бүлік екендер ретінде қалмаңдар! Болашақ ұрпақтар лағынеттейтін қауымға айналмаңдар!

Аллаһтан қорқыңдар! Осы ардақты шақыруға мейірім танытыңдар! Мұсылмандардың бұқара қауымына мейірім танытыңдар!

Аллаһпен (оның дінімен) соғыспаңдар, ғалымдар, білім талап етушілер мен дағуатшылардан тұратын Оның әулиелерімен соғыспаңдар!

Уа, Аллаһ Сенің құлдарыңның ішіндегі ықыласты болып адасқандарын түзей гөр әрі оларға хақты хақ етіп көрсетіп оған ілесуіне көмектесе гөр, әрі оларға өтірікті өтірік ретінде көрсетіп одан аулақ болуға көмектесе гөр!

Уа, Аллаһ, ал кім мұны өзінің жеке мүдделерін көздеп, атақты болуды қалап, өзінің және өз пікірінің айналасына адамдарды жинауды немесе осы дүниенің әлдебір игіліктерін көксеп істеп жатқан болса, онда оны жоқ қылып, бұл дүниеде оны Өзіңнің жаратылыстарыңның алдында қор ете гөр, әрі одан бізді Өзің қалағанындай құтқара гөр! Әмин!

## Аудио жолдаулар

---

«Обращение к саләфитам СНГ».

«Страшные слова Ибн Таймии, как никогда актуальные для многих из тех, кто слепо следует за русскоязычными проповедниками».

«Ясные и неясные высказывания».

«Не войдет в Рай сплетник».

«Кого слушать, кого нет».

«Об оболыщении болшинством».

«Обращение к алматинской молодежи, которым «промыли мозги»».

«Оставьте тех кто сеет смуты».

«Очень важная саяфитская основа».

«Пример разногласия ученых».

«Как относиться к ошибкам ученых».

«Опровержение такфиристам».

«Научное опровержение очередному обвинителю».

«Важные основы и формулы против тех, кто вводит новшества в религию Аллаха».

«Трехслойный фильтр».

«Предостережение от фондов».

«Наша салафия должна быть такой, как этого желает от нас Аллах. А не такой, как мы сами этого хотим».

«Скажи: «Путь Аллаха – это ПРЯМОЙ путь». Сура «эл-Бақара», аят 120.

[СКАЧАТЬ ФАЙЛЫ ИЗ ПАПКИ ЯНДЕКС.ДИСКА](#)

## Соңғы сөздің орнына

---

Біздің құрметті бауырымыз Ринат, Аллаһ оны және оның жанұясын амандықта сақтасын, осы еңбектің алғашқы жазылған нұсқасын беттеу үшін жібергенде, оның мұқабасын безендіру идеясы ойға бірден-ақ

келе қойды, яғни Құран мен Сүннеттен алынған әрі салиқалы ғалымдардың сөздерінен жеткен айқын дәлелдердің үлкен мөлшерін бейнелеп көрсететін алпауыт, көрікті әрі қуатты самосвалды көрсету.

Бұл дәлелдер жүктелген самосвалдың бейнесін Ринат бауырдың өзі лекцияларының бірінде «Сенімен айтысқысы келіп тұрған бүлікшілерге, адасқандарға және әуес-қалауларына ілесетіндерге қалай жауап беру керек» деген тақырыпты түсіндірген кезінде мысал ретінде былай деп келтірген болатын: «Оның үстіне дәлелдердің үлкен самосвалын аудару салу керек, әрі ол олармен өзі сөйлеуі үшін оны тастап кету керек. Бірақ бұндай самосвалға ие болу үшін үнемі әрі тұрақты түрде оқу керек – күндіз-түні білім талап ету керек». Исламдағы ғибадаттың осы түріне тек осындай тәсіл қолдану арқылы ғана Аллаһтың қалауымен ешқандай бүліктер мен сынақтарға қарамастан өзіңді тура жолмен жүруші мұсылман ретінде сезінуге болады.

Мұқабада техниканың осы түрі бейнеленуінің тағы бір себебі – бұл алпауыт машиналардың әдетте үлкен кен орындарында пайдалы қазбаларды алып шығу үшін бірнеше ауысыммен күндіз-түні істейтінінде де.

Бауырлардың бізге Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) және әуелгі ізгі ұрпақтан қалған мирасты оқып-үйрену және оны адамдарға тарату жолында қандай ыждағаттылықпен жұмыс істеп жатқанын білгендіктен, бұл бейненің «К Исламу» сайтының жасап жатқан іс-әрекетінің мән-мағынасын көрнекі түрде жеткізетініне күмәніміз болған жоқ.

Иә, жұмыс өте, өте, өте көп, әрі осы жолда Аллаһ Тағала бізге күш-қуат беріп және бізді бағыттап тұрғанға дейін тер төгуіміз керек. Бүліктерге көңілімізді бұрмай жұмыс жасауымыз керек.

«К Исламу» — бұл білім беретін жоба, сондықтан да оның логотипінде «Білім – сөздер мен амалдардан бұрын!» деген ұран лайықты орынын алған.

Құрметпен «К Исламу» сайтының редакциясындағы бауырларыңыз.